
ОНОМАСТИКАЛЫҚ ХАБАРШЫ

**№ 2 (32)
2016**

**Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы
Республикалық ономастика комиссиясының бюллетені**

**ОНОМАСТИКАЛЫҚ
ХАБАРШЫ**

№2 (32)

Құрылтайшы:

Қазақстан Республикасы Мәдениет
және спорт министрлігі
Тілдерді дамыту және қоғамдық-
саяси жұмыс комитеті

*ҚР Ақпарат министрлігінде
тіркеліп, тіркеу туралы
2004 жылғы 11 тамызда
№5336 – Ж куәлігі берілген.*

**Редакциялық алқаның
төрағасы:**

А. Мұхамедиұлы

Редакциялық алқа құрамы:

А. Райымқұлова
Қ. Асыллов
Ғ. Мелдешов
Ж. Ерғалиев
А. Смағұлов
Х. Әбжанов
Н. Уәли
А. Жартыбаев
С. Иманбердиева
Д. Қыдырәлі
С. Әбдірахманов
Т. Жақсылықов
Т. Қышқашбаев
М. Серікбайұлы
Н. Жүсіп
С. Негимов

Бас редактор

Қ. Әбіл

О. Асангазы

Мемлекет және қоғам қайраткері

Ақорда – алтын бағана

Қандай да болмасын мемлекет даму барысында өзінің ұлттық келбетін қалыптастыруды негізгі бағыттардың бірі ретінде ұстанады. Тарихи қайнарларға бет бұру – сол мемлекетте өмір сүретін азаматтардың тарихи жадын, рухани болмысын, отансүйгіштік сезімін қалыптастыруға игі ықпал етеді. «Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту» деген Б. Момышұлының сөзі өте салмақты. Осындай рухани үрдіске тоқталғанда мемлекет мән беріп отырған ономастикалық жұмыстарды арнайы атап өтпекпіз. Астана қаласының ономастикалық ажары жылдан-жылға жаңарып, бүгінгі заманғы Қазақстанның ұлттық тарихи келбетін танытып келеді. Бұл өте маңызды мәселе.

Біріншіден, Астана – Қазақстан Республикасының егемендігін бейнелейтін жаңа тұрпаттағы қала. Яғни, бұл қалада Қазақстанның тарихи дамуын, қазақ халқының бай төлтумалық дәстүрлерін, ұлттың дара келбетін көрсететін ономастикалық айғақтар болуы тиіс. Мемлекет астанасында ұлттың тарихи жады айқын көрініс табуы табиғи құбылыс. Екіншіден, Елорда құрылысы XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басындағы еуразиялық алып жоба болып табылады. Астананың қарқынды өсуі Қазақстанның қол жеткізген жетістіктерінің айғағы екені күмәнсіз. Елордалық тұрғындар саны 3 есе өсіп, қала аумағы 4 есеге жуық ұлғайды. Яғни, қалада жаңа әкімшілік орталық, жаңа даңғылдар мен көшелер, алаңдар мен гүлзарлар, нысандар салынды. Осыларға атау қою қажеттілігі туындады. Үшіншіден, Астана – Шығыс пен Батыс нақыштары тоғысқан ірі мегаполис, үшінші мыңжылдық қаласына айналууда. Мұнда халықаралық деңгейдегі кездесулер, әлемдік маңызы бар шаралар өткізіле бастады. Соған орай халықаралық ұйымдардан, әлемнің әртүрлі елдерінен ресми делегациялар, қоғам, мәдениет қайраткерлері, туристер келуде. Қонақтар Қазақстанға келгенде осы мемлекетке атау берген ұлттың тарихи-мәдени болмысымен, салт-дәстүрлерімен, жетістіктерімен танысады. Төртіншіден, Астана Қазақстан Республикасының астанасы мәртебесіне ие болғанға дейін бұл қалада кеңестік жүйеден қалған көптеген ономастикалық атаулар сақталып келген. Осы отарлық, тоталитарлық жүйе белгілерінен арылу жұмыстары жүргізілуі тиіс. Бесіншіден, Астана ономастикалық ажары жағынан да еліміздің басқа өңірлеріне үлгі болуы тиіс.

Ұлттың рухани өзегі тіл десек, соның бөлінбес бөлшегі, біте қайнаған нәрі – ономастика саласы. Осындай игі шаралардың бір парасы – Қазақстанның ономастикалық атауларын қалпына келтіру. Бұл үрдіс Астана қаласында қарқынды



жүріп жатыр. Астананың ономастикалық бет-бейнесін қалыптастыруда, негізінен алғанда, мынандай мәселерге айрықша көңіл бөлініп отыр: тәуелсіздік, Қазақстан халқының тұтастығы мен бірлігі идеяларын айқындау мен насихаттау, тарихи сабақтастықты сақтау, Қазақстанның мәдениеті мен мемлекеттік тіліне деген құрметті қалыптастыру, қазақ халқының тарихи-рухани бастауларын таныта алатын атаулар беру, қазақстандық отансүйгіштікке баулу. Осы міндеттерді жүзеге асыру үшін бірқатар шаруалар атқарылды. Елордамыз Ақорданы алтын бағана ете отырып, бүгінде қанатын кеңге жайып, Сарайшық, Тұран, Хан Шатыр секілді атаулармен толығыуы қуанарлық әрі құптарлық жағдай. Астана қаласы әкімдігінің қаулысымен және Астана қаласы мәслихатының шешімімен 2006 жылы Астанада 113 көше қайта аталса, 2007 жылы 145 атаусыз көшеге атау беріліп, 154 көше қайта аталды.

Астана еліміздің бас қаласы болғандықтан Қазақстанның тарихи, мәдени, географиялық дидарын беретіндей атаулар болуы тиіс. Осыны басшылыққа ала отырып, ономастика комиссиясы көптеген көшелерге қазақ жерінің байырғы атауларын беруді дұрыс деп тапты. Атап айтқанда, қаладағы көшелерге Қаратау, Еділ, Қаратал, Балқантау, Зеренді, Марқакөл, Аспара, Жаңаөзен, Абыралы, Меркі, Үстірт, Аягөз тағы сол сияқты жер-су атаулары берілді. Бұл атауларды таңдауда және бекітуде олардың тарихи маңызы және байырғы болмысы санатқа алынды. Сөйтіп, Қазақстанның барлық өңірлерінен осындай талаптарға жауап беретін атаулар іріктелінді. Еліміздің жаңа тарихтағы даму жолы – Астанамен тікелей байланысты екендігі белгілі. Соған орай, бұл қала Қазақстанның кешегісі мен қазіргісін, бағзысы мен бүгінгісін тарихи жағынан да, рухани жағынан да сабақтастыруы тиіс екендігі мәлім. Астана көшелері мен даңғылдарын тарихи оқиғалар мен тарихи тұлғалардың есімдері айшықтап тұруы заңдылық. Сондықтан ономастика комиссиясы бірқатар тарихи оқиғаларға қатысты атауларды және тарихи тұлғалардың есімдерін беруді ұйғарды. Атап айтқанда, Күлтегін, Асанқайғы, Қадырғали Жалайыри, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ыбырай Алтынсарин, Сүгір Әліұлы, Ілияс Есенберлин, Ықылас Дүкенұлы, Ағыбай батыр және т.б. Өткен ғасырдың басында халқымыздың тәуелсіздігі үшін күрескен, арттарына мол рухани мұра қалдырған Алаш қайраткерлерінің есімдері де Астана көшелеріне берілген болатын. Олардың ішінде Мұстафа Шоқай, Әлімхан Ермеков, Халел Досмұхамедұлы, Жаһанша Досмұхамедұлы, Телжан Шонанұлы, Сұлтанбек Қожанұлы, Ғұмар Қараш сияқты тұлғалар бар. Қазақ тарихында өзіндік ерекше орны бар Қозыбасы, Аңырақай, Арқайым, Қазығұрт, Бұланты, Абат-Байтақ, Саққорған сияқты тарихи жер атаулары да елорданың жаңа атауларының қатарынан орын алды. Халқымыздың күрделі тарихи өткелдерден өтуінде қазақтың батыр, өнерпаз, даналығымен көзге түскен қыздарының еңбегі айрықша болғаны тарихтан белгілі. Олардың есімдерін Астана көшелеріне беру – бүгінгі ұрпақтың бойына имандылық, мейірім, адамгершілік сезімдерін

ұялатуға ықпал етері сөзсіз. Бұл ретте Жұбан ана, Домалақ ана, Қарашаш ана, Айша бибі, Ұмай ана, Тұмар ханым, Ұлпан, Айғаным, Дина, ақын Сара, Ұлбике ақын есімдерін айтамыз. Қазақ халқының тарихи-мәдени дамуына бірқатар өзге ұлт өкілдерінің үлес қосқаны мәлім. Солардың ішінде көше атаулары Мәриям Жәгорқызы, Әбубәкір Диваев, Василий Бартольд, Николай Хлудов есімдеріне ие болды. Жаңа атауларға ие болған көшелерге мемлекеттік гимннің авторлары Шәмші Қалдаяқов пен Жұмекен Нәжімеденов есімдері де берілді. Кейбір көшелерге қайта атау беруде бір тарихи оқиғаның бірнеше рет қайталануы да есепке алынды. Мәселен, Ұлы Отан соғысына байланысты атаулар көптеп кездеседі: Жеңіс даңғылы, Кеңес Одағының батырлары құрметіне қойылған ондаған атаулар. Сондықтан 9 май көшесіне қазақ халқының батыр қызы Ә.Молдағұлованың есімі берілді. Сондай-ақ кейбір атаулар түзетілді. Айталық, «Қ.Мұңайтпасов көшесі» бұдан былай «Қажымұқан көшесі» деп аталатын болды. Сондай-ақ, бұрын бірімен бірі тіркесіп жататын Республика даңғылы мен А. Пушкин көшесі біріктіріліп, тұтастай «Республика даңғылы» деп аталатын болды. Ал, Л. Гумилев пен Мажайский көшелері біріктіріліп, оған «Александр Пушкин көшесі» деген жаңа атау берілді. Бұларға қоса, Сарыарқа даңғылының көпірден кейінгі бөлігі – «Тұран» даңғылы, Софиев тас жолы – «Алаш тас жолы», Рождественский тас жолы – «Қарқаралы тас жолы» деген атаулармен аталатын болды.

Қазақта «Аяғын көріп, асын іш» деген аталы сөз бар, қаланың сыртқы жарнамасы да сол сияқты. Күнделікті тірлікте көзге үйреншекті болып кеткен көрнекі ақпарат пен жарнаманың сапасы көбінесе сын көтермей жатады. Ал қала қонақтарына ең алғашқы ақпаратты дәл осы сыртқы жарнамалар беретіні белгілі. Қаланың жарнамасы, көрнекі ақпаратпен жұмыс ешқашан күн тәртібінен түскен емес. Жіті қадағалап, тынымсыз еңбекпен жұмыс істеп келеміз.

Астана қаласының ономастикалық нысандарына атау беру барысында Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Тарих толқынында» кітабында тиянақталған қазақ халқының рухани даму тарихындағы кезеңдерді басшылыққа алу – еліміздің сан ғасырлар бойғы тарихымен, бірегей мәдениетімен танысуға мүмкіншілік туғызады. Астана болашаққа қадам баса отырып, әлемге тек өзіндік сәулеттік болмысымен ғана емес, ономастикалық атаулардың ғасырларға тамырын терең жайған тарихи мәнді мазмұнымен де ерекшеленетін болады. Елордамыздың жаңа әкімшілік орталығы ғимараттарында, ескерткіштерінде, көшелері мен алаңдарында өткен тарихымызды, бүгінгі болмысымызды, жарқын болашағымызды танытатын атаулар тұрса, оны ашық аспан астында көзбен көріп, оймен шолған шетелдіктер, қала қонақтары, барша қазақстандықтар Отанымызды тұғыры берік, туы биік, тәуелсіздігі баянды ел ретінде қабылдайтыны сөзсіз.

Қ. Бекішева

*Қызылорда көпсалалы гуманитарлық–
техникалық колледжінің оқытушысы*

Қазақ батырлар жырларындағы жер-су атауларының поэтикасы

Тарихи дерек көздеріндегі эпостық жырлар мен қазақ фольклорындағы топонимдердің ұлт санасындағы ізін анықтау мәселесі қазіргі таңдағы күрделі мәселелердің бірі болып отыр. Ежелгі қазақ өркениетінің «алтын қорына» айналған батырлар жырындағы жер-су атаулары ұлтымыздың мәдени феномені ретінде оның топонимдік жүйесін айшықтандырып, ерекшелендіріп тұрады. Әрбір азамат тарих қойнауына тереңдеу арқылы өзінің ата-бабалары қалдырған кең байтақ жердің лайықты мұрагері болуға тиіс болса, оның жер-суына қойылған атаулар туралы мүмкіндігінше соншалықты көп білуге тиіс деп білеміз. Батырлар жырындағы топонимдер мағынасы жағынан сан алуан болып келеді. Олар мағыналық тұрғыдан қоршаған ортаның геофизикалық ерекшеліктерін сипаттайтын топонимдер, жан-жануарлар дүниесіне байланысты топонимдер, адамның іс-әрекеті мен тұрмыс тіршілігіне, өсімдік әлеміне байланысты топонимдер. Қазақ фольклорының тарихи сипаты басым көркем де құнды саласы – эпостық жырлар. Эпос деп оқиғасы ел, халық өмірінен алынған, образдары ірі, әрі кемелді түрде жасалып, батырлық немесе ғашықтық сюжетке құрылған үлкен-үлкен эпикалық жыр-дастандарды айтамыз. Қазақ эпосы бірде ерлікті, батырлықты дәріптеп, ел қорғау, отаншылдық сарынға құрылса («Қобыланды», «Алпамыс»), бірде феодалдық қоғамдағы әйел теңсіздігін арқау етіп, махаббат тақырыбына байланысты қалыптасқан топонимдер болып жіктеледі. Көненің көзіндей тілдің қат-қабат қойнауларында сақталып келген жер-су атауларының сыры мол. VIII ғасырдағы түріктердің үлкен жауы – араб, XIII ғасырда – моңғол, XVIII ғасырда – жоңғарлар болғаны тарихтан белгілі. Бірақ осы тарихи оқиғалардың ізі қазақ эпосында «қызылбас», «қалмақ» деген атаулармен ғана бітеді. Асылы түрік қағанаты ішіндегі тартыстарды да ескеру қажет. Олар бір ғана Қытай, Иран елдері емес, ұйғыр, қырғыз, қай, кеден, телес, тибет, түркеш тайпаларымен де жауласқан. Профессор Ә.Қоңыратбаев: «Қазақ батырларын тарихи геройға ұқсатып, Иранға жібергеннен гөрі, жыр оқиғасын оғыз-қыпшақ дәуірінен ізденген нақтырақ емес пе? Түркі тайпаларының эпосында түрлі шыжымдар бар. Оны «Бозғұлан», «Гургули» және көптеген қазақ жырлары аңғартады. Тарихи адам керек болса, Қазан аты «Қорқыт ата кітабында» бар. Осы жағдайларды ескере келгенде, біз эпос атаулы бір ғана империя аралығындағы күрестерді емес, сонымен қатар Түрік қағанаты, оғыз ұлысы, ноғайлы дәуіріндегі тайпалар арасындағы бүліншіліктерден де хабар береді дейміз. Осы бүліншіліктер бір кезде тұтас жүрген тайпалардың жіктелуіне әкелген еді» - дей келе, қазақ батырларын өз жеріміздегі көрсеткен ерліктері арқылы танығанмыз дұрыс болар деген тұжырым айтады [1-164 бет].

Олай болса біз қазақ эпосы қай кезде туды деген мәселені сөз еткенде, оны ең алдымен тарихи оқиғалар ізінен, мифтік діни ұғымдардан, жер-су, кісі аттарынан іздеуіміз шарт. Сонда ғана қазақ эпосына таптық сана қай кезде ене бастаған, фольклордағы мифологиялық ойлау қалай туған, тайпалық, ұлттық, халықтық сипат қалай орныққан деген мәселелерге дұрыс жауап бере аламыз. «Барлық эпос геройларын мезгіл-мекенсіз социологиялаудың берері жоқ. Мұның бәрі фольклордағы фантазия қуаты мен көркем ойлаудың, тілдік құбылыстардың өркендеу процесін рухани мәдениет тарихына жақындата келіп зерттеуге жол ашады. Әрбір образға әдеби мінездемемен қатар, тарихи түсінік беріп отыру шарт. Көркем ойлау, көшпелі өмірде сапа мен тілдің табысы, рухани жағынан ең марка құбылыс болса, түрлі тарихи формацияларға синантроп, антропология, неолит, андрон мәдениеті деп келуден гөрі, фольклор тарихы арқылы келу мақсатқа көп жақын» - дейді әдебиеттанушы ғалым Ж.Тілепов [2-253 бет].

Ш.Уәлиханов: «...қазақ халқының өміріндегі сұмдық ауыр уақыт болды. Жоңғарлар, Еділ бойының қалмақтары тұс-тұсынан қазақ ұлыстарын қырғынға ұшыратты, малдарын айдап әкетті, қазақтардың бүкіл семьяларын тұтқындап алды» деген [8-152 бет].

Мәселен, «Батырлар жырының» екінші томында жарияланған «Арқалық батыр» жырының беташары былайша ашылады:

Ал енді егіз жатқан керей, найман,
Шығады сөз болмаса қайдан мизан.
Қазақтың хан билеген заманында,
Жау бопты қазақ, қалмақ барымта алған.

Жыршы тыңдаушы зейінін, назарын бірден аудару үшін жырламақ батырының жыры қай елде, қай жерде, қай уақытта болғандығымен бастайды. Шумақта екі рудың аты қатар аталады. Ол керей, найман. Керей, наймандардың жер мекендері Орталық Қазақстаннан басталып, Жоңғар тауларына дейін созылып, Жетісу жерімен шектеледі. Негізінен мал шаруашылығымен айналысқан көшпенді қазақтар өзен-сулы өңірлерді қоныс еткен. Өздері тұрған өңірлерді ерекше әспеттеп, лайықты атаулар қойған. Мұндай атаулар ұрпақтан-ұрпаққа ауыса отырып, сол мәні өзгермеген күйінде бізге жеткен. Жазба деректерге сүйенсек, аймақтың ең үлкен өзені Сырдарияның «Кангар» деп аталғанына көз жеткіземіз. Себебі, Сырдария өзенін сол алқаптағылар қала аттарынан Шам өзені, Ходжент өзені деп атап кетсе, VII ғасырда Сыр бойының орта ағысында қаңлы тайпасы өмір сүріп, өзен сол тұста Кангар деген атау иеленген. Бұл негіз топонимиканың құрылымы жер қойнауын мекендеген ұлыс, тайпа атауларын ерекшелетінін көрсетеді. Сөйтіп, эпостық жырлардағы жер-су аттарын лексика-семантикалық классификациялаудың маңызы мен мәнін аша отырып, олардың табиғат пен қоғамдық өмірге арақатысы дәрежесінен молынан хабардар етуге болады. Осылай десек, халық өмірінің әр кезеңдерінде пайда болған мәдени



құбылыстар мен өзгерістердің өмірге жаңа топонимдер әкелетінін, сөйтіп топонимдер жүйесінің берік қалыптасуы мен қызмет етуіне ықпал жасап отыратынын бағамдауға болады. Сонымен, біз зерттеуімізде батырлар жырындағы жер-су аттарының топонимдік жүйесінде төмендегідей лексика-семантикалық топтарды айқындадық:

1. Семантикасы күңгірт топонимдер: Одыр, Бажы, Бұзай, Қилу, Сауыртау, Ындыс, Шамшықай, Ақұшан, Қауыс-қаусар;

2. Географиялық объектілердің түр-түсіне байланысты топонимдер: Қарааспан тауы, Ақбұлақ өзені, Қара Ертіс, Қазалқұм, Жирен копа, Жирен көл, Бурыл тоғай, Қараөзек, Ақбұршақ өзендері, Ақсай, Алатау, Қаратау, Сарысу;

3. Географиялық объектілердің түрлі сапалық белгісіне байланысты топонимдер: Балды көл, Ащы сай, Шегірлі көл, Тасқия, Қорған бұлақ, Тентек сай;

4. Антропонимдерден құрылған топонимдер: Мәдение, Төленті, Аманбай, Есембай асулары;

5. Өсімдік дүниесіне, жеміс-жидек атауларына байланысты топонимдер: Қайыңды көл, Шеңгелді, Талды көл, Жыңғылды, Дермене.

6. Жан-жануарлар мен құстар атауларына байланысты топонимдер: Бурылтай, Қырапқыстауы, Құланай, Түлкібас, Қасқырлы сай, Құланды, Ешкіқара, Аюсай, Тайқоңыр;

7. Салыстыру, теңестіру және оқиға негізінде қойылған бейнелі топонимдер : Қыземшек тауы, Қыздыкөл т.б.

8. Географиялық объектілердің айрықша белгілеріне ыңғайластырып қойылған сандық топонимдер: Төрткөл, Бесоба;

9. Күнделікті тұрмыстық тұтыну зат атауларына байланысты қойылған топонимдер: Құмыра көл, Айнакөл, Шөмішті т.б.

10. Адамның дене мүшелерінің ішкі ағза атауларына байланысты семантикалық сипаттағы топонимдер: Қыземшек тауы, Қосқол;

11. Өзге ұлттар лексикасынан туындаған топонимдер: Елек, Үргеті, Төленті.

Қазақ эпосының тарихылығын сөз еткенде, бір ғана ру, тайпа, халық шеңберінде қалмай, сюжеттерді бүкіл Орта Азия, Алтай, тіпті Шығыс әлемі деңгейінде салыстыра зерттеу керек. Ертедегі космологиялық нанымдар, әлеуметтік құрылысы күрделі елдердің басынан өткен болса, эпосты отбасы, ошақ қасында зерттеу пайдасыз. Қазақ эпосын тарихи желіге қойып дұрыс топтастырған ғалым Ә.Марғұлан болды. Ол оғыз-қыпшақ эпосын мынадай дәуірлерге бөлген:

1. Көне дәуірде туған эпос (V – XII)

2. Тарихи дәуірде туған эпос (XIII – XIV)

3. Ноғайлы эпосы (XV–XVI)

4. Жоңғар шапқыншылығына байланысты туған эпос (XVIII)

5. Ішкі қанаушылар мен хандарға қарсы күресті суреттейтін эпос.

6. Совет заманында туған эпос.

Бұл бөлініс тарихи принципке негізделген. Түркі тайпаларының ерте замандарда Алтай, Тянь-Шань өлкелерінде қоныс тепкенінде дау жоқ. Ондағы сыртқы жау-табғаштар болғанын да жетік білеміз. Эпосты кенжелетіп феодализм дәуірімен тұмшалау қандай сыңаржақ болса, оның тегін тайпа, этногенезден бөліп қарау да сондай сыңаржақ екенін әбден түсінуге тиіспіз. Осы жайларды ескере отырып, Ә.Қоңыратбаев қазақ эпосын өзінің тегі мен жанры жағынан он салаға бөледі:

1. Ертелік эпос («Ер Төстік», «Құла мерген» т.б).
2. Түрік қағанаты дәуірінде туған жылнамалық эпос («Орхон» жазулары, «Күлтегін» жыры).
3. Оғыз эпосы («Қорқыт ата кітабы», «Оғызнама»).
4. Тайпалық эпос («Алпамыс», «Қобыланды», т.б.).
5. Лиро-эпос («Қозы Көрпеш», «Қыз Жібек»)
6. Ноғай эпосы («Орақ-Мамай», «Қарасай-Қази»).
7. Тарихи эпос («Досан батыр», «Бекет», 1916 жыл поэзиясы).
8. Шығыс дастандары («Рүстем-Дастан»).
9. Авторлық эпос («Еспенбет», «Өтеген батыр», т.б.).

10. Совет эпосы (Аманкелді, Төлеген туралы жырлар). Көшпелі қоғам жағдайында туып өркендеген қазақ, қырғыз, өзбек түркімен эпосы аз болсын, көп болсын ру, тайпа өмірі мен көшпелі салтты кеңінен суреттейді. Қазақ баласының кең байтақ даласында, оның әр тасы мен бұтағына, әр белес обасына белгілеп ат қоюы ата-бабасынан бермен келе жатқан ұлттық үрдісі. Жер-су атаулары географиялық белгі ретінде мекен-жайлық қызмет атқарып қана қоймайды, сондай-ақ сол жерді мекендеген халықтың, қауымдастықтың салт-дәстүрін, ой-санасы, рухани болмысын, бойына жинақтаған кумулятивтік (әлеуметтік) маңызы зор мәдени құндылық болып табылады. Көркем мәтіндегі жалқы есімдердің (оның ішіндегі жер-су аттарына байланысты) қолданылу ерекшелігін сөз еткенде, оның қатарына ауыз әдебиеті шығармалары да жататын болғандықтан батырлар жырындағы жер-су аттарын бөліп алып қарастырдық. Мысалы, «Қобыланды батыр» жырының антропотопонимикасына эпос кейіпкерлерінің көптеген фольклорлық есімдері мен эпос сюжетіндегі оқиғаларға тікелей қатысатын адам аттары жатады. Олар төмендегідей антропонимдер: Қобыланды, Тоқтарбай, Аналық, Құртқа, Қарлыға, Қараман, Орақ, Қазан, Көбікті, Қарақозы, Аққозы, Қаражанұлы Қосдәулет, Қара Бұқан Қарауыл, Беқауыл, Алшағыр, Қанікей, Тінікей, Қарлығаш, Маңлұқ, Зарлық, Қамқа, Ағанас, Тоғанас, Нарқызыл, Қарабатыр, Есімбай, Бөкенбай, Омар, Ақтайлақ, Қара дәу, т.б. Белгілі қазақ фольклортанушы профессор Ә. Қоңыратбаев эпостағы (және оның нұсқаларында) 5 тарихи кезеңді бейнелеп көрсетеді: а) оғыз-қыпшақ дәуірі (X-XI ғ.ғ.); ә) пешене дәуірі (IX-X ғ.ғ.); б) ноғайлы дәуірі (XV ғ.ғ.); в) өзбек-қазақ дәуірі (XVI ғ.ғ.); г) Жоңғар шапқыншылығы дәуірі. [1-740 бет]

Осы тарихи кезеңдердегі жер-су аттарының түрліше сипатын түсіндіреді.



Кез келген мәдениеттің түрлері, атаулары тіл арқылы бейнеленіп, кумулятивтік қызмет арқылы көрініп, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырады. Жер, су атауларының бойында осындай ерекшеліктер сақталған. Оларда халқымыздың өткен өмірінің тарихи іздері жатыр. Бір жағынан кейбір атаулар тарих қойнауына кіріп жатса, екінші жағынан жаңа, тың атаулар дүниеге келіп жатады. Ұмтыла бастаған, қолданыстан әлдеқашан шығып қалған сөздер өз тіршілігін географиялық атаулар формасында жалғастырады. Топонимдер оңайлықпен өзгере салмайтынын білуіміз қажет. Тіл арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырады. Бүгінгі таңда семантикасы күңгірттенген Аша, Борық, Көнек т.б. жер-су атаулары ұрпаққа жетіп отыр. Мемлекеттік тіліміздің қоғамдық рөліне қатысты академик Ә.Т. Қайдаров: «Ең алдымен, оның тірек болар ұштағаны: жазу-сызуы (ұрпақ арасын жалғастыратын алтын көпірі), ономастикасы (жер бетіндегі ескерткіш), терминологиясы (оның баю, жаңару көзі) берік екендігін мойындау қажет», - деп атап көрсетеді. Демек, ұлттық ономастиканың қоғамдағы рөлін зерттеу арқылы оны жаңа деңгейге көтеруге болады. Тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасу үстіндегі еліміздің қоғамдық өмірінің барлық саласы жаңару мен өзгерістерді бастан кешуде. Сонымен сабақтас өріс алған рухани жаңғыру үрдісі тарихтың құрамдас бөлігі болып табылатын этностың, ұлттың тарихын салт-дәстүрін наным, сенімін, тыныс тіршілігін жан-жақты және терең зерттеуді талап етіп отыр. Еліміздің президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің зиялы қауым алдындағы сөзінде жер-су аттарының тарихылығы мен көнелігіне ерекше мән беріп, оны зерттеудің бүгінгі мемлекетіміздің саяси стратегиясы үшін де зор маңызы бар екендігін : «Әрбір азамат тарих қойнауына тереңдеу арқылы өзінің ата –бабалары қалдырған осындай кең байтақ жердің лайықты мұрагері болуға ұмтылсын» - деп атап көрсетті. Осы тұрғыдан жер-су атауларын зерттеу қазақ тілінің лексика, этимология саласын тың деректермен толықтырса, екінші жағынан ұлттық таным мен тілдік құбылыс арасындағы байланыс ұлттық сананың дамуындағы жер –су атауларының орны секілді бұрын терең анықталмаған мәселелерді шешуге бағытталады.

Әдебиеттер тізімі:

- 1.Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. -Алматы: 1960.-740 б.
- 2.Тілепов Ж. Тарих және әдебиет, - Алматы: Қазақстан,1994
- 3.Марғұлан Ә. Ежелгі жыр ,аңыздар. Алматы: Жазушы, 1985. – 238б.
- 4.Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз – қазақ хәмхандар шежіресі. – Алматы:Санат, 1991
5. Бөкейханов Ә. Таңдамалы. – Алматы: Қазақстан, 1994
- 6.Пангереев А.Ш. Жер-су аттарының поетикасы. – Ақтөбе: «Отандастар», 2001
- 7.Қабышұлы И. Қазақ қауымы: Қазақ ұлысының 2000 жылдық тарихы. Алма-ты: Жазушы,1997
- 8.Уәлиханов Ш. Таңдамалы: - Алматы: 1985,-245 б.

Қ. Оразбаев

*М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан
мемлекеттік университетінің доценті,
филология ғылымдарының кандидаты*

Б. Тасболатов

*М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан
мемлекеттік университетінің доценті,
филология ғылымдарының кандидаты*

ҰМАЙ ҰҒЫМЫ – МАЙЛЫКЕНТ, МАЙТӨБЕ, МАЙБҰЛАҚ ТОПОНИМИКАЛЫҚ АТАУЛЫҒЫНЫҢ НЕГІЗІ

Қасиетті Түлкібас топырағы қазақ еліне ғана емес, сонау көне дәуірлердегі бабаларымыз сақтар мен ғұндарға, олардан кейінгі көптеген түркі тайпаларына да құт мекен болып, қазіргі бізге мұра болғанға ұқсайды. Бұлай айтуға себеп те, дәлел де аз емес. Оның себебі аудан жеріндегі Алланың берген табиғат байлығы десек, дәлелі жер-су яғни топонимикалық атаулары.

XX ғ. басында бұл жерлер Патшалы Ресей отарлаушыларының көзіне бірден түсіп жергілікті қазақтарды ығыстырып орыс мұжықтарын орналастырады. Олар Түлкібасының жер, суын өз тілдеріне икемдеп, өздеріне жақын атауларды қойып, жергілікті халықтардың жадын адастыруға күш салды. Кеңес Империясы бұл саясатты үдеткені сонша, орысша атаулар қоюды сәнге айналдырды. Дәл осы кезеңде бабалар қойған кейбір жер-су атаулары отаршыларға біріншіден мүлдем түсініксіз болып, екіншіден бұл атаулардың тарихынан бейхабар болған басқыншылардың ата-баба мұрасымен келіспеуге ешқандай мүмкіншілігі қалмады. Сондықтан да отаршылар көне жер-су атауларын өз атауларымен қалдыруға келісімге келді. Келісімге келмей немене 70-80 жылдары аудан орталығы Ванновка қазіргі Т.Рысқұлов селосының ортасында «Майлыкент» мейрамханасы тұрды. Бұған қоса Арыс, Көктонды, Балықты, Дәубаба, Сарытөр, Састөбе т.б. топонимикалық атауларды отаршылдар тілінің заңдылықтарына қанша салып бұрмалағанымен оның түпкілікті мәнін өзгерте алмады. Міне тәуелсіздіктің арқасында осындай бабалар қалдырған асыл мұраның негізіне көзіміз жете бастады. Соның бірі көне түркілердің «Ұмай ана» ұғымының Түлкібас жеріндегі Майлыкент, Майтөбе, Майбұлақ атауларына қатыстылығы.

Көне түркілердің Ұмай ана түсінігін төмендегіше өрбіткелі отырмыз.

Сақ тайпаларының көне түркілермен генеологиялық байланысының болғаны көмескілеу көрінгенімен, географиялық байланысының бар екені баршаға мәлім. Көне түркілерде патриархалды басқару жүйесі бекігенімен, олардың дүниетанымында әйел затына деген құрмет ерекше-тін. Түркілер әйелді күнде-



лікті тұрмыста шаңырақтың бір уығын көтерісетін ер адамның қосағы деп ғана түсінген жоқ, әйел затын қасиетті «Ұмай ананың» сарқыты деп бағалады.

Түркілердің «Ұмай ана» түсінігінде әйел тегіне деген текті ұғым жатыр. Көне түркілердің мифологиясында «Ұмай ана» ұрпақ жалғастығын жебейтін періште саналады. Бізге жеткен деректерде ерте дәуірде Алтай тауын мекендеген түркі жұртты құрық бойы қар жауған бір қатты қыста қырылып қалады. Осы қақаған аязда Айсұлу атты қыз бөстекке оранып аман қалыпты. Оны Алтайдың үңгірін мекен еткен Аю батыр тауып алып, Айсұлуды ес-түссіз жатқан жерінен Ұмай ананың көмегімен тірілтіп алады. Көп ұзамай Аю батырдан Айсұлу жүкті болады. Аю батыр үйде жоқта толғақ қысқан Айсұлуды Ұмай ана жебеп, бір ұл, бір қызды дүниеге әкеледі. Содан түркі қауымы бір рулы елге айналып, бүгінге күнге жетеді (Қазақтың мифтік әңгімелері. Құрастырған Ш.Ыбыраев, П.Әуесбаева. Ғылым баспасы. Алматы 2002). Яғни, көне дәуірлерден келе жатқан бұл аңыздан ұғатынымыз «Ұмай ана» ұрпақ жалғастығын жебеуші, мейірімді рухани күш саналады.

Кейбір батыс зерттеушілері «Ұмай ананы» Тәңірге балап, ер түріктің ұрпағын хақ сенімнен адастырғысы келеді. Алайда, «Ұмай ананы» теология және космоганиямен байланыстырудың еш реті жоқ. Бұл туралы зерттеуші Д.Қыдырәлі: «Ориенталист ғалымдар «Ұмай сөзін «тәңір ана» деп қате аударып жүр. Біздің ойымызша, Ұмай - аналарды қолдайтын періштенің аты. Қыз ұзатылғанда, неке қиылғанда, әйел босанғанда Ұмай анадан медет тілеу осыдан келіп шыққан» (Д.Қыдырәлі Атымды адам қойған соң... Таймас баспасы. Алматы 2008ж) - деп «Ұмай ана» ұғымын зерделеген.

Көне түркінің дүниетанымында «Ұмай анадан» өзге «бес ене» түсінігі де болған. Әсілі, қазақтың «бесенеден белгілі» сөз тіркесі осы «бес ене» ұғымынан шыққан. Көне түркілер пендені желеп-жебейтін Ұмай ана, Май ана, От ене, Ұмайық және Бай әжені «бес ене» деп қабылдаған (Бақыт Әбжет. Түркі халықтарындағы шамандыққа сыйынудың негізгі түрлері). «Бес ене» періште текті рухани күш саналғандықтан, адамды ауруынан емдеп, жолын ашып, алдынан жарылқай білген. Осы себептен де көне түркілер «Ұмай анамен» бірге «бес енені» де пір тұтқан.

Біздің пікірімізше түркілер «Ұмай ана» деп Адам атаның қосағы Хауа ананы айтқан секілді. Себебі, белгілі руника зерттеушісі Қ.Сартқожаұлы да Орхон-Енесей тас жазуында түркілердің «Ұмай текті ұрпақ» деген тіркестерді қолданғанын жеткізеді (С.Қаржаубай. Орхон мұралары. Күлтегін. Астана 2003). Демек, түркілер «Ұмай ананы» Тәңірге баламай, керісінше оның жатырынан жаралғанын пайымдаған. Әрине, бұл пікіріміз әлі де зерттеуді қажет етеді. Дегенмен, түркілер адамзат атты алып ағаштың бір бұтағы саналғандықтан, олардың алғашқы жаратылыс иесінің жары Хауа ана туралы білмеуі де мүмкін емес деп ойлаймыз. Яғни, түркілердің дүниетанымындағы «Ұмай ана» Адам атаның қосағы Хауа ана болуы бек мүмкін.

Белгілі түркітанушы ғалым Болаттемір Алтаев: «Қазақта «бала әкесінің бауыр етінен жаралады» деген ұғым бар. Ал құйрықтың қолданылуы Ұмайға табынып, отқа құйрықты (май) салудан қалған дәстүр. Сонда қыз баласын отбасына қосқаны. Себебі от – отбасын не шаңырақ ұғымын танытқан. Нәтижесінде шеше ұғымын танытса керек. Келінге үйдің табалдырығын аттатарда «От ана! Май ана! Жарылқа!» деген сөздерді айтқызу осы Ұмайға табынудың ізі еді.

Сонымен, ежелгі түрік халқының ұғымында Тәңірі (бауыр) аспандағы ер рөлінде көрініп, Ұмай-Жер-Ана болып қабылданған. «Құда» болу «Құдайдың келісімі» болып шығады» дейді. (Қазақ тарихы 1993 №3).

Бізге белгілісі көне түркілер Ұмай анаға үлкен құрмет көрсетіп, белгі қойып, суреттерін тасқа қашап салған. Қазіргі ғылыми жаңалықтардың ақпарат көздерінің айтуынша Ұмай ананың тасқа қашалған алтыншы белгісінің табылуы жоғарыдағы ойымызды нақтылай түседі.

Көшпенділер мәдениеті мұрасы және Мәдениет саясаты институтының негізінде жаңадан құрылған Қазақ ғылыми- зерттеу мәдениет институтының директоры, философия ғылымдарының докторы Ғазиз Телебаев: «Бір ай бұрын біздің институттың ғалымдары Алматы облысы Жамбыл ауданында тасқа қашалған мүсінді тапты. Ол сарапшылардың пайымдауынша, Ұмай анамыздың бейнесі. Бұған дейін Ұмай анамыздың бейнесі көне түркілер мекендеген жерлерде 5 рет табылған екен. Бұл алтыншысы. Ол сенсациялық ғылыми жаңалық деуге болады», - дейді. Бұл жаңалықты ашқан Көшпенділер мәдениеті институтының жетекші ғылыми қызметкері Алексей Рогожинский бастаған археологиялық- этнографиялық ғылыми экспедиция. Алексей Рогожинскийдің айтуынша, ол ежелгі түркі кезеңінде яғни, ең кемінде біздің дәуірімізге дейінгі 7-8 ғасырларда қашалған. Қоғалы шатқалынан табылған бейнеленген суретке қатысты ғалымдар арасында әртүрлі пікірлер бар. Түркітанушылардың кейбірі бұл Ұмай ана десе, екіншілері ежелгі Түркі және Қытай жазбаларында Ұмай ананың бейнесіне қатысты дәл, нақты мәліметтердің жоғын алға тартуда.

Тарих ғылымдарының кандидаты А.Рогожинский: «Бұл Қазақстан аумағындағы Ұмай ананың тасқа қашалған алғашқы бейнесі емес. Бұған дейін Оңтүстік Қазақстанда табылған бейне Мемлекеттік орталық музейге қойылған болатын. 2009, 2012 жылдары Алматы облысындағы Жамбыл ауданындағы Қоғалы шатқалында аралығы бірнеше жүз метр болатын 2 жерден бірегей бейнелер табылып отыр», - дейді.

Қорыта айтқанда осы тұжырымдардың негізінде Майлыкент – Ұмайлы кент, Майтөбе – Ұмай төбе, Майбұлақ – Ұмай бұлақ екендігіне көз жеткізгендейміз. Себебі Ұмай - май, кент- қала деген ұғымды білдереді. Майлыкент атауы - ислам дініне дейін көктүркілер Ұмай анаға ескерткіш орнатып немесе белгі қойған кішкене қаланың Түлкібасы жерінде болғандығын айғақтайды. Ойы-



мызды әрі қарай өрбітсек ф.ғ.д. Р. Әлмұханова: «Ұмай мен Елена образдарының арасында да байланыс бар. 1969 жылы Жамбыл облысы Майтөбе селосы Билікөл көлінің оң жағалауынан табылған үш мүйізді бас киім киген адамның тас қашау суреті табылған. Оны археолог С.М. Ақынжанов Х ғасырдың мұрасы деп есептейді. Мұндай суреттер Ыстықкөл жағасынан табылды. Дәл бұл суреттерде ескерткіштердегі бейненің жыныстық белгісі жоқ, бірақ Тохаристан мен Соғда өңірінен табылған осындай суреттерді салыстыру нәтижесінде оның әйел бейнесі екені дәйектелген. Үш мүйізді бас киім – өнімділік символы. Тарихта болған-болмағанын дәлелдеу қиын, бірақ мифтік санадан шыққан деп есептелетін Троя соғысына себепкер деп айтылатын Елена – архаикалық грек мифологиясында өнімділік құрайды. Оны айқындайтын белгі-басына өрілген кәрзеңке киюі» деп ой айтады. Бұл жерде Майтөбе ауылынан Ұмай Ананың бейнесінің табылуы Майтөбенің Ұмайтөбе екендігін толық дәлелдейді. Қазақ халқы бұл Ұмай ұғымы негізінде пұтқа табынған жоқ. Қайта исламды қабылдап хадистегі «Бірінші жақсылық анаға және анаға, анаға» деген хақтың сөзін шын мәнінде ұғынып, оны әлемдік деңгейге көтерді. Халқымызда әлі күнге дейін құдалықта құйрық бауыр асатып, жас келінге отқа май салдырады. Бұл арада өзге май салмай нақты құйрық майды салудың да өзіндік себебі де жоқ емес. Орналасуы жағынан құйрық пен ұмай ұма жыныс мүшесіне жатады. Демек, ұмай, ұрық, ұрпақ сөздерінің мағынасы төркіндес оның жыныс мүшесінен басқа мағынасы анағұрлым кең. Біріншіден, отқа құйрық май салу отың өшпесін, ұрпағын жалғассын, дүниеге сәбилер келе берсін деген ұғыммен астасып жатыр. Құйрық-бауыр асату салты, біз енді бауыр болдық дегенді білдіріп, құйрық майын қосып беруі осы жерден біз шығып едік, енді осы жерден шыққан ұрпақ сендер жалғастырыңдар деген мағынаны береді.

Қазақтың классик ақыны Абай:

Анамыздай жер иіп емізгенде,
Бейне әкендей үстіңе аспан төнер.
немесе
Күн-күйеу, жер-қалыңдық сағынысты,
Құмары екеуінің сондай күшті.

Азалы ақ көрпесін сілке тастап,
Жер күлімдер, өңіне шырай беріп.

Күн күйеуін жер көкsep ала қыстай,
Біреуіне біреуі қосылыспай.
Көңілі күн лебіне тойғаннан соң,
Жер толықсып, түрленер тоты құстай.

– деп аспанды эке, күнді күйеу жерді ана яғни адамзат ретінде образды түрде суреттеуі түркілік танымның Абай танымындағы көрінісі болып табылады. Абайды образды түрде сөйлеткен қазақ ұлттық танымы болса, бұл танымның бастауы түркілік кезеңде жатыр. Тіл ғылымында «Ұмай» сөзінің төркіні жөнінде мынадай жорамал бар. Ұм «желін» сөзінің Ұ дыбысы Е дыбысына өзгеруімен барып шыққан. Сондықтан ем, емшек, алтайша емеген (ана), сахаша – емше (бие) деген мағынаны көрсетсе, қырғыз тілінде ене – ана деген мағынаны береді. Ұма – ұмай, ана, ене, мама, muter, mother – сөздерінің айтылуы мен дыбысталуы кездейсоқтық емес. Күллі түркі тілді халықтар шешелерін ана немесе ене деп айтады. Мама сөзі – қазақта желіні үлкен, сүтті, үш-төрт құлындаған биені мама бие дейді. Ал С.Торайғыровтың:

Мен сәби ештеңені білмеген,

Анамның ақ мамасын аймалаған – деп жырлауында да қазақ халқында мама – сөзі емшек мағынасында қолданылып тұрғанын көреміз. Еуропа халықтары оның ішінде: герман тілді халықтар және славян халықтарының ананы – мама деуі кеудесіне қарап атаудан шыққандығын байқатады. Олай болса, Ұма – сөзі Индияның Има – сөзінен шықты деген пікірдің қате екендігіне көз жеткіземіз. Бұл дыбысталудағы, айтылудағы ұқсастық Ұма сөзінің жалпы адамзатқа ортақтығын байқатады. Бұл сөз қысқаша айтқанда Адам ата мен Хауа анадан қалған мұра сөз деп есептеуіміз керек. Оның үстіне М.Қашқаридың «Түрік сөздігінде»: «Ұмай жолдас (қатын босанғанда құрсағынан шығатын нәрсе...Сонда мақал да бар: Ұмайға табынса, оғұл, болұр – жолдасқа табынса, ұл болар; кім жолдасқа қызмет көрсетсе, ұл көреді». Қатындар мұны жақсылыққа жориды» делінген.



М. Ескеева

*Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ
түркітану кафедрасының профессоры,
филология ғылымдарының докторы*

ТҮРКІ ЭТНОНИМДЕРІНІҢ КӨНЕТҮРКІЛІК ҚАБАТЫ

Қазіргі түркі тілдерінде қалыптасқан ономастикалық жүйенің тарихи даму жолын анықтауда, олардың сыртқы морфологиялық құрылымын, ішкі мазмұнының астарындағы ақпараттық негізін саралауда бағыт-бағдар беретін ең көне жазба дерек көзі Орхон-Енисей, Талас ескерткіштерінің тілі екені белгілі. Түркі тілдері тарихи ономастикасының терең зерттеуді қажет ететін өзекті мәселелерінің бірі де – көнетүркілік қабаттың қазіргі түркі ономастикалық жүйесіне қатыс-дәрежесін, ішкі-сыртқы құрылымдық модельдеріндегі ортақтықтар мен ерекшеліктер деңгейін, ономастикондар құрамындағы түбір морфема мен қосымша морфеманың дамуын айқындап алу. Аталым уәжінде мәдени-этнографиялық, тарихи-этнологиялық, географиялық-атмосфералық-климаттық, флоро-фауналық факторларды молынан қамтыған ақпарат көзі – ономастикалық атауларды морфемдік-компоненттік тұрғыдан талдау онимдік мазмұнды анықтаудың негізгі тетігі болып табылады. VI-IX ғасыр түркілері тілінде қолданылған онимдерді құрылымдық және антропоөзектік зерттеу парадигмаларының сабақтастығында қарастыру түркі тілдерінің даму заңдылықтарын анықтауға ықпал етумен қатар, ұрпақ жалғастығындағы онтологиялық, семиотикалық маркерлердің сақталу дәрежесін айқындауға да жол ашады. Бұл Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тіліндегі ономастикалы атауларды жан-жақты зерттеудің өзектілігін сипаттайды.

VI-IX ғасыр аясында өмір сүріп, өзіндік дара мәдениетін қалыптастырған көне түркілердің бар болмысын, дүниетанымдық ерекшеліктерін көрсететін онимдік бірліктер көне түркі жазба мұраларында молынан сақталған, олардың бір бөлігін этнонимдер құрайды.

Дербес тіл белгілі бір тілдік қауым ыңғайында ғана қалыптасатындықтан этностық топтардың құрылымдық негізін, субэтникалық құрамын анықтау мен тіл табиғатын тану өзара сабақтас процестер. Этногенез проблемасын тілдік тұрғыдан зерттеу мәселесіне өткен ғасырдың 80 жылдарынан бастап айрықша деп қойыла бастады. Академик Ә.Т.Қайдар «Этногенез проблемасына байланысты тіл деректерін пайдалану дегенде біз ең алдымен этнонимдерге жасалатын этимологиялық талдауларды айтқан болар едік» [1,52] деген ойлары арқылы этнонимдерді зерделеудің маңыздылығын көрсетеді. Үш жүздік құрылымға бөлініп, бірнеше ру-тайпалардан тұратын «қарға тамырлы» қазақ халқының тілін зерттеуде де этноним табиғатын анықтаудың берері мол.

Этнонимдердің этимологиялық негізін анықтау этнос өміріндегі тарихи үрдістер мен тілдің ішкі заңдылықтарын сабақтастыра отырып қарастыруды қажет ететін аса күрделі мәселе. Көне түркілік этнонимдердің көпшілігі ұзақ даму жолынан өтіп, морфологиялық құрылымы тұтасып кеткен субстраттар болғандықтан олардың бәрінен морфема жігін ажырату оңай емес. Осы орайда түркі этнонимдері жайлы ғылыми тұрғыдан негізделген, дәйекті пікірлер айтқан Ғ.Айдаров, Ә.Т.Қайдар, А.С.Аманжолов т.б. белгілі лингвист ғалымдардың еңбектерінің теориялық маңыздылығын айта кету керек. Қазақ тіліндегі этнонимдер де жалпы лексиканың элементтері болғандықтан *алтайлық, көне түркілік, қыпшақтық, қазақы* қабаттардан тұрады. Көне қабаттарға жататын этнонимдердің кейбірі қазіргі қазақ тілі этножүйесінде қолданылмауы да немесе олардың сұлбалары қазіргі этнонимдердің морфологиялық компоненттері ретінде ғана сақталуы да мүмкін. Бұл тіл табиғатына тән тарихи заңдылық. Түркілік қабаттың VII-IX ғасырларындағы этнонимдердің тұлғалық, құрылымдық, семантикалық сыр-сипатын көрсететін дерек көзі – Орхон-Енисей жазба ескерткіштері тілінде кездесетін ру, тайпа атаулары. Ескерткіштер тілінде қазіргі түркі тілдерінде қолданылып жүрген немесе тарихтан белгілі көне атаулар да, қандай этностың атауы екені белгісіз, бізге беймәлім этнонимдер де кездеседі.

Ескерткіштер тілінде жиі ұшырасатын дербес лексемалық қабілеті бар бір буынды этнонимдердің бірі аз тайпасының атауы: *Az elteberin tutdı* «Аз (халқы) елтеберін тұтты» КТү. 43 (Айд. I, 190); *Čölgi az eri boltım* «Шөлдегі аз ері болдым» Тон. 23; *Özüm az jirim* «Өзімнің аз жерім» Тон. 24 (Айд. II, 108). Тарихшылардың көрсетуі бойынша Орхон ескерткіштерінде жиі кездесетін аз тайпасы VI-УІІІ ғасырларда қазақ даласын мекен еткен тайпалардың бірі. В.В.Бартольд аз тайпаларының астанасы Жетісудағы Суяб қаласы екенін айтады [2,19]. Әлемдегі ең үлкен құрлықтардың бірі Азияның, Еуропа мен Азияның шегерасында орналасқан *Азау* (Азов), *Каспий* (Хазар) теңіздерінің, *Кавказ* тауының ІУ ғасырдан бастап *Каспийдің* батысында өмір сүрген, VII-X ғасырларда Волга, Дон, Солтүстік Кавказ, *Азау* теңізінің маңы, Днепр өзені аралығындағы далалы және орманды-далалы алқапты қамтитын *Хазар* қағанатын құрған *хазар* тайпасының атауындағы *аз/ас* компонентін *аз* этнонимімен байланыстырушы пікірлерге сүйенсек, аз тайпасының мекен еткен аумағы әлдеқайда кең екенін көреміз. *Аз* тайпалары өмір сүрген аумақтағы *Каспий*, *Азау* пелагонимдерінің, Кавказ оронимінің, құрлық атауы *Азия* лексемасының құрамында **az/*as* → **xas*, **qas*, **qaz* компоненттерінің сақталуы да кездейсоқ құбылыс болмаса керек. С.Аманжолов Каспий теңізі IX-X ғасырларда Хазар дариясы аталғанын көрсете отырып, *қазақ* этнонимі құрамындағы *қаз/қас/хас* морфемасын жоғарыда аталған лексемалар құрамындағы *хаз/кас* морфемаларымен байланыстырады [3, 108]. Көне тайпалар аздар мен сақтардың тарихи, генеалогиялық байланысы негізінде *қазақ* этнонимі *қаз* (<*haz*<*хаз*<*қаз*) және сақ лексемаларының бірігуі



арқылы жасалғаны тарихи-лингвистикалық тұрғыдан дәйектелген мәселе [4, 47-51]. Көнетүркілік *аз* этнонимінің *haz/хаз/қаз* немесе *hac/хас/қас/кас* тұлғаларына ауысуы сөздің абсолют басындағы *h* фарингаль дыбысының табиғатына және $s \approx z$ сәйкестігіне байланысты жүзеге асатын, жалпы алтай тілдеріне тән заңдылық арқылы түсіндіріледі. Каспий теңізі мен Кавказ өңірін мекендеген көне *азер* тайпасы туралы деректердің сақталуы Орхон ескерткіштеріндегі *аз* этнонимі қазіргі түркі халықтарының бірі *әзірбайжан* халқының атауына да негіз болғанын көрсетеді.

Түркі халықтарының этностық негізін құраушы көне тайпалардың бірі – *оғыз* тайпасының атауы да YII-YIII ғасыр ескерткіштерінде жиі аталады: *Oғызqa bes süñüsdi* «Оғыздармен бес рет соғысты» Тон. 49, *Bu tabyačda jirija beg oғыз ara jeti-eren jayı bolmıs* «Бұл батыс табғачтағы оғыз бектері арасынан бізге жеті-ерен (бектігі) жауласты» Он. 5 (Сартқ. 145). Жазба деректерде *оғыз, guz, uz* деп түрліше аталып жүрген түркі тектес оғыз тайпасы YII-XI ғасырларда Орта Азияны, Оңтүстік орыс даласын мекендеген [5,917]. Көне түркі тілінде *оғыз* «первое молоко, молозиво» (ДТС, 365), яғни *уыз* мәнін береді. *Оғыз* этнонимінің *уыз* лексемасына қаншалықты қатысы бары белгісіз. Дегенмен қазақ шежіресі «Ерте кездерде Ай деген қағаннан бір ұл туып, ол анасының уызын ішкен соң, сүтін ембей, бірден ас ішіп, тілге келе бастады. Ол ер жеткенде данышпан қолбасшы болып, әке тағына отырады. Оның қарамағындағы халық *Оғыз* елі атанып кетеді» дейді [6,33]. Бұл аңыз ғана. Аңыздағы Ай антропонимі де көңіл аударарлық, салыстырыңыз: $az \approx aj, d \approx z \approx j$ сәйкестігі түркі тілдерінде жиі кездесетін құбылыс. Көне түркі тілінде *оғиш* «род, племя» (ДТС, 365), *ög* «мать» (ДТС, 379) сөздері де қолданыста болған. Өмірге ұрпақ әкелетін «ана» мәніндегі *ög*, дүниеге алғаш келгенде ауызданатын сүт «уыз» мағынасындағы *уиз* «ру, тайпа, шыққан тек» мәнін білдіретін *оғиш* сөздерінен тек тұлғалық қана емес, мағыналық сабақтастықта айқын байқалады. **оғ/ög* тұлғаларын гомогенді түбірлер деп алуға толық негіз бар. Аталған моносиллабқа *оғыз* этнонимінің қаншалықты қатысы барын айқындау үшін, алдымен этнонимінің морфологиялық құрылымын, сөзжасамдық тәсілін, яғни түбір морфемаға қосымша морфема жалғану арқылы жасалғанын немесе екі дербес сөздің бірігуі арқылы қалыптасқанын анықтап алу қажет. Ғ.Айдаров *оғиш* этнонимін *он оқ* этнонимімен байланыстыра отырып, «бұл сөз *оқ* деген *ру* атымен – *з* деген ескі көптік жалғауынан құралған. Сонда *оқтар* мен *оғыз* сөзінің алғашқы түбірі бір екендігіне ешкім де шүбәланбауы тиіс.

... Түркі қағанаты кезінде бұл сөздердің мағыналары сараланып екеуі екі басқа тайпаны көрсеткен» [7,42] деген пікір айтады.

Түркітанушы-лингвистердің тұжырымдауы бойынша түркі тілдерінде көптік, ортақтық, жинақтық мән беретін бірнеше архиформанттар болған: «Кроме *афф.-lar/-lär*, собирательность – множественность обозначалась рядом аффик-

сов, давно утративших свою продуктивность и сохранившихся в составе отдельных слов и форм» [8,145]. Қазіргі түркі тілдері деректерінде архаикалық көптік категориясының жинақтау, топтау, ортақтық мәнінің реликтілері ғана сақталған. Түркілік баба тіл кезеңінде белсенді қолданылған жинақтау, топтау мәніндегі көптік категориясының архиформанттары қатарында *-z, *-s, *-q(-k), *-t, *-č, *-š, *-l, *-m, *-n, *-r тұлғалары көрсетіледі [9,33-34; 10,10,22]. Архаикалық *-z, *-s, *-q(-k), *-t, *-č, *-š, *-l, *-m, *-n, *-r форманттары тілдік жүйедегі фоно-семантикалық, фоно-морфологиялық құбылыстармен, қазіргі түркі тілдеріндегі сөзжасам жұрнақтарымен ұштасып жатқан, грамматикалық мағыналары айқын ажыратылмаған көне модификаторлар, сондықтан олардың шығу тегі, даму жолы жайлы бірізді пікірлер толық қалыптаса қойған жоқ. Олардың басым бөлігі архитүбірлерге (өлі түбірлерге) жалғанғандықтан негіз сөз құрамына кірігіп, морфемалық жігі тұтасып кетсе, енді біразы күрделі қосымша морфемалар құрамында сақталған. Архаикалық көптік категориясының дербес аффикстік дәрежесін сақтап қалғандарының саны тым аз.

Түркі тілдері бойынша көптік категориясының реликт нұсқаларының сілемдері ежелгі және кейбір қазіргі этнонимдер құрамында сақталуы мүмкін, мысалы: *-z формантын *az* → *a+*z «аз», *oγiz*/*oγiz* → *oγ(u)//*oγ(i)+*z `оғыз` этнонимдерінің құрамынан ажыратуға болады. Сондай-ақ *qazaq* `қазақ`, *āzırbajan* «әзірбайжан» лексемалары да көптік мәнді -z модификаторын сақтауы мүмкін; *-n формантын *γın*, *ūjsın*, *pajman*, *arγın*, *alban* т.б. этнонимдерінің сақтау мүмкіндігі жоғары; *-t модификаторының іздері *qonjırat*, *kerejt* т.б. ру-тайпа атауларының құрамында сақталған.

Көне түркі тайпалары атауларында тайпаның этникалық құрамының сандық белгілерін, яғни неше рудан немесе рулық қауымдастықтан тұратынын көрсететін этнонимдер жиі кездеседі. Солардың бірі аз және *қырық* лексемаларынан жасалған *qırq az* этнонимі, *qırqaz*/*qırqaz* → *qırq* + *(i)z/*(a)z `қырқ аз//`((қырғыз)). Ескерткіштер тіліндегі бұл этнонимді көпшілік зерттеушілер Орхон ескерткіштерін алғаш оқыған ғалымдар В.Радлов, В.Томсендердің ізімен *qırqız* деп оқып, қазіргі *қырғыз* этнонимімен тікелей байланыстырады. Мәселен, С.Е.Малов «Күлтегін» ескерткішіндегі *bašlajı qırqız qayanıy balbal tikdim* деген сөйлемді «(В честь моего дяди-кагана) я поставил во главе (вереницы могильных камней) «балбалом» киргизского хана» деп аударса (Малов 88), А.Аманжолов «Тоникүк» ескерткішіндегі сөйлемді *artuq qırkız küčlüg qayan jayımız boltı* түрінде транслитерациялап, «Более того, нашим врагом был кыргызский сильный каган» деп аударсады (Аманж. 182). Ғ.Айдаров осы сөйлемдердегі этнонимді *qırq az* «қырқ аз» түрінде оқуды жөн санай отырып, «Біздің пікірімізше қазіргі *қырғыз* аталып жүрген этноним *қырқ аз* деген сөзден шыққан. Өйткені, Орхон ескерткіштеріндегі *қырқ аз* дұрыс оқылмай, күні бүгінге дейін *қырғыз* болып келді» [7, 41) деген пікір айтады. Ескерткіштер тілінің дыбыстық жүйесінде, бір сөз құрамындағы *r* үнді дыбысы мен дауыстылар ортасын-



да қатаң *q*, *k* көп жағдайда ұяңданып қолданылатынын (*jür̄yarī* «оңға» КТк. 2; *turgis* (Малов. 76) «түргес/түргеш» КТү. 18, *jar̄yun* «жер атауы» КТү. 34 (Айд. I, 211), екі сөз қатар келгенде қатандығын әрдайым сақтайтындығын ескерсек әрі түркілер дәстүрінде сан есімдер негізінде жасалатын этнонимдердің жиі ұшырасатынын негізге алсақ, ғалымның пікірі орынды сияқты. Қазіргі *qir̄yüz* этнонимі құрамындағы компонентінің *üz* тұлғасына айналуы алдыңғы буындағы қысаң дауыстының ықпалы екені белгілі заңдылық. Ескерткіштер тіліндегі *az*, *qir̄q az* этнонимдерінің қолданысы жақын орналасқан түркі тілдес екі тайпаның аты екені анық байқалады: *Kögmen jir-sub idisiz qalmazun tijin az*, *qir̄q az budun̄iḡ jaratip keltimiz*, *suḡusdimiz*, *ilin birtimiz* «Көгмен жер-суы иесіз қалмасын деп, *az*, *қырық az* халықтарын құрап келдік, соғыстық, елін қайта бердік» КТү. 20 (Айд. I, 175). Қазіргі қазақ тіліндегі этнонимдердің сөзжасам жүйесінде негізгі тайпаның салалары сол өзі тараған үлкен тайпаның атауына қосымша компоненттер қосылуы арқылы жасалатын этнонимдерді иеленетіні жиі кездеседі, мысалы: үйсін тайпасының бір саласы *сары үйсін* т.б. Сондай-ақ *qir̄qaz* тайпасының құрамындағы рулар саны қырық болуы да міндетті емес екені белгілі. Түркілер дүниетанымындағы *қырық* сан есімінің сакральді мәнінің бірі – «көп, алуан түрлі». Қазақ арасында да бірнеше ру өкілдері тұратын елді-мекенді «қырық рулы ел» деп атау дәстүрі бар. Қазіргі түркі тілдері ономастикалық жүйесінде көне түркілік *az* этнонимі *az* → *Azov*, *Azja*; *äz* → *äz̄ir̄bajžan*; *iž* → *qir̄yüz*; *kas* → *kaspij*; *kaz* → *kavkaz*; *qaz* → *qazaq* тұлғаларына ғана өзгергенімен, *ad* ≈ *aj* ≈ *az* ≈ *at* ≈ *aš* ≈ *al* ≈ *ar* ≈ *ay* ≈ *aq* т.б. тұлғаларына ауысу мүмкіндігі де жоғары. Сондықтан *az* этнонимі қазіргі тілімізде басқа атаулар құрамында да сақталуы ықтимал.

Түркі тілдерінің этножүйесінде дербес екі этнонимнің қосарлануы, бірігуі арқылы жаңа ру-тайпа атауының жасалуы қалыптасқан сөзжасамдық модель екенін ескерсек (*az* – *saq*; *qir̄q* – *az*), *oḡüz* лексемасы *oq* – *az* этнонимдерінің бірігуі немесе қосарлануы негізінде жасалуы да мүмкін. Дауыстылар ортасында *q* дыбысының ұяңдануы, бірінші буындағы еріндік дауыстылардың соңғы буындағы дауыстыға ықпал етуі түркі тілдеріне тән заңдылық. Зерттеушілер дербес этнонимдердің қосарлануы арқылы жаңа этнонимдердің жасалуын «... образование парных сочетаний прежде всего вызвано в целях передачи значения собирательности, совокупности и множественности» деп түсіндіреді [4,48]. Ескерткіштер тілінде *тоғыз* сан есімі мен *оғыз* этнонимінің бірігуі арқылы жасалған *toquz oḡuz* этнонимі де қолданылады; *Toquz oḡuz budun kentü budunim erti* «Тоғыз оғыз халқы өз халқым еді» КТү. 44; *Boltuqda toquz oḡuz beg(i) jayı ertis* «Болтұқта тоғыз-оғыз бектері жауласты» Он. 6 (Сартқ.145). Бір сөйлем ішінде екі этнонимнің қатар қолданылмауы ескерткіш мәтіні негізінде *оғыз* және *тоғыз оғыз* этнонимдерінің дербес тайпа атаулары екенін әлде бір ғана тайпаның атауы екенін анықтауда қиындық тудырады, *az*, *qir̄q az* этнонимдерінің дербестігіне сүйенсек *тоғыз оғыз* онимін *оғыз* тайпасының бір тармағының ата-

уын білдіретін микроэтноним ретінде қарастырудың негізділігіне көз жеткіземіз.

Ескерткіш тілінде *on oq* этнонимі де бірнеше рет кездеседі: *On oq budunı qalisiz tasıqmıs tir* «Он оқ халқы қалмай жиналды» Тон. 30 (Айд. II, 110); *On oq budunı emgek körti* «Он оқ халқы бейнет көрді» КТү. 19 (Айд. I, 175). Көне түркілік *on oq* этнонимімен аталатын тайпа VII ғасырда Шу бойын мекендеген. Н.Я.Бичуриннің пікірінше *on oq* он түркі тайпасының жалпылама атауы. Әрбір тайпа 10 мың атты жасақ шығара алған және әр тайпаның жебелерінің айырмашылықтары болған, яғни он түрлі оқ пайдаланған. Олардың 5-уі – *жчумгунь, хунуву, нишетидунь, туциши* – *хэлон, шуниши* – *чубань* дулат (дулу) бірлестігіне, 5-уі – *асиги, гэшү, басайган* – *дуншибо, асиги* – *нишу, гжшу* – *чубань* тайпалары нушеби бірестігіне қараған [11, 192]. Ғалым келтірген дерек қытай жылнамаларынан алынғандықтан, этнонимдердің түркілік тұлғасын тап басып анықтау қиын. Біраз зерттеушілер *он оқ* құрамындағы тайпалардың басым көпшілігін *үйсін* этносынан таратады. Көне түркі тілінде *oq* «стрела» (ДТС, 368) қазіргі түркі тілдерінде де «оқ, жебе» мәнін сақтаған. Көне түркі әліпбиінде ↓ ↑ жебенің таңбасы *q* дыбысын, *oq, uq/ qo, qi* дыбыс тіркестерін бейнелеуі де *оқ* этнонимінің мағынасының айқын екендігін көрсетеді. Он оқ этнонимінің он тайпалық одақтың атын білдіруі *oq* және **uу/oу* «род, племя» тұлғаларының арасында семантикалық байланыс жоқ па деген ойға жетелейді, себебі қазіргі түркі тілдерінде **uу/oу* архитұлғасының қатаң варианттары да кездеседі, салыстырыңыз: *ұқ/оқ, ұқсас* «тектес», жергілікті ерекшеліктерде – *оқсас*.

VII-IX ғасыр жазба мұраларында жиі қолданылатыны *turk* этнонимі: *Turk budun joq bolmazun tijin, budun bolčun tijin* «Түркі халқы жоқ болмасын дейін, халық болсын дейін» КТү. 11 (Айд. I, 173); *Turk budun jitmezün tejin* «Түркі халқы өлмесін-жітпесін деп» Он. 3 (Сартк. 142). *Түрк(түркі)* этнонимінің шығу тегі жайлы да көптеген пікірлер айтылып жүргенімен, толық шешімін таппаған мәселе, негізгі пікірлер: 1. Күшті, қуатты, билік иесі мағыналарын береді (В.В.Радлов, Ю.Немет); 2. *Тайпа, ру, қандас туыстардың үйі* мәніндегі *törkin* сөзінен шыққан (А.Н.Бернштам); 3. Түркі-монғол тілдеріне ортақ *туу, дүниеge келу* мағынасындағы *töre/törü* сөздерімен гомогенді (Б.Мункачи, Л.Базэн); 4. Монғол тіліндегі «*бас, белгілі бір заттың ең биік ұшы*» мәнін беретін *tolgo/tolgaj* және «*жауынгерлік бас киім*» *duwlgа/dugulga* сөздерінен шыққан (Ю.А.Зуев); Билік етуші халық мағынасын береді (Г.Дерфер); 5. *türık (türk), törük (törk)* сөзі этнонимге айналғанға дейін *жаратушы, мырза, заң, ақиқат* мәніндегі зат есім, құдіретті, қасиетті, ақиқат, нағыз мағынасын беретін сын есімдер болуы мүмкін (О.Сүлейменов); 6. Монғол тіліндегі *басшы, көсем, бірінші, алдыңғы* мәніндегі *turγun (tәruiin) сөзі мен türük türk* сөзінің жалпылама мағынасы тілдік заңдылық бойынша сәйкес келеді (А.Аманжолов). *Түркі/түрік* этнонимінің этимологиясы жайлы әр жылдары айтылған басқа пікірлердің бәрі осы тұжырымдар төңірегінде өрбиді. *Түрік* этнонимін интерпретация жасаған зерттеушілер сүйенген тілдік деректерді лексика-семантикалық жағынан екі топқа бөліп қарастыруға бола-



ды. 1. «күшті, қуатты, алдыңғы, ең, нағыз, таңдаулы, маңызды, сыйлы, басшы, билеуші т.б.» семаларын беретін көне түркілік *türk* «сильный, могучий», «самый, обильный, предельный» (ДТС, 599), орта түркілік *türk jigít* «достигший зрелого возраста, взрослый юноша», *türk qujaš* «верхняя кульминация, наивысшего положение Солнца на небе» (МК I, 353); қырғ. тілінде *turk* «крупный, жирный (об овцах)»; бур. тіліндегі *türüü* «первый, головной, передовой, почетный»; монғ. тілінде *tərgüün* «басы, алды, алдыңғы», «басшы, жауапты»; *tör* «үкімет, мемлекет», «заң, ереже, тәртіп»; қаз. тілінде *tör* «құрметті, сыйлы орын», *töre* «хан тұқымы, сыйлы, құрметті адам, билік басындағылар»; *töre*; 2. «туу, дүниеге келу» семасынан тараған «туған үй», «туған ауыл», «туған-туысқан» мәнін беретін сөздер: монғол тілінде *töröx* «туу», *töröl* «туыс, ағайын, туысқан», *törölx* «тума, туған, ата», *törxöm* «төркін»; қырғ. тілінде *törö* «родить», *töröt* «роды», *törkün* «родители и родня жены»; қазақ тілінде – *törkin* «әйел адамның туған-туысқандары, туған үйі, туған жері». Бірінші топтағы «күшті, билеуші, таңдаулы, кемеліне келген, сыйлы, нағыз т.б.» семаларын беретін *tör/tor/tür* тұлғасы мен екінші топтағы «туу» семасынан тараған *tör* тұлғасын гомогенді сөздер деп қарауға толық негіз жоқ. Алғашқы адамзат тілінің қалыптасу кезеңі негізінде онтогенездік ізденістер жүргізілсе аталған түбір-негіздердің гетерогендік сипаты теріске шығуы да мүмкін. Зерттеушілер пікірі арасындағы қайшылық та осыдан туындайды. Түркі халықтарының өткен тарихы, еркіндікті сүйген өмір-салты, өр, өткір болмыс-бітімі, образды ойлау жүйесі, жауынгерлік қабілеті анық байқалатын VII-IX ғасыр жазба мұраларының тілі, мазмұн-идеясы тұрғысынан сараласақ *түрк/түркі* этнонимінің жалпылама мәні бірінші топта қарастырған *törk/tork/türk* лексемаларының семантикалық аясына сай келеді және бұл сөздердің тектес түбірден тарағандығы да дау тудырмайды.

Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінде отыздан аса этнонимдер кездеседі. Олардың ішінде *turgeš*, *usun/üjsin*, *qibšaq*, *toqar*, *tarduš*, *apar*, *qurıqan* т.б. тәрізді түркі халықтарының атаулары да, *qıtan*, *tabyač*, *tat*, *tiipüt*, *soydı*, *tezık* т.б. сияқты басқа халықтардың атаулары да бар. Ескерткіштер тіліндегі түркілік этнонимдер жүйесі көне субстраттардан тұратындықтан морфемалар жігін ажырату үлкен ізденістерді қажет ететін күрделі мәселе. Көне түркі жазба мұралары тілінде қолданылған этнонимдерді толық жинақтап, олар туралы бұрын-соңды айтылған пікірлерді саралап, қазіргі түркі этнонимдеріне қатыс-дәрежесін, морфологиялық, семантикалық құрылымын, этимологиялық негізін айқындау түркі лингвистикасының өзекті проблемасы.

Шартты қысқартулар:

Айд. I Айдаров Ғ. Күлтегін ескерткіші. –Алматы: Ана тілі, 1995. –232 б.

Айд. II Айдаров Ғ. Тоникук ескерткішінің (VIII ғасыр) тілі. –Алматы: Қазақстан, 2000. –120 б.

Аманж. Аманжолов А.С. История и теория древнетюркского письма. – Алматы: Мектеп, 2003. – 366 с.

ДТС Древнетюркский словарь. Под ред. В.М.Наделяева, Д.М.Насилова, Э.Р.Тенишева, А.М.Щербака. – Ленинград: Наука, 1969. – 676 с.

Малов МҚ І Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. – Москва–Ленинград: Издательство АН СССР, 1951. – 452 с.

М. Қашқари. Девону луғот ит турк. С.М.Муталибов. І том. –Ташкент: УзССР Фанлар академиясы нашриётининг боспахонаси, 1960. –499 с.

Сартқ. Сартқожа Қ. Орхон мұралары. – Астана: Kultegin, 2003. – 392 б.

КТү. Күлтегін, үлкен жазба

КТк. Күлтегін, кіші жазба

КЧ Кули Чор ескерткіші

МЧ Мойун Чур ескерткіші

Он. Онгин ескерткіші

Тон. Тоникук ескерткіші

Әдебиеттер тізімі:

1. Қайдаров Ә. Т. Қазақ тілінің тарихи лексикологиясы: проблемалары мен міндеттері // Қазақ тілінің өзекті мәселелері. –Алматы: Ғылым, 1998. –Б. 50-74.

2. Бартольд В. В. Очерк истории Семиречья. –Фрунзе, 1943. –329 с.

3. Аманжолов С. «Қазақ» деген сөз қайдан шыққаны туралы // Қазақ тарихынан. –Алматы, 1997. – Б. 105-108.

4. Кайдаров А. Т., Кайчубаев Е. К. К лингвистическому объяснению этнонима «Қазақ» // Вестник АН КазССР. –1972. – № 2. – С. 47-51.

5. Советский энциклопедический словарь. –Москва: Советская энциклопедия, 1988. –1592 с.

6. Сәдібеков З. Қазақ шежіресі. –Ташкент, 1994. – 45 б.

7. Айдаров Ғ. Тоникук ескерткішінің (ҮІІІ ғасыр) тілі. –Алматы: Қазақстан, 2000. –120 б.

8. Кононов А. Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников (ҮІІ-ІХ вв.). – Ленинград: Наука, 1980. – 256 с.

9. Кононов А. Н. Показатели собирательности-множественности в тюркских языках. – Ленинград, 1969. –167 с.

10. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – Москва: Наука, 1988 – 557 с.

11. Бичурин Н. Я. Собрание сведений о народах обитавших в Средней Азии и древние времена. –Москва-Ленинград, 1960. – 492 с.



Ж. Қоңыратбаева

*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры,
филология ғылымдарының кандидаты*

ГОДОНИМИЯ ҚҰБЫЛЫСЫ: ТІЛДІК-ТАРИХИ ЗЕРТТЕЛІМ ТҰРҒЫСЫНАН (Астана қаласының көше, даңғыл атаулары негізінде)

Қазіргі отандық тіл біліміндегі түйткілді мәселелердің бірі – ономастика ғылымының зерттеу нысанындағы онимдер разрядтары (годонимдер, эргонимдер, прагматонимдер, менсонимдер, т.б.) және олардың зерттелу жайы. Себебі қоғамдағы саяси-экономикалық, мәдени қатынастар динамикасы қарыштаған сайын онимдер табиғаты да күрделене, өзгере, жаңғыра түседі. Сондықтан белгілі бір ономастикалық кеңістікті, әсіресе, қала ономастикасын тілдік-тарихи тұрғыдан, саяси-әлеуметтік тұрғыдан қарастыру аса өзекті.

Мақаланың мақсаты – Астана қаласының ономастикалық кеңістігі аясында годонимдердің қала өмірінің тарихи дамуы мен мәдени өсуіне тигізер ықпалы жөнінде мәселе қозғау.

«Годоним» ғылыми сөздіктерде қала ішілік желілік нысандар – даңғыл, көше, бульвар, жағалау, т.б. атаулары деп беріледі [1. 50-51].

Астана қаласының ономастикалық кеңістігін тарихи-хронологиялық тұрғыдан зерттеуде қазақ тарихындағы жағдайларға байланысты оны үш кезеңге жіктеп қарастырдық: 1-кезең – 1862-1919 жж., 2-кезең – 1920-1991 жж., 3-кезең – 1991-2015 жж. Астана қаласының қала мәртебесін алғаннан бергі кезең ішінде (1862 жылдан бері) годонимия жүйесі тарихпен бірге өзгеріп, құбылып, түрленіп келеді, сондықтан бүгінгі Елорда тарихын шынайы сөйлетуде оны жан-жақты зерттеудің маңызды екендігі сөзсіз. Бірден айтарлығы, Астана қаласының годонимдер кеңістігі «көп қабатты»: онда төңкеріске дейінгі жұрнақтар, кеңестік кезең кезіндегі билік саясаты, тәуелсіздік алған жылдардағы бұрынғы атауды қайта беру сынды сипаттар сақталған. Бұлардың ішінде, әсіресе, кеңестік кезеңнің бояуы қала атауларына қатты сіңген. Себебі кеңестік билік кеңестік қалалар деп аталатын мәдени-тарихи орталықтарға өзінің ерекше «ұстанымын» жүргізді.

Ономастика ғылымының тарихында годонимия мәселесін зерттеуде оның грамматикалық, семантикалық және семиотикалық қырларына мән берудің маңыздылығы ескертіледі [2. 111]. Алғашқы тәсіл годонимдердің тілдік модельдерін анықтауда жұмсалды. Годонимдер жүйесіндегі бұл құбылыс қазақ ономастикалық кеңістігінен де орын алды. Астана қаласының төңкеріске дейінгі және кеңестік кезеңдегі ономастиканың сындық типтегі модельдер ерекше «қызмет етті». Қаланың көше, даңғыл, алаң атаулары *-ский, -ская, -ный, -ная* секілді сындық мән тудырушы типтік атауларға толы болғанын аңғаруға бола-

ды. Мәселен, XIX ғасырдың соңы-XX ғасырдың басындағы қала годонимдік жүйесінің 60-70 пайызы адъективті типтегі атауларды құрады. *Театральная, Церковная, Большая Базарная, Малая Базарная, Хлебниковская, Училищная, Мещанская, Степная*, т.с.с. годонимдер сипаты - соның айғағы. Ақмоланы өз иелігіне алуды көздеген Ресей отаршылары қаланың ономастикалық келбетін, яғни тілдік-мәдени тағдырын үнемі қадағалап отырды. Атауы жоқ көшелерге ат тағылды. Бұл жөнінде Ж. Қасымбаев мынадай тарихи дерек келтіреді: «1914 году по решению думы получили наименования все доселе безымянные улицы города. Так в Акмоле появились Думская, Крепостная, Гостинодворская, Больничная, Омская, Мечетная, Караванная и другие улицы» [3. 106]. Бұл тәсіл кеңестік кезеңде Астана қаласының годонимдік жүйесінде «өнімділігін» тіпті арттыра түсті. Оның астарында қала келбетін кеңестендіру (советизация), орыстандыру (русификация) саясаты жатқан еді. XIX ғасырдың II жартысынан бастап бірқатар өзгерістерді басынан өткерген қала онимдері бұл тұста тіпті «жаңа леп» алды. 1920 жылдың 16 қарашасында «Ұлы Қазан Төңкерісінің» үш жылдығының атап өтілуіне байланысты бұрынғы көше, алаң атауларын жаңаша атаулармен алмастыру қаралды. Сөйтіп, «Ақмола қалалық уездік атқарушы Президиумы отырысының хаттамасында бірқатар көше атаулары қайта ауыстырылады: батыстан шығысқа қарайғы Училищная көшесі Коммунистическая болып, Малая Базарная көшесі Пролетарская болып, Береговая көшесі Интернациональная болып, Хлебниковская көшесі Октябрьская болып, ал оңтүстіктен солтүстікке қарайғы бағыттағы Мещанская көшесі Гражданская болып, Соборная көшесі Первомайская болып, Больничная көшесі Красноармейская болып, Думская көшесі Коммунальная болып қайта аталды» [4. 236]. Қала годонимиясының грамматикалық тәсіл арқылы атау алуының келесі кезеңі 1930 жылдарды қамтиды. «1934 жылдың желтоқсанында Астана қалалық Кеңесі Президиумының қаулысымен Степная көшесі Революционная болып, Крепостная көшесі Спортивная болып, Станичная көшесі Буденовская болып, Болотная көшесі Колхозная болып өзгертілді» [5. 89-94]. Нәтижесінде грамматикалық тәсілдің бұл «өнімділігі» қаланың ономастикалық картасын адам танымас-тай өзгертті. Қазақ тілінің грамматикалық табиғатына мүлдем жат бұл амал-тәсілдің жұрнағы қаланың жол нұсқаушы картасынан соңғы уақытқа дейін түспей келді. Тек еліміз өз тәуілсіздігін алып, өткені мен болашағын таразылай бастаған егемен жылдарда ғана «орыстандырылған» бұл сынды тәсілдердің жолы қиылды. Дегенмен ел ішінде күнделікті тұрмыстық коммуникацияда әлі де «Коммунистическаяға қарай бара жатырмын», «бұрынғы Спортивнаямен жүресіз», «Первомайскийде отырмын», т.б. секілді ауыз үйренген «үйреншілікті» естіп, жұмсап қалатынымыз жасырын емес.

Годонимдерді зерттеудің екінші қыры – *семантикалық тәсіл* ономастикон тарихында бұрыннан бар құбылыс. Жалпы, кез келген кеңістіктегі (қала, аудан,



ауыл, аймақ) годонимдер жүйесінің негізгі мақсаты – оның мағыналы болуында. Себебі олар ақпараттық және әлеуметтік мәнге ие. Годонимдер белгілі бір нысанды (көше, даңғыл, алаң, бульвар) жай атамайды, ол сол жердің тарихы, сол халықтың ұлттық болмысы, этникалық тегі жөнінде маңызды ақпар береді. Бұл тұрғыдан алғанда, годонимдердің бойында екі семантикалық міндет болады: дифференциациялаушы және информативтік [2. 113]. *Дифференциациялаушы (бөлшектеуші)* қыры бір нысанды екіншісінен айырып көрсетуге қызмет етсе, *информативтік (ақпараттық)* қыры қажетті нысан жөнінде ақпар береді. Көше, даңғыл атауларын бір-бірінен бөлшектеп, нақты ақпар ұсынуға годонимияны семантикалық аспектіде қарастыру аса маңызды. Семантикалық тәсілмен жасалған годонимдерде мекен-жайды нұсқау қызметі басымдық танытады. Бұл тәсіл Астана қаласының ономастика тарихынан да орын алады. Тарихи жағынан алғанда, годонимия құбылысы ақпараттық жүйе ретінде қалыптасты: көше атаулары қала кеңістігінен хабар беретін шағын жол нұсқаушы қызметін атқарды. Астана қаласының алғашқы кезеңінде көше атауларының бойынан бағыт-бағдар сілтеуші ұстаным байқалады. «XIX ғасырдың II жартысындағы Ақмоланың көрікті жері болып табылатын мешіт (1838 жылы салынған) орналасқан көше *Мечетная* деп, пошта бөлімшесі орналасқан көше *Почтамтская* деп аталған. Ал *Торговая* және *Хлебниковская* көшелерінің қиылысында Сібір сауда банкі (Сибирский торговый банк) орналасқан. 1910 жылы қалада алғаш рет саудагер байлар А.И. Скворцов пен Д.В. Егоровтың «Метеор» атты жеке меншік кинематографы ашылады да, дәл осы көшеге *Театральная* атауы беріледі. Ал 1920 жылға дейін ірі көшелердің бірі *Церковная* деп аталған, себебі онда Александр-Невский шіркеуі болған» [6. 24, 28, 49, 74, 81]. Қала тұрғындарының жүріп-тұруына бағдар беруде семантикалық тәсілдің рөлін осы деректерден аңғаруға болады. Яғни, ақпараттық годонимдер арқылы қажетті нысанның (мешіт, банк, пошта, театр, т.б.) қайда орналасқандығын тез анықтау қолайлылық туғызады. Астана қаласының кеңестік тұстағы ономастикалық кеңістігін қарастырып, талдау барысында біз семантикалық тәсілдің қаланың годонимия жүйесінен тыс қалмағанын байқаймыз. Сол кездегі Целиноградтың бойынан *Заводская*, *Складская*, *Ремонтная*, *Кирпичная* секілді семантикалық годонимдерді табуға болады. Дегенмен аталмыш ұстаным номинациялау үдерісінен шеткері ығыстырылған, кейінгі кезекке шығарылған деуге болады. Кеңестік кезең ономастикасы өзінің қалыптастырған «жүйесімен» жүрді: барлық орталық, негізгі көшелердің аттары *Ленин*, *К. Маркс*, *Коммунистическая*, *Мира*, *Интернациональная*, *Октябрьская* секілді атаулармен аталса, шеткері көшелерді *Вагонная*, *Пивная*, *Совхозная*, *Северная*, *Южная*, *Заводская*, *Локомотивная*, *Первоцелинников*, *Кирпичная*, *Складская*, *Встреча*, *Ремонтная*, т.б. атау үрдіс алды. Бұл ұстаным бұрынғы Кеңестер Одағына кірген елдердің қай-қайсысына да тән міндет болғаны тарихтан белгілі. Қала годонимиясын «жаңартып», оларға қайта атау тағуда кеңестік ономастика

саласы, оның ішінде Астана ономастикасы да бір ғана мақсатқа «қызмет етуге» мәжбүр болды, ол Кеңес үкіметі көсемдерінің аттарын ұлықтап, коммунистік партияның саяси ұстанымдарын насихаттау еді. Сондықтан да көшеге тағылған атауларда оның атаулық белгісін ашатын сипат болған жоқ, тек қызыл империяның негізгі саяси-идеологиялық «құндылықтарынан» хабардар етті.

Қала көшелеріне атау беруде (номинациялауда), қайта атауда (реноминациялауда) ұстанатын үшінші ұстаным – *семиотикалық (таңбалық)* тәсіл. Бұл тәсіл арқылы көше, даңғыл, алаңдарға атау беру екі түрлі қағида бойынша жүзеге асты: *демонстративті және меморативті*.

Демонстративті *годонимдер* Астана қаласының алғашқы кезеңінде көрініс тапқан. Дегенмен, негізгі үдерісін кеңестік кезеңде алған. Ол қала көшелерінің мазмұнына *Заря, Красная звезда, Ураган, Мир, Свобода, Коммунальная, Труд, Борьба, Крестьянская*, т.б. атауларды алып келді [4. 236]. Бұған қоса, алаң аттары да демонстративтендіріле бастады. Мәселен, Базарная және Казачья алаңдарына *25 Октябрь*, Крепость алаңына *Красный штаб*, Старая Слободка алаңына *Рабочий уголок* сынды «жаңа лептегі» атаулар берілді [4. 236]. Дерек көздері көрсетіп отырғандай, Астана қаласының алғашқы кезеңі (1862-1919) болсын, Кеңес үкіметі тұсындағы (1920-1990) келбеті болсын, демонстративті *годонимдердің* дені орыс тілінде көрініс тапқан. Онда ұлттық бояу, халықтық таным мәселелері тіпті бой көрсетпейді. Қала көшелерінің алғашқы уақыттағы атаулары жергілікті жерде сауда-саттық, әкімшілік, діни жұмыстардың жүргізіліп, елдімекенге кейбір ұлт өкілдерін миссионерлік мақсатта арнайы жіберілгендігінен хабар береді. Ал кеңестік кезеңде көше, алаңдардың қайта атау алып, «жаңғыруы» коммунистік партияның «ұлы идеяларын» іске асырумен тікелей байланысты болды. Бұл мәселе халықтың санасында қалыптанған (кодификацияланған) жүйе ретінде тұрақтанып үлгерді. Тек еліміз өз тәуелсіздігін алып, дербестігін жариялаған жылдардан бастап қана қала демонстративті *годонимдерінің* бойына қан жүгіріп, ұлттық нышан, ұлттық түр ала бастады. Атап айтқанда, *Тәуелсіздік, Желтоқсан, Бейбітшілік, Республика, Жеңіс, Алаш, Мерей, Керуен*, т.б. *годонимдері* ұлттық рухты оятып, ұлттық сананы сілкітін жаңа күш сыйлағаны анық.

Семиотикалық тәсілдің екінші бір түрі - *меморативті годонимдер* көше, алаң, даңғылдарға еліне еңбегі сіңген тұлғалардың есімдерін ұрпағы мәңгі сақтап, тарихқа тағзым ету мақсатында қойылады. Әлемдік ономастикалық кеңістікте солай. Астана қаласының *годонимия тарихын* кезең-кезеңімен жүйелеп, қарастыру барысында біз меморативті *годонимдердің* тарихы Кеңес Одағы уақытынан басталғанын аңдадық. Қолда бар мұрағат деректеріне қарағанда, алғашқы меморативтер 1920 жылы Қазан Төңкерісінің 3 жылдығына байланысты берілген. Атап айтқанда, «Бұрынғы Церковная көшесі *Ленин*, Степная көшесі *Урицкий*, Новая көшесі *Троцкий*, Большая Базарная көшесі *К. Маркс*, Мечетная көшесі *Важитов*, Акмолинская көшесі *Коротков*, Южная көшесі *Кусков*, Гостинодворская

көшесі *Луначарский*, Торговая көшесі *Бухарин*, Станичная көшесі *Коширин*, Чернобродская көшесі *Зиновьев* атауларына ауыстырылып, ал оңтүстіктен солтүстік бағытындағы аты жоқ көшелерге жаңадан *Энгельс*, *Лобков*, *Каменев*, *Чернышевский*, *М. Горький* есімдері берілген» [4. 236]. Бұл - меморативті принциптің қаланың ономастикалық кеңістігінде жаппай үрдіс алуының бастамасы еді. 1934 жылы Ақмола қалалық Кеңесі Президиумының қаулысымен бірқатар «ескірген атауларға» жаңадан атау беріледі: Новая көшесіне *Сталин*, Станичная көшесіне *Буденный*, Чернобродская көшесіне *Тельман*, Лобков көшесіне *М. Горький* есімдері берілді [5. 89]. Сөйтіп, Астана қаласы көшелерінің аттары «құрмет тақтасына» айналады. Және ол «тақтаға» тек «лайықты тұлғалардың» есімдері ғана берілуі тиіс еді. XX ғасыр кеңес ономастика тарихын зерттеушілердің көрсетуінше, «егер 1920 жылдары белгілі бір тұлғаның есімін беру туралы шешім саяси және идеологиялық элитаның есімін сақтау мақсатында шығарылса, ал 1930 жылдары ондай шешімдер әскери төңкерісшілерге деген адалдық пен шынайы берілгендікті танытты» [7. 11]. Меморативті годонимдерді бекітіп, көше, алаң атауларына тіркеу идеологиялық сүзгіден өткен, мемлекеттік «маңызы ерекше» саяси үрдіс болды: ол халықтың санасын улап, оны ұлттығынан айыру еді. Елордамыздың кеңестік кезеңіндегі меморативті годонимдерінің 90-92 %-ы алып державаға қызмет еткен үкімет басшылары мен большевиктер партиясы көсемдерінің есімдерімен аталғанын аңғару қиын емес. Бұдан шығатын қорытынды, қаланың Ақмола және Целиноград кезеңдеріндегі меморативті годонимдерінде семантикалық принциптің мәні өзгеше танылды. Жалпы, меморативтердің берілу мақсаты – сол өлке, аймаққа қатысы бар (еңбегі сіңген, қызметі өткен) кісі, тұлға есімдерімен атау деп ұғынылады. Яғни, көшелерге берілген атауларда аймаққа, қалаға қатысты ақпараттық нышан, мағыналық сипат болуы тиіс. Ол информативтік, семантикалық принциптің «үшқынын» мына деректерден көреміз. 1934 жылдың қыркүйегінде жиырма күндік сапармен Ақмолаға С.М. Киров келеді [8. 87]. Сол жылдың желтоқсанында Ақмола қалалық Кеңесі Президиумының Қаулысымен С.М. Кировтың құрметіне Старая көшесі *Киров* болып өзгертіледі [9. 93]. Көше атауының бұлай өзгертілу принципі Кировтың Ақмола қаласында болғандығынан хабардар етеді, ақпараттылығы осы. Кеңес үкіметі тұсындағы демонстративті және меморативті принциптер қала годонимиясының өзіндік болмысын ашып көрсете алмады. Бұл жайт – Кеңестер Одағының бар аймағына тиесілі көрініс еді. Барлық қалалар мен далалардың годонимдер жүйесінен *Ленин*, *Маркс*, *Энгельс*, *Сталин* сынды көше, даңғыл, алаңдарды табуға болар еді. Сондықтан да кеңес, оның ішінде қазақ ономастикалық кеңістігі іштей серпіліске, жаңғыруға дайын еді.

Астана қаласының меморативті годонимдерінің жаппай өзгертілу кезеңінің келесі белесі XX ғасырдың 90-жылдарымен байланысты. Бұл кезең қазақ ономастикалық кеңістігінің, оның ішінде, әсіресе, Астана қаласы ономасти-

конының саяси, рухани қысымнан азат етіліп, ұлттық сипат ала бастауымен ерекше. Годонимдер ономастика кеңістігінің маңызды әрі елеулі саласы ретінде халық өмірінің тарихи, мәдени, саяси дереккөзі болып табылады. Сондықтан ол қоғамның талап-тілектерін орындауда, заманның сұраныстарына жауап беруде үнемі алдыңғы орында жүреді. XX ғасырдың 90-жылдарындағы қазақ ономастикалық кеңістігіндегі серпіліс, оң өзгеріс, жаңғырулар сол себепті де алғаш годонимдер бойынан белең ала бастады. Астана қаласының годонимдер кеңістігіне трансонимизацияланған онимдер, яғни меморативтер 1989 жылы ұлттық жаңарумен бірге келді. Мұрағат дерегі бұл жөнінде былай дейді: «Согласно заключения комиссии ЦК Компартии Казахстана (Решение от 10.04.1989 г.) по изучению творческого наследия деятелей науки, культуры и искусства и учитывая предложения городской комиссии по наименованию и перенаименованию улиц исполком Совета народных депутатов решил переименовать улицы: Водопроводную в улицу имени *А. Байтурсынова* крупного ученого лингвистика, литературоведа, тюрколога, поэта-переводчика и Омскую в улицу имени *Ж. Аймауытова* одного из основоположников казахского романа, известного лингвиста, поэта-переводчика» [10. 124]. Бастауын осылай алған меморативтердің ұлттық годоним ретінде бекітілуі, ұлттық мазмұнға сай қалыптасуы 1997 жылы аса қарқын алғандығын байқаймыз. Мәселен, «Астана қалалық тіл саясаты және ономастика жөніндегі комиссияның және қалалық мәслихаттың бірінші шақырылған кезектен тыс 27 сессиясының шешімімен *К. Маркс – Кенесары*, *Революция – С. Сейфуллин*, *Октябрь – М. Әуезов*, *Ленин – Абай*, *Авдеев – Ш. Уәлиханов*, *Буденный – Қорқыт*, *Смокотин – Жәнібек Тархан*, *Тельман – С. Торайғыров*, *Шмидт – М. Дулатов*, *Шверник – М. Тынышбаев*, *Сакко-Ванцети – Ә. Бөкейханов*, *Колочев – Г. Потанин*, *Вокзальная – Біржан сал*, *Социалистік – М.Х. Дулати*, *Дригзе – А. Затаевич*, *Сейфуллин – Р. Қошқарбаев* көшелері болып өзгертіледі» [11. 46]. Мамандардың мәлімдеуінше, Елорда көшелері атауларына ұлттық мазмұн беруде, әсіресе, 2007 және 2009 жылдардың орны ерекше. Қазіргі таңда Астана қаласында 934 көше бар десек, соның 93 %-ы таза ұлттық атаулар. Бұл жылдары тиісінше 432 және 201 көше қайта аталған немесе жаңа атау берілген. Осындай қарқынды үдерістің арқасында 1997 жылдан бүгінгі күнге дейін 817 көшеге жаңа атау берілген. Оның ішінде ескі атаулардың ауыстырылғаны – 400, жаңа атау иемденгені – 417. Елорда меморативті годонимдерін бүгінгі таңда ел, жер, ұлт тарихына, ғылымына, мәдениетіне, әдебиеті мен өнеріне, сондай-ақ әлемдік өркениет тарихына ерек үлес қосқан ұлы тұлғалардың есімдері құрайды. Бұл трансонимизацияланған онимдердің ұлттануында, әрине, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы мемлекеттік ономастика Комиссиясы нақты жұмыстар атқарып келеді.

Көше атауларының тарихи-мәдени, саяси код екендігін ескерсек, Елорда тарихының әр кезеңі қаланың көше, алаңдарына өз таңбасын салып отырған. Халықтың рухани және идеологиялық өміріндегі ол таңбалар соңғы уақытқа



дейін ұлттық құндылықтарымызбен қатар өмір сүріп келді. Дегенмен, күн тәртібінен түсті. Ол идеологиялық сарқыншақтың бірі Мирзоян көшесінің та-лай жылдар бойы өзгертілмей келуі еді. Әрине, годонимия тарихындағы он-дай құбылыстардың орын алуының белгілі себептері болды. 2015 жылдың 24-ақпанында Астана қалалық мәслихатының 5-шақырылған кезектен тыс сес-сиясының шешімімен Л. Мирзоян атындағы көше *Қ. Сәтбаев* көшесі болып өзгертілді. Көше атауының Қ. Сәтбаев есімін иеленуінің өзіндік номинациялау уәждері бар: *біріншіден*, Қаныш Сәтбаев – қазақ ұлттық ғылымына, мәдениетіне, тарихына еңбегі ерекше сіңген ғалым; *екіншіден*, Қазақ Ұлттық Ғылым Ака-демиясын ұйымдастырушы және оның тұңғыш президенті болған қоғам қайраткері, қазақтан шыққан тұңғыш академик; *үшіншіден*, Астана қаласының ономастикалық кеңістігінде Қ. Сәтбаев атына берілген ешқандай нысан атауы жоқ. Яғни, меморативті (семиотикалық) годонимдерді беру принципінің белгілеріне толық жауап бере алады. Сонымен қатар, осы отырыста қаламыздағы 119 көшеге *Ш. Айтматовтың*, Е-352 жобалық көшесіне *Будапешт*, 142-жобалық көшесіне *Ө. Жәнібековтің*, 209-жобалық көшесіне *Ұзақ батырдың*, 203-жобалық көшесіне *Жәрмеңке абыздың*, 188 көшеге *Ш. Қосшығұлұлының*, 200 көшеге *І. Ома-ровтың*, 59-жобалық көшесіне *Жантай батырдың*, Е-487 жобалық көшесіне *З. Шашкиннің*, Е-107 жобалық көшесіне *Ә. Өмірзақованың*, Н. Тілендиев ора-мына *А. Кенжіннің*, Жерұйық көшесіне (3-4 пикет) *Р. Дүйсенбаевтың* есімдері берілді. Дарабоз көшесі мен А. Тоқпанов көшелері біріктіріліп, *А. Тоқпанов* көшесі деп қайта аталатын болды [12].

Демонстративті және *меморативті* годонимдердің таңбалануында ескерер мәселенің бірі – атаулардың әр қала, өңірлердегі қайталанып берілуі, бір есімнің бірнеше қала, ауылдардағы годоним, ойконим, топоним нысаны болып келуі. Мәселен, Кеңес үкіметі тұсындағы *Ленин*, *Маркс*, *Крупская*, т.б. онимдердің барлық қала мен дала кеңістігіне годоним ретінде міндетті болғандығы секілді. Өмір тәжірибесі көрсеткендей, бұндай қайталаушылық бір қаланы екіншісінен ажыратып, ерекшелелеудің орнына олардың бірін-бірі қайталауына алып келді. Сондықтан годонимдер табиғатына тән ақпараттылық, мағыналылық (семан-тикалық), таңбалылық (семиотикалық) сияқты белгі-қасиеттер көше, алаң, даңғыл атауларын қайта қарастыруда мән берілуі тиіс бірден-бір ұстаным (принцип) болғаны жөн. Бұл тұрғыдан келгенде, Астана қаласының көше, алаң атауларын жаңғыртып, ұлттық сипатта сөйлетуде оң шешімін тауып отырған жайттарды атап өту ләзім. Мәселен, Астана қаласының қазіргі ономастикалық картасынан еліміздің басқа аймақтарында кездеспейтін *Уәлитхан Танашев*, *Ай-дархан Тұрлыбаев*, *Жаһанша Сейдали* секілді меморативтерді, *Саққорған*, *Абат Байтақ*, *Созақ*, *Орбұлақ*, *Қозыбасы* сынды тарихи атауларды, *Аушадияр*, *Адыр-на*, *Ақжелең*, *Әлқисса*, *Бәсіре*, *Шашу*, *Желмая*, *Көкіл*, *Қосбасар*, *Назқоңыр* секілді демонстративті годонимдерді табуға болады. Бұл Елорданың атаулар тарихын

өзге өңірлерден, *бірінішіден*, ерекше таңбалап көрсетуге қызмет етсе, *екіншііден*, ел орталығын қазақыландыруға, ұлттандыруға атсалысуға көмектесуде.

Тағы бір мән берер мәселе, Елорда көшелеріне атау беруде семантикалық ұстаным негізінде семантикалық «шоғырдың» пайда болуы. Қаланың белгілі бір шағынаудандарында әдеби-мәдени, тарихи-топонимикалық маңызы бар атаулардың бірыңғай берілуі еліміздің Бас қаласын өзге қалалардан ерекшелендіріп тұр. Мысалы, Сарайшық көшесі мен Қорғалжын тасжолының аралығында қазақ халқының тарихы мен әдебиетінде ерекше орын алған *Ақын Сара, Баян сұлу, Ұмай ана, Тұмар ханым, Айша бибі, Қыз Жібек, Ұлан, Домалақ ана, Қарашаш ана, Айман-Шолпан, Мәриям Жагорқызы, Қалқаман-Мамыр, Ләйлі-Мәжнүн, Ұлбике ақын, Ақжүніс, Ақбаян, Жұбан* аналардың құрметіне қойылған көше атаулары үлкен бір «шоғырды» (квадрат) құраса, *Бұрабай, Жайық, Ертіс, Бұқтырма, Есіл, Шу, Лепсі, Іле, Еділ* сияқты бірыңғай гидронимдік атаулар шоғыры: *Қордай, Түлкібас, Мойынты, Баянтау, Бөрілі, Сарқан* т.б. еліміздің өзге өңірлеріндегі тарихи топонимдік атаулардың шоғыры қаланың ірі шағынаудандарында орналасқан.

Қорыта келгенде, урбанонимия кеңістігіндегі годонимдер жүйесін тілдік-тарихи тұрғыдан қарастыру Астана қаласының хронологиялық сипатын аша түсуге септігін тигізеді. Сондықтан Елорданың ономастикалық келбетін сан түрлі ғылыми аспект тұрғысынан зерттей түсу маңызды болып қала бермек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Подольская Н.В. Словарь русской ономастической терминологии. – Москва: Наука, 1978. – С. 200.
2. Шмелева Т.В. Ономастика: учебное пособие. – Славянск-на-Кубани: Издательский центр филиала ФГБОУ ВПО «КубГУ», 2013. – С. 161.
3. Касымбаев Ж., Агубаев Н. История Акмолы (XIX – начало XX века). – Алматы: Жеті жарғы, 1998. – С. 176.
4. Астана қаласының мемлекеттік мұрағаты. 250-Қ., 1-Т., 3-І.
5. Астана қаласының мемлекеттік мұрағаты. 32-Қ., 1-Т., 7-І.
6. Дубицкий А.Ф. Пройдемся по улицам Целинограда. – Целиноград, 1990. – С. 111.
7. Мазур Л.Н. История России XX века а названиях населенных мест // Вопросы ономастики. 2011, № 2 (11), стр. 5-18.
8. Дубицкий А.Ф. Город на Ишиме. -Алма-Ата: Казахстан, 1986. – С. 152.
9. Астана қаласының мемлекеттік мұрағаты. 32-Қ., 1-Т., 7-І.
10. Астана қаласының мемлекеттік мұрағаты. 32-Қ., 10-Т. (қосымша), 307-І.
11. Астана қаласының мемлекеттік мұрағаты. 36-Қ., 2-Т., 34-І.
12. <http://egemen.kz/2015/02/25/50835>



Ш. Жарқынбекова

*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры,
филология ғылымдарының докторы*

А. Маукара

*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ доценті,
филология ғылымдарының кандидаты*

Годонимдер жүйесіне атау берудің қазіргі принциптері

Заманауи тіл білімі ғылымында қала ішілік нысандарды ғылыми тұрғыдан зерттеуге аса қызығушылық танытылып отырғаны белгілі. Қала кеңістігіндегі урбанонимдік нысандардың ерекше түрі – годонимдер болып табылады. Өзге нысан табиғатымен салыстырғанда, көше атаулары (годонимдер) өзінің динамикалық сипатымен айрықшаланады. Л.В. Егорованың пайымдауынша, «годонимдер – көшелердің, жағалаулардың, орамдардың «куәлігі» іспеттес. Ол қоғам өмірінің оңтайлы қызметін реттеуші маңызды бағдар болып саналады» [2, с. 231]. Урбаноним және қаланың ономастикалық кеңістігі жөнінде әр кезеңнің ғалымдары әр алуан қырынан қарастырып келеді. Атап айтқанда, А.В. Суперанская, М.В. Горбаневский, Э.М. Мурзаев, А.М. Мезенко, В.П. Нерознак, Г.П. Смолицкая, В.А. Никонов, Н.В. Подольская, М.В. Голомидова, Т.В. Шмелева, Б.Я. Шарифуллин, Т.Д. Жанұзақов, Е.А. Керимбаев, А. Әбдірахманов, К.Р. Рысбергген, С.К. Иманбердиева, Ә.Т. Қайдар, О.А. Султаньяев, Г.К. Қонқашбаев, Г.Б. Мадиева, Б.К. Бектасов, Б. Тілеубердиев, Ш.К. Жарқынбекова, А.Ш. Акжигитова, Д. Қамзабекұлы, Б. Әбдуәліұлы, Т.Г. Котлярова және басқалардың еңбектерін көрсетуге болады.

А.В. Суперанская атап көрсеткендей, бір типті мәдениетті елдерде қала ішілік нысандар да бір типтес болып келеді екен. Топонимдер, көбінесе, өзі атау алған жердің табиғатына сай қойылады. Олардың атауларын қоюға жергілікті тұрғындардың өздері қызығушылық танытады. Сол себепті басқа микротоптарға қарағанда, топонимдер сөйленісте жиі қолданыс тауып отырады да, олардың модельдері бірыңғай болып келеді. Бұл көше атауларының өте жоғары жиілікте аталуының бір себебі ретінде қаралады. А.В. Суперанскаяның айтуынша, урбанонимдердің табиғаты өзгеріске жиі түседі, «оның табиғи жолмен дұрыс дамуына адамдардың өздері кедергі келтіреді» [3, с. 75]. Бұл жайт, әсіресе, қала ішілік нысан атауларының дамуында жиі көрініс табады, себебі адамдардың қатысуымен ономастикалық комиссияның не болмаса жеке бір тұлғаның (тұрғын үй атаулары мен эргонимдерді атауда) бастамасы арқылы нысандарға атау беру белең алып отыр. Алғашқы жағдайда атау беру үдерісін үнемі қадағалап отыру қолға алынған, ал екінші жағдайда бұндай бақылау аса іске аса бермейді, өйткені әр ғимараттың өзінің «атау беретін тұлғасы» бар. Урбанонимнің құрамына

көшелерден басқа бірқатар ғимарат атаулары да кіреді. Сол себепті урбанонимдерге талдау жасау қала кеңістігін таныстыру үшін аса қажет. Өйткені ономастикалық кеңістікті өз бойына ауылдық қалалық, ғарыштық, әдеби, материалдық, рухани, ментальдық және т.б. нысандарды жинаған тұтас бір әлем деуге болады. Бұл тұрғыдан алғанда, урбанонимдерді кешенді түрде зерттеу қала кеңістігін нақты бір жүйеде қарастырғанда өз нәтижесін беретіні сөзсіз.

Бұл мәселе урбанонимдердің ұлттық ерекшеліктерін танытады. Олардың ерекшелігі қызметі жағынан да айқын көрінеді. Урбанонимдер бөлшектеуші, мекендік немесе бағдарлаушылық және символикалық қызмет атқарады. А.М. Мезенко урбанонимдердің мынадай белгілерін атап өтеді: «обусловленность внеязыковыми факторами; системность организации; общность выполняемых функций; наличие вариантов официальное/неофициальное название; наличие словообразовательных формантов структурно-грамматических типов; возможность быть зафиксированными в текстах художественных произведений, в результате чего вступать в другие системные связи и участвовать в стилистических приемах и др.» [4, с. 14].

Нысанды қарастыруда оны қай қырынан алып зерттеудің маңыздылығы ерекше. Ал урбанонимдерге келсек, оны грамматикалық сипат тұрғысынан талдау орын алған екен. Годонимдер жөніндегі зерттеу жұмыстарында көше атауларының сөзжасамдық формант ерекшеліктерін талдауға көп көңіл бөлінетіндігі байқалады. Қазақ тіл білімінде топонимдерді сөзжасамдық тұрғыдан зерттеген деп Б. Бияровтың еңбегін атауға болады. Ал грамматикалық белгілері Т.Г. Котлярованың жұмысында қарастырылады. С. Л. Казакованың еңбегінде урбанонимдердің лексикалық жүйесіне кешенді түрде зерттеу жүргізіледі: олардың мағыналық сипаты сол жергілікті жердің географиялық белгілеріне сай талданады. Урбанонимдердің лексикасы экстралингвистикалық факторларға қатты тәуелді болып келеді. С.Л. Казакованың пікірінше, олар өз кезегінде біздің дүниетанымымызға әсер етеді. Автордың бұлай прагматикалық тұрғыдан зерттеуі онимдердің функциялық мәні түсіндіріп, қоғамдық жағынан практикалық мәнін айқындауға да көмектеседі. С.Л. Казакова аталмыш тәсілді жүзеге асыруда логикалық факультативтілік, тілдік верификациялау ұғымдарын атай отырып, лексикалық тұрғыдан да зерттеу жүргізеді: «В самой семантике названия закодирована информация об отношении именуемого к именуемому, заложен прагматический потенциал. Экспрессивность новых названий неразрывно связана с прагматикой, т.к. именно в них отображается эмотивное отношение субъекта речи к человеку, к его внешнему и внутреннему миру. Экспрессивность топонима – его способность производить на реципиента определенный прагматический эффект. Топоним экономно не только сообщает об объекте, но и, одновременно с этим, и об отношении субъекта к называемому. Мотивом для создания эмотивного отношения служит образ, вызванный сложнейшим спектром



ассоциаций» [5, с. 48]. Бұл айтылғандардан шығатын қорытынды, аталымдардың уәжділігі белгілі бір түсінік тудыруы тиіс топонимдерді қабылдауда көп жағдайда тұрғындардың танымдарында ғана ашыла түседі. Автор, сондай-ақ, аталымдар мен олардың уәжділік үдерістері мән беруге тиісті нысандар екендігін көрсетеді, дегенмен олардың қандай жағдайда іске асатындығын ескертпейді. Келтірілген бұл дерек атаулардың қандай да бір себеппен біздің санамыздан өшіп, оның тек бейнесі не болмаса нақты бір түсінігі ғана сақталған жағдайда орын алуы мүмкін. Зерттеушілер атау беру үдерісін прагматикалық құндылықтарды жеткізетін «кеңістікті вербальды символдардың көмегімен түсініп, құрылымдау» ретінде қарастырады. Топоним топонимикалық тұлғаның ментальды тұрмысында өмір сүреді. Прагматикалық тұрғыдан қарағанда, урбанонимдік жүйе «материалдық және рухани бейне арасындағы» периферияда ғұмыр кешеді [5, с. 47]. Бұл жағдайда өзінің бойында сөйлеуші тұлғаның түсінігі мен символын жинақтайтын нысанның алғашқы аталымы маңызды орынға ие болады. Автордың бастапқы көзқарасы өзі қызығушылық танытатын нысанға бағытталады, ол өз кезегінде ассоциациялық аяның уәжділігін қалыптастырып, бейнелейді. Дегенмен, прагматикалық ақпарат сезім, көңіл-күй арқылы көрінуі де мүмкін. Мұнда басқы орынды коннотация алуы мүмкін. Бұл психоллингвистикаға жақынырақ келетін өте терең де күрделі үдеріс: реципиент урбанонимнің жеткізетін ақпаратынан жалпыланбайды, керісінше, көп жағдайда саналы түрде вербальды таңбаның эмоциялық және зияткерлік бағалауыштығына қатысып отырады. Әлеуметтік өмір шегіндегі қоғамдық және сөйлеу тәртібінің стереотиптерін ашып беретін тарихи мәдени кеңістіктегі ақпараттық және әлеуметтік қызметтер аталымдардың нақты анықтамаларын ашып, айқындап бере алады. Таңбаларды оқу, көбінесе, адамның формальды парасатынан гөрі оның эмоционалды зеректігіне байланысты болып келеді. С.Л. Казакова урбанонимдерді прагматикалық аспект тұрғысынан халықтың мәдениетін ғана емес, сонымен қатар оның рухани әлемі мен құндылықтарын бейнелеуші мәдени, ментальды құрылымдардан құралған белгілер деп түсіндіреді. Прагматикалық айқындылығы бар белгілерді танытатын ақпараттарды есептеу аса маңызды болып табылады. Себебі «Прагматическая прозрачность имени – это рефлексивная способность реципиента (носителя языка, инокультурного восприимчика) к соотносению языкового и внеязыкового знака имени, т.е. опознаванию в языковом знаке культурно-значимых, национально-специфических установок. Таким образом, прагматический аспект – это понимание ономастической номинации как особой модели речевого поведения, где имя – это знак-индивидуализатор, который не только на языковом, но и на речевом уровне свидетельствует о ценности вербального выделения отдельной реалии» [6, с. 51].


Маңызды құндылықтың құрамына халықтың мәдениеті жататындығы анықталды, сол себепті топонимдерді мәдениеттанымдық тұрғыдан қарастырған П.З. Гольдиннің ұстанымын дұрыс жасалған ұсыныс ретінде қарауға болады.

Зерттеушінің ұсынған тәсілі белгілі бір ақпараттарға толы белгілер ретінде урбанонимдер жөніндегі зерттеу болып саналады. Аталмыш тәсілде бірліктер ғана емес, толыққанды таңбалар жүйесі туралы, олардың танымдық-аксиологиялық деңгейге тигізетін ықпалы жөнінде айтылады. Сонымен, көшелердің мәдени мәтініндегі өзектілігін анықтауда ақпараттар ағынының сол жергілікті жерде қалыптасып, сақталғанына көңіл бөлген жөн. Автор қала кеңістігінің өзіндік сипатын айқындай келе, оның екі жағын ажыратып қарайды – қала-кеңістік ретінде және қала-атау ретінде. Бұл бөлшектеуде тілдік белгілерінің де көрініс бар ономастика саласының о баста география ғылымының ғана нысаны ретінде қарастырудың тарихы жатыр. Географиялық жақындық, сондай-ақ, алғашында «физикалық өлшемі мен шегі бар нақты бір мекенге тиесілі мәдени мәтінді қамтитын кеңістік» ретінде түсіндірілген «локус» терминінде көрініс тапқан еді [7, с. 112].

Зерттеушілердің жасаған түйіндері урбанонимдердің бойында біріктіруші сипат бар екендігін танытады. Сондықтан годонимдер жүйесін семантикалық және анықтамалық жағынан талдау мәселесі туындайды. Осыған байланысты және ҚР-ның топонимдік жүйесінің ерекшеліктерін ескере отырып, годонимия құбылысын метонимиялық ауыстыру мен когнитивтік ұстаным тұрғысынан қарастыру маңызды. Метонимиялық ауыстыру ұстанымының ерекшелігі Екатеринбург қаласының урбанонимдік дизайнын қарастырған М.В. Голомидованың еңбегінде арнайы сөз етіледі. Когнитивтік ұстанымның басты мәні халықтың дүниетанымындағы ұлттық ерекшеліктерді беретін концептілер мен ұғымдарды танытуында жатыр. Әлемді танып, қабылдай алу ерекшеліктері атаудың терең түкпірінде жататындығы анық. Аталмыш ұстаным қазақ топонимиясының негізінде жүргізілген Б.М. Тлеубердиев пен К.Р. Рысбергеннің лингвомәдениеттанымдық қырынан қараған талдау жұмыстарынан келіп шығады.

Метонимиялық ауыстыру ұстанымының мәні көшелерге атау берудің негізінде жатқан нысан атауларында жатыр. Ономастикалық кеңістіктің сан қилы аталымдар жүйесін ұсынып отырғандығы, соның нәтижесінде Ономастикалық комиссия өкілдерінің көшелерге атау таңдауда басты деген ономастикалық жіктелістерді басшылыққа алғандығы белгілі. Бұл жайт Астана қаласының урбанонимдік жүйесінің Қазақстан Республикасының ономастикалық кеңістігін тұтас бейнелеп отырғандығын көрсетеді. Бас қаламыздың көше атаулары еліміздің түкпір-түкпірінің физика-географиялық нысандарын қамтуымен айрықшаланады. Бұл уәжілік ономастикалық кеңістіктің түрлі топтарын ұсына алды. Атап айтқанда, гидронимдер (су кеңістігі атаулары), оронимдер (жер бедері ерекшеліктері атаулары), ойконимдер (жергілікті жер атаулары), астионимдер (қалалар атаулары), зоонимдер (жануарлар әлемі атаулары), фитонимдер (өсімдіктер әлемі атаулары), хрематонимдер (материалдық әлем атаулары), космонимдер (аспан денелері атаулары), мифонимдер (аңыз, ертегілерде кездесетін нысан атаулары), поэтонимдер (көркем шығарма және олардың кейіпкерлері атаулары), дримонимдер

(орман атаулары), сонымен қатар тарихи ескерткіштер мен маңызды нысан атауларын кездестіруге болады. Аталымдардың сандық көрсеткіші төмендегі суретте көрсетілді (1-сурет).




Сурет – 1. Метонимиялық ауысулар ұстанымы бойынша атау беру көрсеткіші

Аталмыш суретте көрсетілгендей, метонимиялық ауысулар бойынша атау алған нысандардың көбісі гидронимдер (су кеістігі атаулары) тобы екен (40%). Ең көп пайыздық көрсеткішті гидронимдердің қамтып отырғаны кездейсоқтық емес, себебі еліміздің көпшілік аумағын өзендер мен көлдер алып жатқандығы белгілі. Су ілкі заманнан-ақ өмірлік ең қажетті ресурстың бірі болып саналады, сол себепті халық оған ерекше құрметпен қараған. Ес білер ескі сақ, үйсін, ғұн дәуірлерінің өзінде суға бай өлке айрықша қадірленіп, мал және жер шаруашылығымен айналысуға арнайы бөлініп отырған. Су кеңістігі атаулары – тіршіліктің ең қажетті табиғи байлығының бірі. Метонимиялық ауысулар бойынша атау алғандардың ішінде екінші орында ойконимдер алады (25%). Бұл жайт Қазақстна Республикасында қалалық жерлерден гөрі ауылдық нысанның басым екендігімен түсіндіріледі. Қазақ ойконимдерінің ерекшеліктері көне аңыздардың негізінде уәждеделген қазақ тілі онимдерінің түбіріне байланысты. Ол түбірлерде жергілікті жердің бейнесін суреттеуші сипат болғаны анық. Жергілікті жер аталымдары қала атауларына қарағанда әлдеқайда ескі, сондықтан Ономастикалық комиссияның көптеген онимдерді жергілікті жер атауымен атағандары көңілге қонымды. Келесі орынды оронимдер (жер бедері атаулары) алады (20%). Оронимдер тобына тау, жайлау, асу, шың, құзарлардың атаулары кіреді. Қазақстан тауларымен мақтанады, таулар керемет табиғат ландшафтын сыйлайды, олардың көпшілігінің бойында гиперонимдер орны алған – «тау»: *Қаратау, Ұлытау,*

Мұзтау, Шыңғыстау, сондай-ақ, «құм» гиперонимімен келетін құмды дала атаулары да кездеседі: Қарақұм, Сарықұм, Алтынқұм. Дегенмен, тау атауларының ішінде Керегетас деген де атау кездеседі. Атау тастардан құралған қабырға ретінде таумен салыстырылып қойылуы мүмкін. Одан кейінгі орынды тарихи ескерткіштер алады (10%). Бұл топ тарихи жағынан маңызды орын алады, себебі атау қола дәуірінің, мезолит кезеңінің археологиялық ескерткішіне жатқызылады, сондай-ақ, атау құрылтай өткізілген тарихи орын ретінде қаралады. Бұл секілді атау беру үрдісі бізді тарихтың терең қойнауына жетелейді. Ал өзге аталым топтарына астионимдер (қалалар атаулары), дримонимдер (орман атаулары), хрема-тонимдер материалдық әлем атаулары, космонимдер (ғарыш кеңістігі атулары), фитонимдер (өсімдік әлемі атаулары), поэтонимдер (көркем шығарма мен оның кейіпкерлері атаулары), зоонимдер (жануарлар әлемі атаулары) жатады.

Когнитивтік ұстаным бойынша аталған аталымдар іштей мағыналық қатарға жіктелді: «туған жер», «адам», «өмір», «Отан», «қазақтың ұлттық мәдениеті». Аталымдардың сандық көрсеткіші келесі суретте анық көрініс береді (1-сурет).



Сурет – 2. Когнитивтік ұстаным бойынша атау берудің көрсеткіші

Келтірілген диаграммада когнитивтік принцип бойынша атау берудің пайыздық көрсеткіштеріне қарағанда «туған жер» (50%) ұғымымен байланысты туғандарының саны басым екені байқалады. Бұл қазақ халқының дүниетанымының сырларынан мәліметтер береді: ежелгі замандардан бері, қазақ халқының көшпелі тұрмысында, бағыт-бағдарды айқындап отыруда маңызды рөл атқаратын нысандарды есте сақтау «топонимикалық ойлау» жүйесін қалыптастырды. Осы негізде қалыптасқан атаулар қазіргі заман мүддесіне де қызмет етіп келеді.

Осылайша ономастикалық кеңістіктің перифериясына қатысты атаулар



олардың қалыптасуында да елеулі рөл атқарады. Атау берудің метонимиялық принциптерімен когнитивті принциптері қазақ халқының ұлттық дүниетанымының айнасы болып табылады. Қазақтың топонимикалық ойлау ерекшеліктерін көрсетеді және Астана қаласы тұрғындарының түйсігіндегі мәдени кодтарға функционалдық бағдар береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Подольская Н.В. Словарь русской ономастической терминологии. – Москва: Наука, 1978. – 198 с.
2. Егорова Л.В. Структурные типы топонимов Чувашской Республики // Вестник Чувашского университета. – Чебоксары: Чувашский Государственный университет им. И.Н. Ульянова 2012, № 4. – С. 231-235.
3. Суперанская А.В. Что такое топонимика? – Москва: Наука, 1985. – 177 с.
4. Мезенко А.М. Урбанонимия Белоруссии. Автореф. дисс. ... докт. филол. наук. – Минск, 1991. – 59 с.
5. Казакова С.Л. Урбанонимы в составе лексической системы языка // Проблемы теории, практики и дидактики перевода: материалы II Международной научной конференции. – Нижний Новгород: НГЛУ, 2009. – Вып. 11. – С. 121-126.
6. Казакова С.Л. Система урбанонимов и их прагматический аспект // Университетские чтения. – Пятигорск: ПГЛУ, 2009. – Ч. VI. – С. 45-51.
7. Гольдин П.З. Топонимика, локус и топос малых улиц в парадигме семиотики // Исторические, философские, политические и юридические науки, культурология и искусствоведение. Вопросы теории и практики. – Тамбов: Грамота, 2012. – № 11 (25): в 2-х ч. Ч. II. – С. 66-69.

М. Қайырова

Павлодар мемлекеттік педагогикалық
институты орыс тілі мен әдебиеті
кафедрасының доценті

ПРАГМАТОНИМДЕР ҚАЛА ОНОМАСТИКАСЫНЫҢ ҚҰРАМАДАС БӨЛІГІ

(Астана қаласындағы тұрғын үй кешендерінің атаулары бойынша)


Қазіргі елімізде ұлт бұрын соңды болмаған дәрежеде өзін-өзі танып(басқа жақын шетелдердегідей), әрі жақын шетелдермен қарым-қатынас тереңдеген сайын жаһандаудың тегеурінді ықпалы айқын сезілуде және ол ономастикалық кеңістіктен де көрініс беруде. Осы мәселемен айналысатын сала мамандарының жіті назарына алынған топонимдер мен антропонимдер ономастикалық аймақтың негізгі алаңына айналып отыр.

Ғылыми-зерттеу ізденісіміздің негізгі мақсаты ономастикалық аймақтың перифериялық алаңына айналып отырған нысан – тұрғын үй кешендерінің атаулары. Олардың әрқайсысы өзімен-өзі қалып қоймай, қаланың атау беру кеңістігінің құрамды бөлігін өз аясына топтастырады.

Тұрғын үй кешендері атауларының типологиясы мен семантикасын зерделеу үшін Астана қаласының аудандары бойынша синхронды зерттеу аясында атаулардың қорын құрған болатынбыз. Астана қаласы үш қалаішілік хоронимдерден (қаланың аудандары мен шағын аудандарының атаулары) тұратыны белгілі: Сарыарқа, Алматы және Есіл.

Астана қаласы бойынша 391 тұрғын үй кешені бары анықталды. *Сарыарқа ауданында* – 70 кешен, оның 40-ы қазақ тілінде, 27-і орыс тілінде, 3-і ағылшын тілінде. *Алматы ауданында* – 153 кешен, оның 76-сы қазақ тілінде, 67-і орыс тілінде, 10-ы ағылшын тілінде. *Есіл ауданында* – 168 кешен, оның 47-і қазақ тілінде, 59-ы орыс тілінде, 62-і ағылшын тілінде. Бұл материалдар интернет беттерінде жарияланған, сондай-ақ баспадан жарық көрген ақпарат-кітапшалар мен туристік карталардан алынды.

Сызбалар бойынша ұсынып көрелік:





Тұрғындар мен қала қонақтары көшелердің атаулары мен нөмірлері бойынша ғана емес, сонымен қатар тұрғын үй кешендерінің атауларына да қарап бағытын айқындайтын болғандықтан, қазіргі қоғамда жылжымайтын нысандарға атау беру барынша маңызды.

Жаңа қала құрылысы қарқынды дамып жатқан қазіргі жағдайда Елорданың онимдерін ғылыми-зерттеуге бағытталған жұмыстарды тұрғын үй кешендерінің атауларына арнаудың маңызы зор, өйткені қаланың ономастикалық кеңістігінің елеулі бөлігін тұрғын үй кешендерінің атаулары алып жатыр.

Қазіргі мегаполистің ономастикалық кеңістігіөте ауқымды және нөмірленген нысандардың түрлеріне қарай әртүлі болып келеді. Өмір сүрудің қазіргі қарқыны, байланыстың дамуы, қалаға көшушілер санының артуы, мобильділіктің жоғарылығы өз кезегінде құрылыс көлемінің ұлғаюына алып келіп отыр. Осыған байланыстықала ономастикасының құрамы жеделдетіп жаңа атаулармен толығып жатыр. Айнала қоршаған ортаны тереңдей танып, адамзат игерген білім салалары тереңдеген сайын тілдің сөздік қор қазынасы жаңа бірліктермен толығып келеді, бұл бүгінгі күннің шындығы болып табылады. Нарықтық экономиканың дамуы өмірге көптегенжаңа кәсіпорындар мен тауар түрлерін алып келді, олардың қолдан-қолға әрі қарай жылжуы үшін да лайықты атаулары болуы керек. Осы қарқынды даму ономастикалық атаулардың дамуына үлкен өзгерістер әкелді. Бұндай себептерге байланысты ғалымдар мынандай пікір айтады: «Именно поэтому большой интерес в настоящее время представляют так называемые периферические поля ономастики, включающие такие названия, в которых признаки имен собственных проявляются не в полной мере» [Исакова А.А.]. Они обычно занимают промежуточное положение между именами собственными и именами нарицательными и, как правило, называются *прагматонимами* [Подольская, Суперанская] или *прагмонимами* [З.П. Комолова, Исакова А.А.]. Под прагматонимом (словесным товарным знаком) исследователи вслед за Н.В. Подольской понимают имя марки, товара или вида предлагаемых услуг, охраняемое законом» [Подольская, 1988, 110]- деген қорытынды жасайды..

Бұған дейін жалпы ғылымда белгілі болғандай, лингвистер прагмонидерге сәриялы шетелдік тауарларды, колөнерді, өсімдік сорттарын, машина маркаларын т.б. білдіретін сөздік тауар белгілері ретінде қарайды [Исакова А.А.].

Прагматоним термнімен қатар лингвистикалық әдебиеттерде прагмоним термині кеңінен қолданылады А.А. Исакова бұл терминнің мағынасына мынандай түсінік береді: «также отвечает всем критериям образования ономастических терминов и может быть использован как синоним словесного товарного знака» [Исакова А.А.].

Бұл жұмыста екеуі әртүрлі мағыналы термин ретінде қолданылады.

И.В. Крюкова бұл топтағы онимдер үшін «жарнамалық атау» терминін ұсынады, алайда бұл терминдердің аясына тек қана сөздік тауар белгілері

(прагматонимы, прагмонимы) ғана емес, кәсіпорын атаулары (эронимдер), бұқаралық ақпарат құралдары атаулары (гемеронимы), салтанатты іс-шаралар, фестивальдар, конкурстар, сонымен қатар концерттер (геортонимдер), кез келген көлік түрлерінің жалқы атауы (порейонимдер) жатады. Автордың пікірі бойынша бұларды прагматикалық бағыттылығы және жарнама тіліне жататын ерекшеліктері біріктіреді [Крюкова В.И.].

А.В. Суперанскаяның пікірі бойынша, ономастикалық кеңістіктегі прагмонимдердің шеткерілігі оларды жеке кластарға бөлуге мүмкіндік бермейді. Олардың онимдер класындағы ерекшеліктері тауар маркалары немесе сөздік тауар белгілеріне келетінін мойындай отырып, автор соционимдер мен аппелятивтердің (жалпы есімдер) аралық жағдайында тұрғанын ескеретеді. Алайда, «тауарлық таңбалар мен тауар белгілерінің арасындағы тығыз байланыс – оларды жалқы есімдердің қатарына жатқызуға мүмкіндік бермейтін басы белгі» [4]. Н.Л. Шведова сондай-ақ прагматонимдерді де перифериялық онимдерге жатқызады, оның себебін прагматонимдергі құрылымдылық пен жүйеліліктің әлсіздігі, олардың ұзақ сақталмайтындығы, орфографиялық тұрғыдан тұрақсыздығы, тілдік модальар ықпалына көп түсетіндігі бойынша түсіндіреді [5].

Лингвистер прагматонимдердің төмендегідей негізгі белгілерін атап көрсетеді:

- прагматонимдердің шығу уәждері болуы керек, яғни олар мекеменің қозғалыс түрлеріне, белгілеріне және қызметіне сәйкес болуы тиіс;
- прагматонимдер жарнамалық қызмет атқаруы тиіс, яғни жарнамаланып отырған өнімге, тауарға (оның материалдық немесе рухани құндылық екеніне қарамай) адамның қызығушылығын арттырып, назарын өздеріне аудары керек;
- атау жеңіл есте сақталуы тиіс [Исакова А.А.].

Сонымен жоғарыда аталған прагматонимдердің үш түрлі сипатына тоқталып, оларды Астана қаласындағы тұрғын үй кешендерінің атауларына көшіріп көреміз.

1. Прагматонимдердің тұрғын үй кешендерінің атауы ретінде шығу уәждері құрылыс фирмалары мен олардың белгілерінен және міндеттерінен шығады. Мысалы, *BI City, BI Town, BI Village; Кенесары, Жеңіс, Ұлытау, Бөгенбай батыр, 6 микрорайон, За рекой и др.* (көшедегі, шағын аудандағы, өзеннің басқа жағалауындағы орналасқан жерін көрсетеді); *Целиноград, Жетісу, Есілжәне т.б.* (тарихи орындардың атауларын көрсетеді); *Алтын босаға, Шанырақ, Кереге* (көшпенділердің қазақ үйі мен оның жабдықтары бойынша атау); *Север, Запад, Восток, Юго-восток* (қай тұста орналасқанына байланысты төрт құбыла атауларынан жасалаған); *Свечки, Радуга, 7 бочек, Китайская стена* (сыртқа «формасына» байланысты қойылған атаулар), *Кукуруза* («түсіне» байланысты атау) және басқалар.

Ономосологияда уәжділік – атаудың өн бойынан көрінетін уәждеделген белгілердің негізінде атау берудің уәждеделген формасын құру үдерісінің нәтижесі. Лексикологияда уәжділік – атаудың тілдік немесе тілден тыс қызметінің өзара



қатыстылығы негізінде дыбысталуы мен мағынасының арасындағы байланыстың шарттылығын сезінуге мүмкіндік беретін, сөздің құрылымдық-мағыналық табиғаты [О.И. Блинова]. Сонымен О.И. Блинова, А.И. Моисеевтың соңын ала былай дейді: «слова, ясные в словообразовательном или этимологическом отношении, при прочих равных условиях (степень употребительности, характер предметной соотнесенности и проч.), легче воспринимаются и воспроизводятся, прочнее удерживаются в памяти, нежели слова, лишённые мотивации» [Моисеев, с.60].

Тұрғын үй кешендерінің атауларындағы шет тілі сөздерін игеруде көптеген қиындықтардың туындайтыны кездейсоқтық емес. Кірме сөздердің дыбыстық тұлғасын игерудің қиындығы мен шарттылық жақтары бар, өйткені мұнда атаудың мағынасы белгілі болмағандықтан, оның шығу уәжі де белгісіз, мұндайда «бөтен сөзді» есте сақтау да қиын. Мысалы, *Фiesta, Аурика, Аnато (Anpato Тауэр), Эгалите, Мах Royal, Avesta* және басқалар.

Астана қаласының ономастикалық кеңістігінде тұрғын үй кешендерінің уәжделген атауларымен қатар, уәжделмеген атаулар да кездеседі: *ОМК центр, №753, Нити, Лея*. Бұл аталған тұрғын үй кешендерінің атауларындағы уәждері белгісіз. Алайда, Т.Р. Кияк уәжділікті формасы (сыртқы сипаты) мен мазмұны (ішкі ерекшелігі) жағынан ажыратады. Мазмұндық уәжділік ішкі форманың бейімділігін сипаттайды: «Содержательная мотивированность характеризует способность внутренней формы отражать наиболее релевантные признаки языкового содержания слова или выражения, т.е. раскрывает ее структурно-семантические особенности в сопоставлении с лексическим значением» [Кияк, с. 77]. Мынаны ескеруіміз керек: шығу кезінде кез келген сөз уәжделген болып табылады.

2. Прагматонимдер – тұрғын үй кешенінің атаулары жарнамалық қызмет атқарады, олар жұрт назарын өзіне аудара отырып, тұрғын үй, мекен, отбасылық тамаша өмірді бейнелеу арқылы адам санасына әсер етеді. Эмоционалды-экспрессивтік және компоненттерінің мағынасындағы лингвистикалық елтанымдық ақпараттар арқылы прагматонимдердің семантикалық моделі коннотативтік деңгейге көтеріледі. Мысалы: *Мирный, Жибек жолы, Арман, Казына, Береке, Сказочный мир, Жаркын, Изумрудный, Янтарный, Керемет, Меруерт, Көркем, Грация, Тумар, Ақ Отау, Шанырақ, Алтын босаға, Кереге, Жар-жар, Женис, Ұлытау, Хан Тенгри, Аманкелді, Тұлпар, Абай, Авиценна, Абылайхан, Байконур, Каратау, Москва, Французский квартал, Дания и т.д.* Бұл жөнінде ғылыми пікірлер мына жайтқа назар аударады: «Эмоционально-экспрессивный компонент в большинстве случаев имеет положительный характер, что связано с рекламной функцией названий. Созданию экспрессивности способствует использование в качестве наименований разных объектов в разных странах оценочной лексики с положительным семным набором, а также коннотативных имен собственных ядерных разрядов (антропонимов, топонимов, мифонимов, астронимов, мифотопонимов)» [Крюкова, с. 14]. Құрылыс компания-

лары қатаң бәсекелестік жағдайында жұмыс істейді, сондықтан олар нарықта өз қарсыластарын жеңе отырып, сатылымның дәрежесін арттырудың жолдарын тұрғын үй кешенінің атауларынан да іздейді. Бұлар компания мен қаланың имиджін көтеретін, жылжымайтын мүлік нысанын сауатты сипаттап бере алатын, тек жағымды жақтарымен есте қалатын атаулар болуы керек. Осындай атауларды пайдалану арқылы нысан белгілі дәрежеде прагматикалық нәтижелерге қол жеткізеді. И.В. Крюкова мынандай сипаттама береді: «... рекламные имена выполняют важные социальные функции, несвойственные другим группам собственных имен: рекламную, информативную, функцию охраны собственности и гарантии качества» [Крюкова, с. 12].

3. Прагматонидер – тұрғын үй кешендерінің атаулары жеңіл есте сақталады және сөйлегенде бірге аталады. Мысалы, «ЖК «Солтүстік шұғыласы», сыртқы келбетінің тамаша сипатымен көзге түседі: билеп тұрған үш әсемдік, үш сұлулық тәңірі, әсемдік пен қуаныш ақбауыр бұлттар астында қалықтап бара жатқан секілді (жарнама). «Жетіген» ТК – бақытты өмір әуендері! (жарнама). И.В. Крюкова былай атап өтеді: «Мотивационные связи рекламного имени помогают ориентироваться в большом количестве названий, отражая при этом коммуникативно значимые признаки реалий. Эти связи поддерживаются контекстом» [Крюкова, с. 13]. Әртүрлі тұжырымдамалар, түпнұсқалық әрі батыл сәулеттік шешімдер арқылы тұрғын үй кешендерінің атаулары қала тұрғындары мен қонақтарының көз алдында және ойында оңай сақталады. Салыст.: *Свечки, Радуга, 7 бочек, Китайская стена* және басқалар.

Осындай сипаттарына қарай тұрғын үй кешендерінің атауларын толық мәнінде прагмотнимдердің немесе прагмонидердің класына жатқызуға болады.

Н.Л. Шведованың ілгерідегі пікірінде атап өткендей, прагматонимдерге орфографиялық тұрақсыздық тән болып келеді десе, бұл атаулардың графикалық бейнеленуінің тырнақшасыз берілуінен көрінеді. Аудандар мен шағын аудандардың (қалаішілік микротопонимдік атаулар) атаулары тынақшасыз жазылатынына міндетті түрде назар аударуымыз керек: *Сарыарқа, Алматы, Есіл* аудандары. Алайда, тұрғын үй сөзі қосылып аталатын кварталдардың, массивтердің, кешендердің және жекелеген үйлердің шартты атаулары тырнақшаға алынады, мысалы: «*Оңтүстік-шығыс*» тұрғын үй алабы, «*Жеңіс*» тұрғын үй кешені, «*Верный*» тұрғын үйі. Соның ішінде латын әріптерімен берілген жазулар тырнақшаға алынбайды. Осы орайда, тырнақшаға алынбау латын әріптерімен ғана ажыратылады, оның атау құрамындағы сөздің санына тәуелсіздігі, сөздердің тектік (род) қатынасына қатысының болуы не болмауы қалыптасқанереже секілді. Салыстырып көрелік: *Жилой комплекс EXPO Plaza, Жилой комплекс Arnai Premium, Жилой комплекс England*.

Біздің байқауымызша, баспадан шыққан және интернетте берілген туристік карталардағы тұрғын үй кешендері атауларының мемлекеттік тілдегі

нұсқаларында қателер кездеседі. Қазақ әліпбиіне тән ерекше *ә, ө, і, ұ, қ, ң, ғ* секілді дыбыс таңбалары ескерілмейді. Мысалы, *Коктал, Коксу, Коркем, Жети жол, Торлет, Сатты, Алтын босаға, Алтын гасыр, Шанырақ, Акерке, Ак дала, Жас канат, Жағалау, Ак бота, Улытау, Жануя, Казына, Саулет, Шығыс* және басқа атаулар осылай жазылады..

Прагматонимдердің табиғатына тән ерекшеліктердің келесі бірі тілдік мода ықпалына ұшырағыштығы. *Мода* ұғымына қызығушылық мәселесі әлеуметтік лингвистикада заңды құбылыс ретінде қабылданады. Соңғы он жылдықта қазіргі әлеуметтік лингвистика үшінөзекті мәселелер ауқымы кеңейіп, оның зерттеу нысаны тілдік мода, тілдік стиль, тілдік талғам ұғымдарымен толықты.

Бұл жағдайдың қалыптасуының себебін В.О. Врублевская былайша түсіндіреді: «изменение общественно-политического и экономического устройства страны, расширение международных культурных контактов, а в связи с этим стремление к владению иностранными языками и желание создать имидж европейского человека обуславливает престижность иностранных слов в речи» [Врублевская, с. 85]. Шетел тіліне әуестенушіліктің белгілері Астана қаласындағы тұрғын үй кешендері атауларынан айқын көрінеді. Жартылай шет тілі сөздерінен тұратын атаулар: *Айсанам De luxe, Арман De luxe, Alma Village, Asyl Park*, толықтай шет тілі сөздерінен тұратын атаулар: *ЖКHighvill Park, Manhattan Residence, Europe Palace, Pioneer, Expo Towers*.

Астана қаласының тұрғын үй кешендеріне шетел атауларын беру соңғы орында тұрмағанын ескеруіміз керек. Бұны дұрыс үрдіс деп есептейміз, өйткені соңғы жиырма жылда кірме лексика, соның ішінде шет тіліндегі атау беру әлеуметтің назарында құнды жаңалық ретінде орнығып келеді. Жаңалық қазіргі жаңашылдық талаптарының бірі болып табылады. Ал жаңашылдық нысандардың модаға лайықтылық шарттарының бір көрінісі. А.Б. Гофман оны мода құрылымындағы іргелі құндылық деп атаған: «Быть современным – значит идти в ногу со временем» [с. 18].

Сөзімізді аяқтай келе, зерттеу барысында жасалған қорытындылар, соның ішінде қаланың прифериялық ономастикасына қатысты тұжырымдар қосымша тереңдете зерттеуді талап ететінін айтқымыз келеді.

Б. Тілеубердиев

*М. Әуезов атындағы ОҚМУ филология
факультетінің деканы,
филология ғылымдарының докторы,
профессор*

Қазақ ономастикасындағы дүниенің (ғаламның) топонимиялық бейнесі

Ғаламның (дүниенің) топонимиялық көрінісі топонимиялық жүйе арқылы іске асырылады, ал топонимиялық жүйені тілдік және танымдық, когнитивтік тұрғыдан қарастыруға болады. Тілдік тұрғыдан қабылданатын, түсіндірілетін топонимиялық жүйе жалпы тіл жүйесінің белгілі бір бөлігі, фрагменті болып табылады, бұл дегеніміз – жер-су атауларының, топонимдердің жүйелі түрде ұйымдаса байланысқан жиынтығы. Сөз етіп отырған топонимдер жиынтығының жүйелілігі неде дейтін болсақ, біздің ойымызша, жүйелілік бірнеше белгілермен сипатталады. Топонимдер жүйе шеңберінде бір-бірімен байланысады, бір тілдік қолданыста болады, қазақ тіліндегі (қазақ тіліне енген) жер-су аттары болып келеді; жүйедегі топонимдер бір-бірімен парадигматикалық және синтагматикалық қатынаста болады; топонимиялық жүйенің жер-су аттарындағы құрылымдық, сөзжасамдық ерекшеліктері бәріне бірдей ортақ болып келеді; топонимиялық жүйе шеңберіндегі әр түрлі дәуірлерге жататын жер-су атаулары синхрондық түрде жинақталады т.б.

Топонимиялық жүйе тілде бір-бірімен заңды байланысқан тілдік (топонимдік) бірліктер арқылы келетін болса, аталмыш топонимиялық жүйе тілдік санада, адамның, этностың когнитивтік-ментальді болмысында, өрісінде өз көрінісін концептілер арқылы бере алады. Концептілер танымның, сананың ментальді құрылымдары болып табылады, концептілер жиынтығы топонимиялық фрагментін көрсетеді. Концептілерді белгілі бір бағытта реттеп, негізгі ұстанымдарға жетелейтін ментальді-топонимиялық стереотиптер болып табылады. Зерттеуші А.Арысбаевтың пікірінше: «ментальді-топонимиялық стереотиптер тілдік санадағы ментальді түсініктер түрлерінің молдығын, байлығын көрсетеді. Тіл – сана – орта (болмыс) жүйесінде стереотиптер жинағы байланыстырушы буын ретінде қабылданады. Топонимиядағы лингвистикадан тыс, экстралингвистикалық факторлар қоршаған ортаның айналық көрінісі арқылы ғана емес, сонымен қатар адамның санасы, оның түсініктері рухани байлығы арқылы да іске асады. Осы тұрғыдан қарастырғанда, әрбір топонимиялық жүйе әлем бейнесінің тілдік фрагменті түріндегі топонимиялық әлем бейнесін, болмысын көрсетеді» [151,16].

Дүниенің топонимиялық көрінісі топонимдер, яғни топонимдер жүйесі



негізіндегі концептілер, оларды белгілі бір топтарға біріктіретін, бірлестіретін ментальді-топонимиялық стереотиптер арқылы беріледі. Басқаша айтқанда, жер-су аттары (топонимдер) тек қана тілде, тілдік жүйеде өмір сүрмейді, сонымен қатар адам (этнос) санасында, танымында, жадында әрбір атаудың өз орны бар. Тіл әлемі мен табиғат (кеңістік) әлемі барысында оларды байланыстыратын адам әлемі бар. Кеңістік (орта, табиғат) адам арқылы оның ойлау жүйесі, сана, танымы негізінде ғана тілде, тілдік жүйеде өз «айналық» көрінісін бере алады. Топонимдердің (топонимиялық жүйенің) онтологиялық болмысы ментальді болмысымен тығыз байланыста біте қайнасқан, себебі топонимдер тілдік бірліктер ретінде ментальді болмыс арқылы өз көрінісін бере алады, ал ментальдік түсінік, түйсіктер топонимдердің, топонимиялық жүйенің концептілік құрылымдарында семиотикалық түрде жинақталған.

Дүниенің топонимиялық көрінісі тілдік сана болмысынан, этностық таным тұрғысынан қарастырылуы керек. Тілдік санада кеңістік жөнінде ұғым әр тарихи дәуірлерде қалыптасқан, сол дәуірден көрініс беретін ментальдік ұстанымдар, когнитивтік түсініктер жүйесі бар. Сонымен қатар әр топонимиялық тілдік тұлғада географиялық кеңістік жөнінде өз ментальді-топонимиялық түсініктері (стереотиптері) бар және өзіндік сөз қорында бір бөлігі ретінде топонимиялық қор (лексика) жинақталған. Ономастикалық ғылыми әдебиеттерде жеке тілдік тұлғаның топонимиялық қорын (лексиконын) «топонимикон» деп атайды, ал сол қордың иесін топонимиялық тұлға, яғни «топонимическая личность» деген терминмен атайды: жеке топонимикалық тұлға өзіндік топонимиялық дүниенің бейнесін, фрагментін құрайды, сөйтіп тілдік санасында, жадында орнықтырылады. Әр топонимикалық тұлғаның топонимиканы кеңістік өрісі жағынан да, топонимиконға енген топонимдердің құрамы мен саны жағынан да әр түрлі болып келеді. Кейбір тек тілдік (топонимикалық) тұлғаның топонимиконы тар, топонимикалық қоры кедей, аялық білімі аса кең емес болатын болса, керісінше басқа топонимикалық тұлғаның топонимиконы, яғни топонимикалық (лексикалық) қоры да оған қатысты лингвоментальді өрісі де өте бай әрі кең болып келеді.

Этностың дүние көрінісін белгілейтін топонимиялық бейнесі жеке адамдардың этнос өкілдерінің ғаламды (дүниені) суреттейтін топонимиялық көріністерінен құралады. Осы тұрғыдан қарайтын болсақ, этностың ғаламды бейнелейтін топонимиялық көрінісін жеке тұлғалардың дүниені бейнелейтін топонимиялық көріністерінің жиынтығы деп те түсінуімізге болады. Сонымен, ғаламның топонимиялық бейнесін, көрінісін этносқа, ұлтқа, халыққа қатысты және жеке адамға, топонимикалық тұлғаға, ұлт өкіліне қатысты ретінде екі тұрғыдан қарастырып, сипаттауымызға болады.

Ғаламның (дүниенің) топонимиялық бейнесі түрлі концептілерден құрылады немесе суреттеледі, алайда дүниенің топонимиялық көрінісінде негізгі, ең маңызды да елеулі концептілер «кеңістік» концептілері болып табылады. Оның

себептері де түсінікті: топонимдер кеңістікте орналасқан белгілі бір географиялық және антропогендік нысаналарды (объектілерді) белгілеп, атайды. Сонымен қатар, дүниенің топонимиялық бейнесінде «адам» макроконцептісіне қатысты көптеген микроконцептілер жинақталған, сондай-ақ ғаламның топонимиялық көрінісінде «қоғам» макроконцептісіне қатысы бар тағы да «идеологиялық», «қоғамдық», «экономикалық» т.б. микроконцептілердің өз орындары бар.

Еңбектің тиісті жерінде (тарауында) «кеңістік» концептісі жөнінде сөз етілген, аталмыш концептінің мифологиялық, тарихи т.б.көріністері сипатталған, яғни «кеңістік» концептілерінің диахрониялық тұрғыдан өзгеріп тұратындығы жөнінде айтылған. «Кеңістік» концептісі лингвоментальді құрылым ретінде ментальді-топонимиялық стереотиптерге негізделеді және әр тарихи кезеңдерде кеңістікті ұғыну мен түсінудің өзгеруіне байланысты кеңістікті бейнелейтін топонимдердің құрамы мен уәждік сипаты өзгеріп тұрады. Осы заңдылықты ескере отырып, әр тарихи дәуірдегі дүниенің топонимиялық көрінісін, өзгешеліктерін, ерекшеліктерін көрсете біліп, сипаттаған жөн болады. Сонымен қатар геокеңістіктің құрылымдық сипатына да тоқталып, сол сипаттарды айқындап беруге болатын сияқты. Географиялық кеңістіктің құрылымдық сипаттары сол географиялық ортада өмір сүрген, тіршілік жасап келе жатқан адамдардың (этностың) дүниеге, өмірге, тіршілікке деген көзқарастарына, танымдарына, ұстанымдарына байланысты екенін ескеруіміз қажет. Кез-келген жер-су атының тілдік көрінісі сол атауды қойған, тілде белгілеген адамның, қауымның, этностың дүниетанымына, ментальді-когнитивтік болмысына қатысты екені айқын.

Қоршаған ортаны танып дүниенің топонимиялық бейнесін суреттеуде негізгі бірнеше ұстанымдар, яғни қағидалар арқылы жүзеге асырылады. Кеңістікті танып, игергенде, сол тану, игеру нәтижесін тілде, яғни топонимияда белгілегенде Л.И.Дмитриеваның көрсетуінше, үш қағида «жұмыс істейді»: ол қағидаларды топонимиялық тұлға санасындағы ментальді модель деп те атауымызға болады – бағыт-бағдарлық (маршруттық) модель, шеңберлік (радиальдік) модель, тұрмыс-тіршіліктік кеңістік моделі [154,22].

Адамзат қауымындағы ең алғашқы топонимдердің пайда болуы осы маршруттық моделдің арқасында, негізде іске асырылды деп жорамалдауымызға болды. Басқашалап айтсақ, ежелгі адам кеңістікті игеру барысында көкөніс, жеміс-жидек, шөп тамырларын іздеп, жүру бағыттарын салғанда географиялық нысандарды атай бастаған. Көшпенділерге тән мал жаю, малмен бірге көшіп-қону шаруашылық тұрмыс тіршілігінде кеңістікті игеру, тану, нысандарын атау осы бағыт-бағдарлық (маршруттық) модель арқылы іске асырылды. Ең алғашқы немесе негізгі топонимиялық көрініс (бейне) көшіп-қонып, кеңістікті танып, игеріп жүргендегі дүниенің топонимиялық бейнесі болып саналуы керек сияқты.

Бағыт-бағдарлық модель негізінде кеңістікті танып, игеріп, нысаналарын



атап отырған адам (этнос) дүниенің төрт тұсын және өзінің соған қатысты атап отырған географиялық нысандарын бағдарлауы қажет еді. Осы уәждік негізге байланысты дүниенің (ортаның) топонимиялық бейнесінде бірқатар географиялық терминдермен (апеллятив) жер-су аттары пайда болды. Сонымен қатар біздің ойымызша, маршруттық модельде кеңістікті немесе географиялық объектілерді атауда, тануда (тілде, санада, бекітуде) адам өз дене мүшелеріне қатысты ментальді түсініктерді қолданған көрінеді. Осы үрдісті біз географиялық апеллятивтер құрамынан және топонимияда кездесетін анатомиялық (соматикалық) атаулардан байқауымызға болады. Қазақ топонимдері мен апеллятивтер құрамында төмендегідей анатомиялық терминдер кездеседі: бас, төбе, аяқ, ауыз, табан, қойын, бауыр, көз, мұрын, арқа, төс, қабырға, бет, қабак, тамақ т.б. Кеңістікте орналасқан табиғи объектілерді бағдарлап айқындауда, географиялық нысандардың өзін сипаттауда адам немесе жануарлардың дене мүшелерінің орналасу тәртібіне сүйену – адамдардың ментальді түсініктерін көрсетеді. Сол танымдық түсініктер аясында қоршаған орта, оның нысандары жалпы айтқанда адамға, адам немесе жануар дене мүшелеріне ұқсатылған. Осыған қарағанда әлемді тану процесі, әлемнің тілдік көрінісі, соның ішінде әлемнің топонимиялық көрінісі адамның өзінен басталады, яғни, адам – дүние құрылымының моделі, үлгісі болып табылады. Тілдің дүниетанымдық көріністері көбінесе адамның ішкі дүниесі сияқты адамға қатысты сөздер арқылы көрінеді. Адами танымды сипаттауда соматикалық тіркестер – бас, аяқ, көз, құлақ, тамақ, мойын, іш, өкпе, ми, тырнақ, тіл, бет, жүрек, сүйек, тән, қан, арқа т.б. Бұлар – географиялық терминдердің де құрамында көптеп кездеседі және семасиологияның ұқсату заңына байланысты апеллятив терминдерге әлдеқашан айналып кеткен адами таным негізінде екінші рет атау болған сөздер. Қоршаған ортаны, кеңістікті бағыттық тану моделіндегі дүниені адамиландыру, антропоморфыландыру көне адамдардың (қоғамның) мифтік, мифопоэтикалық танымына, мифтік санаға да байланысты болған. Ежелгі замандарда орын алған мифтік сана бірден толығымен жойылып кетпейді, оның сарқыншақтары күні бүгінге дейін жеткен. Қазақ топонимиясындағы жоғарыда аталған анатомиялық географиялық терминдер мен топонимдер соның тілдік көріністері. Кеңістікті тану, тілдік (апеллятивтік және онимиялық) бірліктермен қоршаған ортаны (кеңістікті, оның нысандарын) белгілеу (таңбалау) жоғарыда көрсетілген бағытта да іске асырылады. Осы үрдістің тілдік нақты айғағы ретінде төмендегідей жер-су аттарын мысал ретінде келтіруге болады: Сарыарқа, Арқалық, Алғабас, Мұзарт, Қарауыз, Аяққамыр, Бастөбе, Бауыр, Тасбел, Сарыбет, Қарабүйір, Табан, Мойынды, Қазақ, Иекті, Көзбұлақ, Кіндікті, Еренқабырға, Мандайтас, Төскейбет, Мибұлақ т.б.

Дүниенің топонимиялық бейнесін суреттеудегі бағыт-бағдарлық таным моделіндегі тек қана көлемі шағын келетін кеңістікке тән микротопонимдік атаулар ғана қолданылмаған, осы бағыттық модель аясында біздің пікірімізше, өте

үлкен, көлемді географиялық нысандар да атау объектілеріне айналған. Мәселен, Арқа (Сарыарқа) атауының түрлі этимологиясы бар – соның бірі: тарихи мәні бар – «артымыздағы ел», «арт жақта орналасқан жұрт» дейтін болсақ, дегенмен *арқа* апеллативінің түпкі мағынасы анатомиялық *арқа* (жон арқа, «спина») деген сөзге тірелетін сияқты. Сол Ұлы Жонның (Сары Арқаның) шығыс бүйіріне көне қазақтар Ерен Қабырғаны орналастырған, яғни Тянь-Шань тауына сондай атау берген.

Әлемнің топонимиялық көрінісіне тән тағы бір ерекшелік – кеңістікті бағыт-бағдарлық модель арқылы игергенде визуалды факторға үлкен мән беру керек болып табылады. Басқа сөзбен айтқанда кеңістіктің бағыттық моделінде, жылжу барысында (бағыттық саяхатта, көшу жолында, малды жаю қозғалысында) географиялық нысанды, әсіресе, алыстан, көзбен байқап (көріп) сол табиғи объектінің ең алғашында түр-түсіне назар аударылады. Сол себептен географиялық жалқы және жалпы есімдерде түске байланысты атаулар жиі кездеседі. Е.Ә.Керімбаевтың мәлімдеуінше, Қазақстан оронимдерінің 20% өзінің құрамында түсті білдіретін сын есімдерден құралған: қара, ақ, сары, көк, қызыл, ала, шұбар, қоңыр, боз, жирен, қу, құба, шағын, ұлан т.б. [221,17].

Әлемнің топонимиялық көрінісіндегі атауыштық процесінде орын алған радиальді (шеңберлі) модель, қағида төмендегі ерекшеліктерімен белгіленеді. Кеңістікті радиальді модель тұрғысынан құрылымдағанда кеңістіктің ортасы, кіндігі және сол кіндіктен: этникалық, семантикалық рухани т.б. орталықтан бірінен кейін бірі орналасқан шеңберлей келген кеңістіктерден құрылады. Қазақ мифологиялық дүниетанымында *Көктөбе*, *Қазығұрт*, *Байтерек* немесе басқа да киелі табиғи нысандар жер кіндігі, жер ортасы болып табылады. Сол жер кіндігінде қазақ халқының ел ортасы, атамекен шеңберінен кеңістігін құрайтын тау, өзен, бұлақ, дала, ағаш-орман, сай-сала т.б. географиялық нысандар орналасқан. Рухани, этникалық орталықтан алыстай келе көп жағдайда жау, жат болып келетін танымайтын, бөгде кеңістіктер орналасқан. Жорыққа немесе саяхатқа шыққан эпикалық ертегілік кейіпкерлер жат елдерде, алыстағы кеңістіктерде жалмауыз, мыстан, албасты, дию, перілермен кездеседі. Топонимиялық танымдағы радиальді моделде «алыс» - «жат, жау», ал «жақын» - «ел, жұрт» деген ментальді-топонимиялық түсініктерді топонимиялық атаулар арқылы да білдіре білген. Әр топонимиялық тұлғада жүрегіне ыстық естілетін, мәңгілік жадында қалатын атамекен атаулары бар десек, артық айтпаған болар едік. Атамекен атаулары кіндік қаны тамған, балалық шағы өткен, еш уақытта ұмытылмас, қимас Отанының, ата жұртының символы іспеттес екені баршамызға аян, сол себепті осындай киелі ұғым қазақ топонимиялық әлем көрінісіне тән деп айтуымызға болады.

Алыстағы жат жерлерді, жат елдерді топонимияда белгілеу үшін Барскелмес, Итжеккен, Балқантау, Ұрым, Қырым т.б. топонимиялық атауларды қазақтар қолданған. Жоғарыда келтірілген жер-су аттары біріншіден, «алыс», «алыстағы



жер» деген ұғымды білдіреді, екіншіден, *Барсакелмес* және *Итжеккен* атаулары жағымсыз коннотацияға ие болған болса, Балқантау, Қырым топонимдері жағымды коннотацияларға ие деп айтуымызға болады.

С.Қондыбай: *Балқантау* – алыста жатқан қиял белгісі, құпиялық пен киеліліктің метафорасы дей келе, географиялық кеңістікте реальді *Балқан таулар* бар екендігін көрсетеді: «Гора, часто используемая в фольклоре как метафора отдаленности, таинственности и сакральности. У казахов сохранился только отрывок древнего стихотворного текста.

Барар жерің Балқантау,
Ол да біздің көрген тау.

Стремление дойти до этой горы – мечта кочевника. Она имеет мифологическую нагрузку. Кроме европейских Больших Балкан, название которых связана с булгарами или огузами, известно еще несколько Балкан: первые находятся в Северо-Западной Туркмении, это – Балханские горы, известные в казахских эпосах крымского цикла под названием Ок-Балкан. Вторые – в Центральном Казахстане, северо-восточной окраине Сарыаркинских гор, это гора Ку Балқантау. Третья и четвертая – в Западном Башкортостане, в Давлеканском районе, около озера Асылыкуль и в Кунчакском районе, вблизи р. Дема» [192,94-95].

Қазақ танымындағы кеңістікте топонимдер арқылы құрылымдаудың тағы бір дерек белгісі мына бір тұрақты сөз тіркесінен аңғарылады.

Ұлың ұрымға, қызың Қырымға кетсін.

Дәстүрлі танымда Ұрым да (кейде - Үрім), Қырым да – алыс, жетуі қиын шалғай жер мен ел. Әдетте, ғылыми әдебиеттердің өзінде ұрымды көне Рум (Рим), ал *Қырымды Крым түбегімен сәйкестендіреді. С.Қондыбай еңбектерінде мифопоэтикалық Ұрым мен Қырымды жоғарыдағыдай сәйкестендіру кате екені көрсетіледі. Мәселен, Ұрым жөнінде С.Қондыбай былай жазды: «Никому не пришло в голову, что у древних тюрках и их потомков в мифопоэтической системе существовал другой, архаический Рум – Урум. Образ подобного Урума сохранился в протобулгарской традиции. По-видимому, булгарский Урум в VI-XII веках локализовался в Северо-Кавказском регионе, в Покубанье и на Таманском полуострове, где в VI-VII веке существовало протобулгарское государство, например, название страны Урум, зафиксированное в надписях Культегина (VIII) связано именно с тюркоязычными булгарами (утригуры и кутригуры) [192,239].*

Термин «Крым» не имеет ничего общего с реальным географическим объектом, полуостровом «Крым», - деп жазады С.Қондыбай [192,165]. Осы зерттеушінің пікірінше, Үстірттің көне атауы *Қыр* болған, XIV ғасырда Үстірт (Маңғыстау) аймақтарында алғашқы қазақ қауымы («есен-қазақтар») қалыптасқан, сол ортадан шыққан батырлар *Қыр (Қырым) батырлары* – «Қырымның қырық батыры» атанып, Үстірттің бастапқы атауы (*Қыр*) ұмытылып, *Қырым* – өте алыста жатқан жер, ел деген топонимиялық ұғым пайда болған.

Бағыт-бағдарлық топонимиялық модель бойынша құрылымданған кеңістікте тағы да қазақ халқына кеңінен танымал *Жиделі Байсын*, *Жерұйық* сияқты топонимдер бар. «Алпамыс» эпосында Жиделі Байсын Алпамыстың, қоңырат елінің ата жұрты. *Жиделі Байсын* жер атауы Өзбекстандағы Сурхандарья облысы Байсунтау өлкесінде кездеседі.

Жерұйық топонимінің географиялық орны, мекені белгісіз, себебі бұл топоним мифотопоним, яғни мифтік, қияли жер-су атаулар қатарына жатады. *Жерұйық* – киелі жер, *ұйық* – көне түркі тіліндегі ыдук («киелі») («ыдук йер-суб» - «киелі жер-су») сөзінің фонетикалық варианты.

Жоғарыдағы дерек-келтірімдерді есепке алатын болсақ әлемнің топонимиялық көрінісінде кеңістік бағыт-бағдарлық модель екі түрлі тұрғыда берілген: шағын аумақтағы кеңістік (маршруттық саяхат, мал жаю, көшу-қону барысындағы) және орасан кең, аумақты геокеңістік (*Балқантау*, *Итжеккен*, *Ұрым*, *Қырым*, *Барсакелмес*, *Жиделі Байсын*, *Каф (Қан)* таулары т.б.) Ментальді топонимиялық құрылымдағы кеңістіктің осы екі түрі де топонимиялық көріністің *шеңберлі (радиальді)* типіне де жатқызуға болады, себебі кіші кеңістік (кеңістіктер) шағын радиустағы «атажұрт, атамекен» кеңістігіне жатады, ал үлкен кеңістіктің шет шекарасында немесе одан ары «жат территориясы» немесе «мифтік кеңістіктер» орналасқан.

Тұрмыс-тіршіліктік (болмыстық) кеңістіктің әлемнің топонимиялық көрінісіндегі берілуі, яғни құрылымындағы өз ерекшеліктерімен, өзгешеліктерімен айқындалады. Осы модель бойынша кеңістікті ментальді өрісті құрылымдау, құрамдау шаруашылық факторының ықпалына, әсеріне байланысты болып келеді. Географиялық кеңістікті, ортаны тілдік санада және тілдің өзінде (лексикада, топонимияда) белгілі бір дискретті нысандарға, бөлшектерге айқындап бөлу, атау, тану, игеру, тілдік және ментальді айналымға енгізу жоғарыда аталған экстралингвистикалық, лингвистикалық т.б. көптеген факторларға байланысты екені мәлім және кеңістіктің *ландшафттық* ерекшеліктеріне де қатысты екені дау туғызбайды. Басқаша айтқанда, кеңістік жүйелі түрде өзінің санадағы ментальді көрінісін және тілдегі топонимдік (лексикалық) құрамын, келбетін көрсете алады. Осы бүгінге дейін қазақ топонимика саласында жүргізіліп келе жатқан барлық дерлік зерттеулер негізінен топонимдердің тілдік (лексикалық, яғни топонимдік) көрінісін айқындап, сипаттап келеді, ал когнитивтік ономастика (топонимика) қағидалары бойынша кез-келген ономастикалық бірліктер жүйесінің ментальді, когнитивтік ой-санадағы көрінісі, болмысы бар.

Кеңістікке қатысты ментальді және тілдік көріністер бір-бірімен өзара изоморфтық түрде байланысқан, яғни кеңістіктің тілдік көрінісі ментальді (когнитивтік) болмыстың айнасы, айғағы іспетті болса, ментальді (тілдік ой-санадағы) көрініс өз таңбасын, бедерін кодталған түрде тілде, яғни топонимиялық (лексикалық) жүйеде тайға таңба басқандай қалдырған. Сол себепті орыс зерттеушісі Л.М.Дмитриева айтқандай, топонимиялық жүйенің онтологиялық



болмысы заңды түрде оның ментальдік қызметімен, болмысымен біте қайнасып бірлескен, сондықтан да топонимиялық жүйенің сол тілде сөйлеушілер санасында өз орны бар.

Экстралингвистикалық факторлар [шаруашылық және тұрмыстық (материалды) және рухани мұқтаждықтар (құндылықтар)] топонимиялық жүйенің құрамы мен құрылымын жасауға детерминанттар (себепші негіздер) болып келеді, сонымен бірге топонимиялық жүйенің (топонимдер жиынтығын) этнос және жеке топонимикалық тұлғаның ой-санасында құрылымдануына және орнығуына өз ықпалын тигізіп, шешуші рөлін іске асырады.

Дәстүрлі топонимика аясында жүргізілген көптеген зерттеулерде мал шаруашылығына қатысты топонимдердің топтамасын, сол топтамаға енетін жер-су аттарын тілдік (лексикалық) белгілер арқылы айқындайды: топонимнің тұлғалық құрамында, құрылымында малға, мал шаруашылығына қатысты сөз (лексема) болса, сол сөз аталмыш топқа немесе топоним түріне жатқызылады.

Айтылған ой-тұжырымдамамыз айғақты болуы үшін мысал ретінде Оңтүстік Алтай оронимдерін зерттеген Б.Н.Бияровтың еңбегінен үзінді келтірейік. Бұл орайда Оңтүстік Алтай оронимдерінің мал шаруашылығына байланысты қалыптасқан атауларын өз ішінде саралап жіктеп көрсету тиімді болмақ:

«1) мал және басқа үй жануарлары туралы әр түрлі мәлімет беретін Ақтайынша, Ақтүйе өлген, Алтысыыр, Биесоймас сай, Ешкіөлген, Итөлген т.б. оронимдерге тілдік талдау жасалды;

2) малдың қысқы, жазғы тұрақтары, өрісі жөнінде мәлімет беретін, құрамында қора, қотан, жұрт, қыстау, тепсең, үйез, жалақ т.б. терминдері бар атаулар талданды: Байқотан. Бауырдағы қора, Қаламақ жұрт, Қиын қыстау, Тасүйез т.б.;

3) малға жайылым болатын шөпті, сазды жерлердің аты осы топқа жатқызылды: Ақөлең, Бақбақ, Бозжусан, Жапырақты, Жатақсаз, Құрымбай сазы, Майсаз, Отсаз, Ашылы, Белаши т.б.;

4) мал суаттарын білдіретін атаулар гидрографиялық индикаторлар арқылы талданып берілді» [222,19].

Осы үзіндіден байқағанымыз, топонимдердің мал шаруашылығына қатыстылығын географиялық жалқы есімдердегі тілдік деректер, лексикалық компоненттер арқылы айқындап, жіктеп, көрсетіп дәйектеуге болады. Ал осындай атауларды қою үшін аялық білімде сақталып келген, сол кезде орын алған лингвоментальді түсініктер, ұстанымдар уәждік себептер т.б. дүниетанымдық және тілдік сана құрылымдары өте үлкен, маңызды рөл атқаратыны күмән тудырмайды. Дәстүрлі ономастикада (топонимикада) осы лингвоментальді жағдаяттарға назар салынбады, себебі ономастика саласындағы зерттеулер «таза» тілдік, лингвистикалық, тіл-жүйелілік бағытта жүргізілді, ал антропонегіздік парадигма зерттеушілердің назарынан тыс қалып отырған. Антропонегіздік парадигманың қағидаларына сәйкес кез келген тілдік, лексикалық бірлік, жүйе, құбылыс,

адам, оның ой-санасы, ментальді болмысы, адами фактор негізінде қаралуы тиіс. Тілдік жүйенің адам санасы жүйесімен онтологиялық және қызметтік, іс-әрекеттік болмыстары біте қайнасқан, екі жақты бірақ тұтас құбылыс, феномен екенін қазіргі заманымыздағы когнитивтік тілтаным мықтап есінде ұстауға тиіс.

Жоғарыда келтірілген топонимдер тек қана жер-су атауларының мал шаруашылығына «қатысын» көрсетумен шектелмейді, осы топонимдерде этностың ойтаным табиғаты бейнеленген, мыңдаған жылдарда жинақталған таным тәжірибесі имплицитті түрде кодталған. Тарихи географияның білгір маманы проф. В.С.Жекулин былай дейді: «... географиялық атаулар өзінің семантикасы жөнінен утилитарлы. Олар сан ғасырлық шаруашылық әрекеттің нәтижесінде қалыптасатын табиғатқа деген көзқарасты бейнелейді» [223,78]. Табиғатқа деген көзқарас шаруашылыққа деген мұқтаждықтың негізінде қалыптасты, сол себепті жергілікті жердегі табиғат жағдайларының басты белгілерін топонимдерде бейнелеудің өзі сол белгілердің шаруашылықты жүргізу маңыздылығымен анықталады. Көптеген географиялық терминдерде, мыңдаған тіпті жүз мыңдаған жер-су аттарында көшпелі қазақ малшысы қоғамға қажетті сан алуан географиялық ақпар жинақтады, осы мол және де бай географиялық ақпарат қазақ этносының әлем тілдік көрінісінің фрагменті болып саналатын дүниенің топонимиялық көрінісінде сақталған.

Қазақ топонимдерінің этноэкологиялық негіздерін зерттеген К.Каймулдинова географиялық атаулардың мағыналық жүктемесі мал шаруашылығының қажеттіліктерінен туындағанын атай келе, былай деп жазады: «Қазақ халқының географиялық терминдері мен атауларының *ақпараттық жүктемесіне* қатысты мынадай мәселелерді атап өтуге болады:

- Мал шаруашылығын жүргізу тәжірибесі ұрпақтан ұрпаққа жергілікті табиғат ерекшеліктерін ескеру, ортаға бейімделу тұрғысынан беріліп отырғандықтан, географиялық жағдайлар, шаруашылықтың мамандану тәрізді факторлары халықтық географиялық терминологияның жіктелуі мен өзіндік ерекшеліктерін тудырды;

- Табиғат жағдайларын сипаттайтын жер-су аттарында жергілікті жердің ландшафттық келбеті бейнеленіп, халықтың географиялық білімі жинақталған;

- Халықтың табиғатты пайдалану жүйесі, оған негіз болған ландшафт компоненттерінің (литология, жер бедер климат, су көздері, топырақ, органикалық дүние) біртұтас жүйенің ерекшеліктері микротопонимдердің мағыналық жүктемесінде өз «ізін» қалдыратыны нақты мысалдар арқылы дәлелденеді;

- Жайылымдардың семантикалық үлгілерін қарастыру нәтижесінде оларда табиғат ерекшеліктері (рельефі, литологиясы, ылғалдану дәрежесі, өсімдік дүниесі) және шаруашылықты пайдалану дәрежесі мен мүмкіншіліктері жөніндегі деректер жинақталғандығы анықталды;

- Мал шаруашылығын ұйымдастырудың көшпенді сипаты қазақ топоними-

ясында бағдарлау нүктелері мен маусымдық қоныстарды, көшу маршруттарын айрықша атаулармен бейнелеуге негіз болғандығы анықталды» [224,56].

Жоғарыда келтірілген топонимдермен географиялық апелляция тердің ақпараттық жүктемесі дегеніміз – табиғат ерекшеліктері мен мал шаруашылығына тиімді немесе тиімсіз жағдайлары, қоршаған ортаға шаруашылық мүдделеріне, мұқтаждықтарына сай ерекшеліктерін, қасиеттерін байқау және пайдалану сияқты көптеген ақпараттар, оларды халықтық географиялық білім деп түсінуіміз керек. Осы ғасырлар бойы қалыптасып жинақталған аялық білім халық жадында концептуальді және лингвоментальді түрінде сақталып, қызмет еткен. Сол бұрынғы көшпелі заманнан алыстап кеткен, урбанизация мен глобализацияның ықпал-әсерлеріне ұшыраған бүгінгі қазақтар мол және бай халықтық географиялық білімнен, рухани құндылықтарымыздан арылып қазіргі сәтте мүлдем мақұрым қалып отыр.

Жоғарыдағы ойдан төмендегідей тұжырым жасауға болады: әлемнің топонимиялық көрінісі динамика процесіне ұшырайды, демек, әр тарихи заманда (дәуірде) өзгеріп тұрады, кейбір элементтері ескіреді, ұмыт болады, ал қайсыбірі жаңаланып, адамдардың дүние туралы ментальді түсініктері толығымен түседі.

Мысалы, өткен және одан бұрынғы ғасырлардағы әрбір малшы қазаққа мәлім және түсінікті болған жайылымдар жөнінде (түрлері, ерекшеліктері, пайдалану жолдары мен тәсілдері т.б.) лингвоментальді ұғымдар қазіргі қазақтардың көбінің тілдік санасында жоқ десек қателеспейміз.

К.Каймулдинова жайылымдық терминдер мен топонимдік атаулардың семантикалық ақпараттарын қарастыру арқылы олардың табиғат ерекшеліктері (рельефі, литологиясы, ылғалдану дәрежесі, өсімдік дүниесі) және шаруашылыққа пайдалану дәрежесі мен мүмкіншіліктері жөніндегі деректерді ескере отырып, жайылымдардың мынадай семантикалық топтамасын жасады: «түсіне байланысты – ақтебін, алатамыр, алатебін, боз, керала, қараот, қоңыр, шұбар; *литологиясы бойынша* – ащы, ащылауыт, борбас, құм, сор, сортаң, тақыр, татыр; *жер бедері бойынша* – аяқ, бауыр, бөктер, жарық, қабақ, қойын, өзек, тепсең, төр, төскей; *климаты бойынша* – желкем, желқара, күнгей, қағыл, қараш, теріскей; *ылғалдығы бойынша* – бидайық, қақ, қопа, саз, томар; *өсімдігі бойынша* – атжал, аңыз, беделік, көкорай, тал, тоғай, шалғын, шиыр, шұрат, шілік; *пайдалану ерекшелігі бойынша* – биебау, жайлау, көктеу, күздеу, келте қыстау, қойтебін, қорық, қыстық, отар, өртең» [224,39].

К.Каймулдинованың келтірген топтамасынан мал шаруашылығына байланысты жайылымдар жөнінде қазақ халқының ғасырлар бойы жинақтаған ақпараттарын, қоршаған ортаның, дүние болмысын егжей-тегжейлі сипаттайтын ментальді таным көзқарасын байқауға болады. Сырт көзге қарағанда тек түсті білдіретін жайылым атауларында басқа да аялық қосымша коннотациялары бар ақпараттар жинақталған. Мысалы, *ақтебін* және *алатебін* деген атауларда *ақ*, *ала* терминдерінің семантикалық жүктемесі ерекше, себебі *алатебіндегі*

ала – тұяғымен «теуіп (тебіп)» қар астындағы шөпті ақ қар астынан ашып, кей жерлерде қар ашылмай қалып, ала болып қалған қар басқан қысқы жайылымды сипаттайды. Сонымен, *алатебін* толығымен пайдаланылмаған қыстық жайылымды білдіреді. Жұт болудың бір себебі – тебіндік жайылымдардың үстін қатты аяздан кейін (қар аралас жаңбырдан соң) ат тұяғы сындырамастай мұз басып қалады. Мыңдаған қой, жылқы мұз астындағы шөпке жете алмай үш күнде түгелімен қырылып қалады екен. Міне, осыдан келіп «Бай – бір жұттық, батыр – бір октық» деген түсінік қалыптасқан болу керек.

Сортанды жайылымдарды қазақ халқы түсті білдіретін атаулармен атаған, бірақ Қазақстанның әр ландшафттық бөліктерінде, аймақтарында осы жайылымдардың өз ерекшеліктері болған. Мәселен, XIX ғасырда қазақ шаруашылығын зерттеген орыс экспедициясы еңбегінде *керала* атауы жөнінде былай жазылады: «...селеулі даланың жалпы көрісінен ерекшеленіп тұратын, ойдым-ойдым сортаңдармен жабылған даланы қырғыздар (қазақтар – Т.Б.М.) осылай атайды» [225,15]. Селеулі (акселеу) дала *боз* болып көрінеді, боз деп қазақ селеудің бір түрін де атайды, ал даланың сортаңды жерлері қоңыр (баран) түсті болып көрінгендіктен, сол жайылымның түрі *керала* аталған көрінеді. Жайылымның аталған түрі негізінен Қазақстанның солтүстік, орталық аймақтарында кездеседі.

Шұбар атты – жайылымдар Қазақстанның әр өңірінде өзіне тән өзгешеліктерімен сипатталады. Шұбар Солтүстік Қазақстанда – «қайыңды – көктеректі шоқтар». Ал Жетісуда Алакөл маңында *шұбар* деп «құрғақ сортаңдарды» атайды [189,126]. Сортаңды жайылымдарға *алатамырлар* да жатады. Ғ.Қоңқашбаев алатамыр терминінің Қазақстанның шығыс бөлігінде қолданылатынын айта келіп, оларды «астық тұқымдас өсімдіктер мен көкпекті, жусанды сортаңдар кезектесіп келетін жерлер» ретінде сипаттайды [224,40].

Әлемнің, қоршаған ортаның топонимиялық көрінісінің белгілі бір құрылымдарын, бөліктерін құрайтын жайылым, ландшафт атаулары қазақ халқының ментальді өрісінде, жадында сақталып таным процесінде және тілдік қолданысында болатындығын атап кеткеніміз жөн. Ал жоғарыда келтірілген және де басқа лингвоментальді микроконцептілер қазіргі заман қазақтарының тілдік санасында, когнитивтік өрісінде жоқтың қасы деп айтуымызға болады. Бұл құбылыс көп факторларға байланысты, солардың ең негізгісі – көшпелі мал шаруашылығы қазақ этносының кәсібі, тұрмыс-тіршілігінің өзегі ретінде сақталмай, біржолата жойылып кеткендігінде болып тұр.

Қоршаған ортаның, яғни, ландшафттың ерекшеліктерін жіті байқап, ментальді және тілдік болмысында шебер жіктеген көшпелі қазақ халқы Қазақстанның құмды шөлдеріндегі жайылымдарды *қоңырлар*, *құмдар* және *шұраттар* деп бөледі. Ғ. Қоңқашпаевтың пікірінше *қоңыр* деп өсімдікпен бекіген, қыста мал үшін жақсы жайылым болатын төбелерді атайды. Е.Қойшыбаев өзінің сөздігінде *қоңыр* жөнінде былай деп жазды: «Қоңыр – республика облыстарының көбіне



тау-тау, құмды, қырқалы, таулы аймақтарындағы жайлау, қыстау, жайылым аттары. Түспен немесе ауа райымен байланысты атаулар болуы екіталай. Ыңғайына қарағанда, топоним төркіні түркі немесе түркі-моңғол тілдерінде бұрын болған, бірақ беріде жаңғырған өсімдік (от) атымен аталғанға ұқсайды» [184,170]. Осы терминге байланысты *Байқоңыр* топонимі жөнінде проф. Т.Жанұзақ: «Кең алқапты алып жатқан Байқоңыр даласы мал шаруашылығы үшін қолайлы жер дей келіп, атаудың мағынасын топырақ пен өсімдіктің түсіне (қоңыр) және «қоңыр» көмір кенінің (мол) болуына қатысты түсіндіреді [153,148].

Құм (құмдар) атты жайылымдар туралы К.Каймулдинова толыққанды лингвоментальді түсініктер берген деп есептейміз. Осы зерттеушінің мәлімдеуінше: «Құмдар көшпенді қазақ шаруашылығы үшін ғасырлар бойы қысқы жайылым ретінде пайдаланып келген. Қазіргі кездің өзінде малшылар оңтүстіктегі құмдарға мал қыстатады. Қыста мұнда қар жамылғысының тұрақты болмауы, күзгі жаңбырдан кейін өсімдіктің қаулап өсуі, құмды төбелердің малды суық желдерден қорғауы, жерасты суының жақындығына байланысты құдық қазу мүмкіншілігінің болуы құмдарды қысқы жайылымдар ретінде сипаттауға себепші болды. Тарихи-археологиялық деректер де осы айтылғанды дәлелдей түседі. 1839-1840 жылдары Батыс Қазақстанды аралаған Е.П.Ковалевский туралы Б.А.Вальскаяның жариялаған еңбегінде Үлкен Борсықта, Аққұмда қазақ малшыларының қыстайтындығы туралы мәліметтер бар. Сонымен, «құм» сөзінің ландшафтық термин ретінде қалыптасуына құмдардың шаруашылықтық маңызы, яғни жайылымдық мүмкіншіліктері белгілі дәрежеде рөл атқарған» [224,41-42].

Байқап отырсақ жайылым атаулары өзінің ақпараттық-когнитивтік семантикасында мал шаруашылығы қажеттіліктерінен туындаған түрлі табиғи жағдайларды сипаттайды, мал шаруашылығын жүргізу «технологиясының» ерекшеліктерін айшықтайды, табиғатты (географиялық ортаны) тану, игеру, пайдалану барысында оны концептілер арқылы бейнелейді. Жоғарыда көрсетілген жайылымдарға қатысты түрлі тілдік және экстралингвистикалық ақпараттық мәліметтер аталған терминдердің микроконцептілік құрылымын қалыптастырып, құрайды. Әрине, сол микроконцептілердің өрісі мен аумағы жұмыста берілген үлгілерден әлдеқайда кең және ауқымды, себебі келтірілген жайылымдар түрлеріне қатысты лингвоментальді мәліметтерді әлі де толықтыруға, жан-жақты сипаттауға мүмкіншіліктер бар.

Қазақ тілінде бейнеленген әлемнің топонимиялық көрінісі тек жайылым атауларында жинақталған ақпараттық таным көріністерімен шектелмейді. Осында микроконцептілік көріністер алуан түрлі, оларды толық, жүйелі түрде талдап беру бір еңбектің көлеміне сыймаған болар еді. Қазақ топонимдерінде (топонимиялық жүйеде) дүние, адам, қоғам, рухани және материалдық мәдениет, этнос өмірінің сан қырлары жайында орасан мол когнитивтік ақпарат жинақталған. Адамның, этностың дүниетанымы, ой-санасы, тарихы, шаруашылығы, мәдениеті, ғасырлар бойы жинақталған сан-салалы тәжірибесі тілдік жүйеде, сол жүйенің құрамдас

бөлігінде: жалқы есімдер жүйесінде, ары қарай тармақтай келсек, топонимиялық жүйеде де өз тілдік көрінісін сақтаған. когнитивтік ономастика, соның ішінде когнитивтік топонимика аталған баға жетпес өте мол лингвоментальді байлықты айқындап, ашып, ғылыми түрде сипаттап ұлт ұғымының ғылыми және рухани әлеміне қайта жаңғыртып енгізу керек. Қазақ ономастикасының бүгінгі кезеңдегі өзекті де елеулі мәселелерінің бірі – жоғарыда көрсетілген мәселе болып саналады.

Ғаламның (дүниенің) ономастикалық бейнесі – ономастикалық концептілердің жүйелі де кешенді жиынтығы, ұлт танымының жалқы есімдер деңгейіндегі және жүйесіндегі тілдік көрінісі. Дүниенің ономастикалық көрінісі адам танымынан түрлеріне қарай бөлінеді. Мысалы, ғаламның мифонимиялық бейнесі – мифологияның түрлі қабаттарынан құралатын мифонимдер арқылы ғаламның моделін, құрылысын көрсететін лингвоментальді кешен. Дүниенің мифтік бейнесін сомдайтын мифологияның өзі көп қабатты және диахрониялық тұрғыдан келгенде көп деңгейлі болып келеді.

Антропонимдер, яғни антропонимдер жиынтығы (кешені) мифонимдер сияқты тілдік семиотикалық таңбалар ретінде қазақ танымында, тілдік санасында өз әлемін құрып, сол әлемнің тілдік көрінісін бере алады. Ғаламның қазақ тіліндегі антропонимиялық бейнесін суреттеудегі ең алғашқы мифтік көріністерін құрайтын мифтік антропонимдер, мифоантропонимдер және олардың коннотациялары, лингвоментальді кешендері болып табылады. Алуан түрлі антропонимиялық концептілердің этномәдени мазмұны, хронологиялық сипаты, әлеуметтік, тілдік ортадағы қызметі, қазақ дүниетанымындағы орны ерекше және мәні зор.

Ғаламның (дүниенің) топонимиялық көрінісі топонимиялық жүйе арқылы іске асырылады, яғни әрбір топонимиялық жүйе әлем бейнесінің фрагменті түріндегі топонимиялық көрінісі тілдік сана, этностық таным тұрғысынан қарастырылуы тиіс.

Тілдік дүниетаным көріністері топонимияда негізгі үш қағида (ұстаным, стереотип) арқылы берілген: 1) бағдарлық (маршруттық), 2) радиальдік модельдері, 3) тұрмыстық-тіршіліктік кеңістік моделі арқылы. Кеңістікке қатысты ментальді және тілдік көріністер бір-бірімен изоморфтық түрде өзара байланысты, яғни кеңістіктің тілдік көрінісі ментальді, когнитивтік болмыстың айнасы, айғағы іспетті. Ментальді (тілдік ой-санадағы) көрініс өз таңбасын, бедерін кодталған түрде тілде, яғни топонимиялық (лексикалық) жүйеде тайға таңба басқандай қалдырған.

Әлемнің топонимиялық көрінісі динамикалық процестерге ұшырайды, әр тарихи заманда (дәуірде) өзгеріп тұрады, кейбір элементтері (фрагменттері) ескіреді, ұмыт болады, ал қайсыбірі жаңаланып дүние, адам, қоғам, рухани және материалды мәдениет жайында сан қырлы орасан мол когнитивтік мәліметтер мен ақпараттар жинақталған. Адамның, этностың дүниетанымы, ой-санасы, тарихы, шаруашылығы, мәдениеті, ғасырлар бойы жинақталған сан-салалы тәжірибесі тілдік жүйеде, сол жүйенің құрамдас бөлігінде – жалқы есімдер жүйесінде, ал дәлірек айтсақ топонимиялық жүйеде өз тілдік көрінісін сақтаған.



Қ. Сапаров

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры,
география ғылымдарының докторы

БАЯНАУЛАНЫҢ ТҮСКЕ БАЙЛАНЫСТЫ АТАУЛАРЫ

Қоршаған ортаны танып, дүниенің топонимиялық бейнесін суреттеуде негізгі бірнеше ұстанымдар, яғни қағидалар арқылы жүзеге асырылады. Атап айтсақ *бағыт-бағдарлық* (маршруттық), *шеңберлік*, *тұрмыс-тіршіліктік*, *кеңістік* моделі. Адамзат қауымындағы ең алғашқы топонимдердің пайда болуы осы маршруттық модельдің арқасында іске асырылған. Кеңістіктің бағыттық моделі, жылжу барысында (бағыттық саяхатта, көшу жолында) географиялық нысанды, әсіресе көзбен байқап, сол табиғи нысанның ең алғашында түр-түсіне назар аударылады. Сол себептен географиялық жалқы және жалпы есімдерде түр-түсіне байланысты атаулар жиі кездеседі [4].

Кеңістікті игеру барысында көшпелілер ерекше нысандарды бағдар ретінде пайдаланып, номинация принципін жүгініп, ажырата білген. Ландшафт ерешеліктерін анықтауда түске байланысты географиялық атаулар мен терминдердің рөлі айқын байқалады.

Номинация барысында кеңістіктегі бағдарлаушы нысандардың алдымен көзге түсетін белгілері: *ақ, қара, көк, сары, жасыл, қоңыр, ала, қызыл, боз, кер, шұбар т.б* жиі байқалады. Мұның өзі көшпелі қазақ (түркі) дүниетанымен тікелей байланысты болып келеді [1]. Барлық көне ұғымдар сияқты, метафоралық сипат алған бұл атаулар да белгілі уақыт аралығында қазақ халқының аса бай, жіктелген географиялық терминалогиясының алтын қорына енген.

Түркі халықтарының түспен байланысты геосимволикасында солтүстік қара түспен байланысты болып келеді. Белгілі түркітанушы ғалым А.Н. Кононов атап өткендей, кеңістік символы ретінде алынған «қара» этнонимдерде де халықтың мекен ортасының географиялық орнын білдіреді [2].

Қара сөзінің полисемиялық сипаты көне түркілер жасаған әлемнің кеңістік бейнесіндегі «солтүстік» ұғымымен де анықталады. Арқа сөзі кейбір түркі тілдес халықтарда «солтүстік» ұғымын қалыптастырады. Қазақтардың көктем мезгілінде *«Арқаға көштік»* ұғымы осыған саяды. Сондықтан түс атаулары тілдегі дәстүрлі мағыналық жүктемемен қатар, кеңістік туралы айрықша географиялық ақпарды бейнелеген деуге болады. *«Қара»* сөзінің жалпытүркілік тағы бір мағынасы «жер, құрлық» деген ұғыммен байланысты.

Көнеден сақталған әлемнің кеңістік бейнесінде Тәңірмен байланысты жоғарғы әлем *ақ* түспен, ал төменгі әлем *қара* түспен бейнеленеді [3]. Қазақ топонимиясындағы «қара» лексемасы салыстырмалы түрде жазық кеңістіктегі оқшауланған төбелерге, тауларға, бастауын жер асты суларынан алатын өзендерге,


сол сияқты тау жыныстарының түсін анықтайды. Ландшафт ерекшеліктеріне тән қасиетті сипаттайтын *Қарақұм* атауы өсімдікпен бекіген құмды шөлдерге қатысты қолданылса, *Қаратау* жотасы жазда төбесі қарсыз болғандықтан аталса керек. Сондықтан этнос үшін қоршаған ортаның белгілі нысандарына атау беру маңызды рөл атқарған.

Қандай да болмасын ландшафттың (тау, жазық, дала және т.б) келбетін бейнелетін нақты ерекшеліктер, белгілі бір ландшафт түріне сәйкес келетін терминдер мен географиялық атаулар тобын қалыптастырады [1].

Е. Керімбаевтің мәлімдеуінше, Қазақстан оронимдерінің 20%-ы өзінің құрамында түсті білдіретін сын есімдерден құралған: *қара, ақ, сары, көк, қызыл, ала, шұбар, қоңыр, боз, жирен, қу, құба, шағыр, ұлан* және т.б [5]. Түсті білдіретін сын есімдер әдетте нысандардың түсін немесе түрін білдіре отырып, тау, тас, төбе, бұлақ, арық, биік, су, бет дала, жол, сор, құм, сеңгір, жон және т.б географиялық нысандарды анықтау үшін де қызмет етеді. Бұл мәселелерге қазақ топонимикасында алғаш рет топонимист Е.Қойшыбаев ерекше көңіл аударды. Ол *Ақтөбе, Ақдөң* топонимдеріндегі «ақ» - сын есімі «шөп», «шөпті» деген мағынаны білдіреді деп санайды. Ал геологтардың пікірінше *Ақтас, Ақтау* сияқты оронимдердегі ақ сөзі осы аталған орографиялық нысандардың құрамында «гипс», «әк», «мәрмәр» т.б жыныстардың бар екенін білдіреді.

Мәселен, тілші-ғалым К.К. Юдахин өз сөздігінде қырғыз тіліндегі *қара* сөзінің он алты түрлі, *қызыл* сөзінің жеті түрлі мағынасын келтіреді [6]. Алайда ең негізгісі, ең бірінші мағынасы түр-түсті білдіру де, қалғандары соның негізінен тарайтын ауыспалы мағыналар болып табылады. Өйткені адамзат дүниені тани бастағаннан-ақ түр-түсті ажырата білген (психолог-ғалымдардың айтуынша ең алдымен *ақ* пен *қара* түсті ажыратқан).

Ақ-қара сөзінің антонимі болғандықтан, олардың мағынасы бір өлшемде грамматикалық, семантикалық сипатқа ие. Біздің зерттеулерімізде Баянауыл аумағында түске байланысты 367 атау қарастырылып, яғни барлық топонимдердің (3800 атау) 1,2%-ын құрайтыны анықталынды. Олардың көпшілігі орографиялық және гидрографиялық атауларда жиі кездесетінін аңғаруға болады (сурет – 1).



Сурет 1 – Түске байланысты атаулардың таралу ареалдары



Атауды географиялық нысанмен салыстыра қарағанда, ақ түсінің реңктері (ақшыл, сұр, боз т.б.) көбінесе ажыратылмай жалпы «ақ» деген сын есіммен ата-ла беретіні байқалады. Қазақстан жерінде ақ қарлы таулардың кездесуі және әсіресе, ақ түсті сортаң жерлердің басым болып келуі әсер етеді. Маңғыстаудың жер бедері, гидрография, топырақ жамылғысы, өсімдік және жануарлар әлемін және ландшафт ерекшеліктерін сипаттайтын топонимдердің көпшілігі *ақ, қара, қызыл, сары* түстерге байланысты қойылған. «Ақ» түске байланысты оронимдер мен гидронимдер: *Ақбас* құдығы, *Ақбұлақ*, *Ақаян* төбесі, *Ақбұтақ* төбесі, *Ақжарбұлақ*, *Ақмешіт* төбесі, *Ақлан* (Оғланды) қорғаны, *Аққұт* құдығы, *Аққұрық* құдығы, *Аққұдық*, *Аққара* қыстауы, *Ақорпа* құдығы, *Ақсай* жырасы, *Ақсексеуіл* қонысы, *Ақсу* төбесі, *Ақсұртау*, *Ақтау* тауы, *Ақтөбе* қыстауы, *Ақтікенді* бейіті, *Ақшоқы* құдығы, *Ақшүймек* төбесі, *Ақшыңырау* құдығы, *Ақшұқыр* құдығы мен ауыл атауларын қарастыруға болады [7].

Ақ сөзіне байланысты қойылған гидронимдер мен микрогидронимдердің атауларының өзіндік сыр-сипаты бар.

«Ала» сапалық сын есімі «ақ» және басқа түстердің араласып келген түрі екені мәлім. Ала сөзінің сын есімінің алуан түрлі ауыспалы мағынасы бар болғанымен, жер-су атауын жасарда үнемі дерлік өзінің түр-түсті білдіру мағынасында жұмсалады. *Аламұрын* қонысы, *Алатөбе* құдығы, *Алаторпа* төбесі т.б. атаулары бар.

Көне түркілік жазба ескерткіштерінде «көк» сөзі «аспан» мағынасында қолданылған. Қазіргі қазақ тілінде «аспан», «көк», «тәңір» концептілері өзара тығыз байланысты тұрақты тіркестер құрайды: «көк тәңірісі», «көк аспан» және т.б. мұның өзі барлық түркі халықтарына тән, көне заманнан келе жатқан әлем бейнесінің семантикалық парадигмасы болып табылады. Сондықтан қазақ топонимиясында «көк» сын есімі арқылы жасалған біріккен атаулар біршама мол кездеседі. Оронимдер мен гидронимдерден туындаған *Көкбайтал* құдығы, *Көкбұлақ*, *Көкжал* қыстауы, *Көкқұдық*, *Көкпекті* төбесі, *Көкөсім* төбесі, *Көктас* құдығы, *Көктіқұдық*, *Көкше* құдық атаулары кейде түсті негіздейді. Қазақ өсімдіктің жасыл түсін көк деп атай береді. *Көкдомбақ* – мұндағы домбақ қазіргі тіліміздегі томпақ «дөңес», «*томпиған жер*» мағыналы сөзінің фонетикалық нұсқасы болып табылады. Яғни таудың пішінін, түсін, массивін айқындап тұр.

Топоним жасамда «қара» сапалық сын есімі өзінің негізгі мағынасымен қатысып, атрибуттық қатынастағы біріккен атаулар жасайтыны тізімнен анық көрінеді. Келтірілген топонимдер географиялық нысанның қара түсін білдіреді: *Қара* құдығы, *Қараадыр* қонысы, *Қарааудан* қонысы, *Қарабарақ* құдығы, *Қарабарақты* қонысы, *Қарабатыр* құдығы, *Қарабауыр* және *Қарабаян* төбелері, *Қаработа* бұлағы, *Қарабөкеже* құдығы, *Қарабұлақ*, *Қарағайлы* қыстауы, *Қарағалы* төбесі, *Қараған* төбесі, *Қарағансай* құрғақ арнасы, *Қарадиірмен* тауы, *Қаражал* қонысы, *Қаражамбас* ауылы, *Қаражар* төбесі, *Қаракешу* қонысы, *Қаракөл* соры, *Қарақия* ойысы, *Қарақозы* құдығы, *Қарақұдық* және *Қарақұл*

құдықтары, *Қарақұм* алабы, *Қарасаз* құдығы, *Қарасай* төбесі, *Қарасеңгірбек* қонысы, *Қаратөркөл* құдығы, *Қаратүлен* қонысы, *Қаратүс* бұлағы, *Қарашоқы* төбесі, *Қарашыңырау* бұлағы т.б. Мәселен Қаратау оронимі туралы белгілі топонимист Э.М.Мурзаев былай дейді: «Бұл атаудағы қара сөзі түспен байланысты, өйткені қаратауларда өзге таулардағыдай жаз бойы қар жатпайды» [8]. Автордың пікірі дұрыс, дегенмен қыста да қар тоқтамайтын тасты, тақыр тауларды Қаратау деп атау қалыптасқан. Ақ қарлы қыста қаратаулар қарауытып, ерекше бөлініп тұрады. Сонымен қатар қара сөзі өзінің ауыспалы мағынасында судың мөлдірлігін, тереңдігін бір нәрсенің молдылығын, кең көлемін (*Қарасаз*, *Қарақұдық*, *Қарақұм*) де білдіріп тұрады.

Түске байланысты атаулар көшпелі қазақтардың өмірінде ерекше маңызды орын алып, олардың шексіз дала алқабы мен тау алды жайылымдарында көші-қон кезінде белгілі қызметін атқарған. Топонимдердің басым көпшілігі тұрған жерінде бағыт-бағдарды оңай айқындайтын географиялық нысандардың айрықша белгісін білдіреді.

«Қоңыр» термині көбінесе жайылымдық термин негізінде қалыптасқан. Мысалы *Қоңыр* құдық, *Қоңырша бейіт*, *Қоңыржайлау*, *Қоңырорпа*, т.б. қарастыруға болады.

«Қызыл» сөзі негізінде қалыптасқан атауларды біз тау жыныстарының түсімен және гидронимдердегі атаулардың су ішіндегі ағзалармен тығыз байланысты қойылған деген пікірдеміз.

Қызыл құдығы, *Қызыладыр* қонысы, *Қызыластау* құдық, *Қызыләскер* ауылы, *Қызылжар* құдығы, *Қызылжар* қонысы, *Қызылқұдық*, *Қызылқұм* ауыл орны, *Қызылқұм* құмы, *Қызылой* құдығы, *Қызылөзен* ауылы, *Қызылсай* төбесі, кенті және жырасы, *Қызылсор* қонысы, *Қызылсу* ауылы, *Қызылсуат* құдығы, *Қызылтам* қыстауы, *Қызылтас* бұлақ атауларын кездестіруге болады.

Бұл нысандардың бәріне ат қоюда айқындаушы уәждің түр-түс екені даусыз. Жер бедері, топырақ, су ішіндегі ағзалар, қызыл түсті тау жыныстары (граниттер) т.б. да қызыл түсті немесе қызғылттау болуы да мүмкін.

Қызыл сын есімі «қан түсті, қырмызы» түсті білдіріп, тілімізде біршама белсенді қолданылады. Оның сансыз көп мағыналарының ішінен жер-су атын жасауға түсті білдіретін тура мағынасында империялық елдер мен кеңестік дәуір туының түсіне байланысты пайда болған *саяси* термин ретінде қатысады.

Лингвистикада ландшафтының топонимиядағы көрінісі туралы мәселе когнитивтік әрекетке байланысты қарастырылып келеді. Зерттеушілер тіл мен нақты табиғи болмыс арасында аралық деңгей болып табылатын когнитивтік әрекет бар екендігін атап көрсетеді. Таулы Алтайдың топонимикасын зерттеген О.Т. Молчанованың пайымдауынша қоршаған орта белгілері, табиғи нысанның кеңістіктегі орны, пішіні, түсі жатады. Ландшафтының сыртқы көрінісін сипаттайтын белгілердің бірі болып табылатын түс категориясының алтайлықтарда 25 атрибуты тіркелген, жалпы алғанда алтай топонимиясының 14%-ын түспен байланысты атаулар құрайды [9].



«Сары» сөзі оронимдер мен гидронимдер, жайылымдық атаулардың құрамында жиі кездеседі. Бұл түспен байланысты атаулар гидронимдерде судың түсін, оронимдерде көбінесе тау жыныстарының түсін білдіреді. Ресейдегі Саратов қаласы атауының негізінде қазақ тіліндегі *Сарытау* жатыр. Уақыт өте келе, *Сарытау* атауы өзгеріске ұшырап, Саратовқа (мағынасыз) айналған. Ал Волгоград қаласының бұрынғы атауы Царицын қазақша, *Сарысу* өзен атауының бұрмалануынан пайда болған [10].

Қазақстанның құрғақ далалары мен шөл-шөлейттерінде аптапты, құрғақ жаз өсімдік жамылғысының тез қурап, жазықтың сары реңкке енуіне себепші болады. Бұл өз кезегінде қазақ топонимиясында *Сарыарқа*, *Сарыдала*, *Сарыөзек* тәрізді атаулардың қалыптасуына негіз болған. Осы ретте қазақ халқының ат қоюдағы айрықша бір ұстанымын да ескерген жөн: кей жағдайда халқымыз «ұзақ сонар», «кең-байтақ» деген ұғымды *сары* сөзі арқылы жеткізген. Сондықтан қазақ санасындағы Сарыарқа сары түсті ұсақ шоқылар ғана емес, кең байтақ аумақ болып табылады [1].

Сарыбас бейіті, *Сарыбұлақ*, *Сарыкеткен* қыстауы, *Сарынияз* құдығы, *Сарыой* қонысы, *Сарытақыр* қонысы, *Сарытас* бұлағы және қыстауы, *Сарытөбе* қыстауы, *Сарытөрткіл* төбесі, *Сарышоқы* құдығы, *Сарышоңай* құдық атаулары Маңғыстау өңірінде көрініс тапты.

Е. Қойшыбаевтың көрсетуінше, сары сөзінің түп төркіні сар иран тілінен енген, яғни «кең», «басты», «негізгі» және «айқын» дегенді білдіреді. Қазақ оронимиясында кейбір түр-түстік сын есімдер семантикалық өзгеріске ұшырап, өзінің алғашқы түрдегі мағынасын басқа, екінші туынды мағынаға ие болып нысандардың әртүрлі физикалық-географиялық ерекшеліктер туралы белгі беруші, көрсетуші қызметін атқарады. Көру арқылы қабылдау түсті ғана емес, географиялық нысанның көлемі мен пішінін де белгілейді [5].

Ал бұл өңірдің өткен тарихын үңіле зерттейтін болсақ, тарихи деректерге тілдік талдау жасасақ, талай күңгірт бола бастаған көне заман белгілері айқындала, саралана түсері анық.

Түске байланысты атаулар жайылымдық терминдер құрамында жиі кездеседі. Мысалы, *ақтебін*, *алатебін*, *алатамыр*, *керала*, *қараот*, *боз*, *қоңыр*, *шұбар*, *шұрат* т.б. атаулар ландшафт ерекшеліктерінен нақты ақпарлар береді. Сарыарқаның бетегелі, қауданды, қияқты, бидайықты, боз отты жерлері – малға қысқы жайылымға қолайлы болған. «Сары қарды теуіп жайылған, сары аязда жусаған, Сарыарқаны қыстаған жылқының жайы болмас па!»—деген сөз тегін айтылмаса керек. Біздің ландшафт пен топонимиканың байланыстарын ашуға бағытталған зерттеулеріміз табиғи ландшафт тұжырымдамасына негізделеді, яғни аумақ топонимиясына табиғи ландшафтыларының индикатор ретіндегі мүмкіндіктерін зерттеу болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Каймулдинова К.Д. Қазақстанның аридті аумақтарының топонимиясы: монография – Алматы « Те-солог » баспасы, 2010. – 280 б.
2. Кононов А.Н О семантике слов кара и ақ в тюркской географической терминологии // изв. атд. общ. наук АН Тадж. ССР вып 5, 1954. – С.85-88.
3. Конкашпаев Г.К. Цветовые слово в тюркских топонимиках - в кн: «Географические науки », Алма – Ата, 1969. – С. 72-83
4. Сапаров К.Т Қазақ топонимдерінің геоэкологиялық негіздері. I бөлім . Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2008. – 307 б.
5. Керімбаев Е.Ә және т.б. Оңтүстік Қазақстанның топонимикалық кеңістігі – Шымкент: «Кітап» ЖШС, 2007. – 352 б.
6. Бияров Б. Жер-су аттарының сөзжасамдық үлгілері: монография – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты , 2012. – 460 б.
7. Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. Атаулар сыры 3. – Алматы: Дайк – пресс, 2007. – 524 б.
8. Мурзаев Э.М. Тюркские географические названия. М.: Восточная литература РАН, 1996. – 230 с.
9. Молчанова О.Т. Проприальная номинация в свете когнитивизма //Вопросы ономастики. – 2006. - №3. – С. 7-18.
10. Мурзаев Э.М. География в названиях. М.: Мысль, 1984. – 170 с.



А. Әлімхан

*С.Аманжолов атындағы ШҚМУ қазақ тілі мен
әдебиеті кафедрасының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты*

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ТОПОНИМИЯСЫНДАҒЫ ОРЫС ТІЛІ ҚАБАТЫ

Қазақ жерінің көп қабатты топонимиялық жүйесінде орысша атаулар ауқымды орын алады. Сан ғасырға созылған қазақ - орыс халықтары арасындағы қарым-қатынас өз өрнегін географиялық атауларға түрлі қырынан сала білген.

Бірнеше ғасырды қамтыған қазақ және орыс елдерінің тарихи байланысы қазақ даласының қоғамдық-әлеуметтік өміріне, тіліне әсерін тигізбеуі мүмкін емес еді.

XVI ғасырдың өзінде Ресей қазақ даласына өз назарын аудара бастаған. Орта Азия және Шығыс мемлекеттерімен шекаралас жатқан қазақ жерлері арқылы ірі сауда жолдары өткен. Шығыс (Қытай, Үндістан, Ауғанстан т.б.) пен батысты байланыстыратын саяси және экономикалық маңызы зор қазақ жерлерінің Ресейге қосылуы Ресейдің шығыстағы сауда, экономикалық және саяси, әскер жағдайын жақсартта түсетіні анық еді. Сонымен қатар, қазақ халқының сол кездегі ауыр жағдайы, Жоңғар хандығы төндірген қауіп-қатер орыс және қазақ мемлекеттерінің өзара жақындай түсуіне себеп болды. Қазақтардың Ресей қол астына өз еркімен енуіне Ресейге барған сол кездегі қазақ елшілерінің әсері күшті болды. XVI ғасырда Ресейге Астрахань және Қазан хандықтары, XVI ғасырдың аяғында Батыс Сібір қарады. Соның нәтижесінде Ресей мен қазақ жерлерінің шекаралас болуы арқылы екі халық арасында сауда-саттық, саяси-мәдени және тілдік өзара байланыстың күшеюіне мүмкіндік туды [1;100-101].

XVII ғасырда Ресеймен көршілес аудандарда алғашқы орыс елді мекендері пайда болды. Орыс елді мекендеріне орысша атаулар қойылып, қазақ топонимиясында орыс тілінен енген топонимдер пайда бола бастады.

XVIII ғасырдың басынан азиялық елдермен байланысты жақсартта түсетін, қазақ жеріне ішкерілей енген «жаңа линиялар» пайда болды. Бұл линиялар әскери бекіністер орнату арқылы жүзеге асырылды. Бекіністерді өзара байланыстыратын аралық форпосттар тұрғызылды. Линиялар бойында Ресейден қоныс аударғандардың елді мекендері орналасты.

Шығыс Қазақстан территориясына жүргізілген «Ертіс казактары линиясы» бекіністер жүйесі – қазақ шығысында алғашқы орыс елді мекендерінің өмірге келуіне себеп болды. Ресей мемлекетінің саясаты мен экономикалық мүддесіне сай жаңа жерлерге қоныстану, елді мекендер салу XVIII-XIX ғасырларда қабындай дамып қазақ жерін толығынан қамтыды. Сонымен бірге, орыс атауларының қойылуы да жоспарлы түрде жүргізіліп отырды.

Қазақ даласындағы орыс тілінен енген топонимиялық атаулардың қалыптасу

кезеңдерін филология ғылымдарының докторы М.Мырзахметов екі кезеңге бөліп қарастырады:

- 1) Патшалы Ресей дәуіріндегі топонимиялық атаулар;
- 2) Қазан төңкерісінен кейінгі атаулар [2;71].
- 3) Жоғарыда аталған кезеңдердің алғашқысына «отарлау топонимдері деп баға берген ғалым Патшалы Ресей кезеңінде қалыптасқан атауларды қоғамдық-саяси жайттармен бірлікте қарай төмендегідей дәуірлерін көрсетеді:

а) 1731-1822 жылдар аралығындағы патша өкіметі қазақ хандықтарын сырттан билеп, протекторат есебінде ұстанған кезінде жер атауларын өзгертуді өте сақтықпен, қазақ даласының қас-қабағына қарай жүргізді.

ә) 1822-1867 жылдар аралығында хандық жойылып, аға сұлтандық ел билеу жүйесі енген соң, қазақ жерін «бөлшекте де билей бер» дейтін отаршылдық принцип негізінде көптеген әкімшілдік территорияларға жіктеді. Бұл тұста да рубасыларын бір-біріне айдап салып, отаршылдық саясатын оңай жолмен жүзеге асыру кезеңінде жер атауларын өзгерту әрекеті жиілеп, молыға түсті.

б) Үшінші кезеңдегі отаршылдық күшейген тұста, яғни 1868 жылғы «Жаңа нizam» ережесімен 1917 жыл аралығында отарланған қазақ жері мемлекет меншігі ретінде ресми түрде жарияланған соң, отаршылдық мазмұндағы географиялық жер атаулары мүлде күшейіп, барынша дамыды [2;73].

Осы кезеңдерді жаза келе М.Мырзахметов патшалы Ресей дәуірінде қазақ жерінде орыс атауларын қалыптастыруда қолданған мынадай амал-тәсілдерді атап өтеді:

1. Отарланған жаңа жерлерге Романовтар династиясындағы патшалар мен ұлы кінездардың отарлау ісіне тікелей араласқан әскери қолбасшылардың, генерал-губернаторлардың, патшашыл қайраткерлердің есімдерін қою тәсілі.

2. Православиялық дінбасылары мен миссионерлердің, әулие-әмбиелер мен дін қайраткерлерінің, діни мейрамдар мен атақты шіркеулердің аттарын елді мекендерге қою тәсілі.

3. Метрологиялық орталықтағы жер атауларын отарланған жаңа өлкеде қайталап қою тәсілі.

4. Жер-су аттарын калькалау, яғни орысшаға аударып қою тәсілі.

5. Романовтар династиясындағы патшалар мен бекзадалардың атына «Ново» деген үстеме сөз қосу арқылы да жергілікті жер атауларына кісі аттарын қою тәсілі ескерілді [2;72-73].

Қазақ даласында орыс атауларының пайда болуының Ресей өкіметінің саяси бағытымен ұштасып жатқандығын латыштың орыс тілінде жарық көретін «Родник» журналының 1993 жылғы № 6 санында жарияланған 1894 жылы Петерборда басылған он төрт беттік құжат-кітапшадағы Ресей империясының барлық генерал-губернаторларына арналған міндеттерінен алынған мына бір үзінді дәлелдейді:

«...Елді мекен атауларын мүмкіндігінше орысша қою. Ескерту: мүмкіндік болмаған жағдайда елді мекен аттарын жергілікті тілден орыс тіліне ауда-



рып, қағаз жүзінде (әскери картаға, географиялық картаға, ғылыми мәні бар еңбектерге, кеңсе және іс-құжат қағаздарына түскенде, т.т.) оның орысша баламасының орнығуын іске асыру» [3;35].

Қазан төңкерісінен кейін кеңестік идеологияға сай қойылған атаулар тобы бел алды. Еліміздің топонимиясы Кеңес үкіметінің қайраткерлері мен әскери қолбасшылардың құрметіне қойылған және коммунистік саясат мүддесі әсерінен қалыптасқан орысша атаулар тобымен мольға түсті. Аттары ауыстырылған елді мекендерге 1990-ыншы жылдардағы байырғы атауларын қайта қою үрдісіне сай біраз атаулардың бұрынғы атаулары қайтарылды. Дегенмен, бірнеше ғасырлар барысында қалыптасқан орысша атаулар Қазақстанның барлық аймақтарында қабат құрайды.

Кірме қабаттың соңғысы болып табылатын – орысша топонимдер басқа қабаттар мен салыстырғанда өзіндік ерекшелікке ие. Бұл ерекшеліктер орыс атауларының ену уақытының жақындығына және олардың төл иелері болып табылатын орыс ұлты мен қазақ халқының күні бүгінге дейін қоян-қолтық араласа тұрып жатқандығынан туындайды:

1) Орысша атаулар жергілікті атаулардан оқшауланып, кірме қабат екені диахронды тілдік талдауларсыз да танылып тұрады;

2) Орыс қабатын құрайтын топонимдер, негізінен, өзгеріске түспегендіктен, олардың семантикасы айқын, құрамындағы морфемдік бөлшектері анық келеді;

Орысша атаулар жалпы Шығыс Қазақстан облысы бойынша, әсіресе, солтүстік-шығыс бөлігінде көптеп кездеседі. Бұл топонимдердің пайда болуы Ресейден қоныстанушылардың көшіп келуі мен тікелей байланысты. Алғашқыда біртіндеп басталған қоныстану – 1889 жылы Ресейде қоныстанушылар туралы негізгі заңның қабылдануымен бірге қауырт көбейе түсті. Ал 1906 жылғы Столыпиннің аграрлық реформасынан кейінгі «переселендердің» көшкіні Шығыс Қазақстанның оңтүстік аймағының атаулар жүйесін қысқа мерзімде өмірге әкелді. Орысша атауларды бұл аймақтағы ойконим, ороним, дромоним, дримоним, гидронимдердің барлығынан кездестіруге болады. Шығыс Қазақстанның оңтүстік аймағындағы орысша топонимдерді қалыптасу сипаты жағынан мынадай топтарға бөлдік:

1) Алғаш қоныстанған шаруалар мен сол аймаққа танымал болған помещик, кулактың, патша өкіметі қайраткерлерінің есімдерінен, тегінен және соларға қатысты пайда болған атаулар.

Мысалы: Корпачев, Парфений, Матвеевка, Славянка, Зуево, Архиповка, Черняевка, Куликово, Михаил, Пятигород, Самысовот.т.

2) Азамат соғысы мен Кеңес дәуіріндегі қайраткерлер мен әскери қолбасшылардың құрметіне қойылған атаулар мен белгілі бір жерді мекендеген адамдардың есімдері мен тегінен пайда болған атаулар.

Мысалы: Калинино, Пугачево, Ленинский, Крупская, Мичурино, Кирово, Буденновка, Гончаренко, Овчинников, Платовот. т. б.

3) Патша өкіметінің православиялық дінді уағыздауы мен билік жүргізуі нәтижесінде пайда болған атаулар.

Мысалы: Крестовка, Покровка, Рождественка т.т.

Сондай-ақ, Күршім ауданындағы Дарственное елді мекенінің атауы да патшалық Ресейдің қазақ жерінде жүргізген билігімен тікелей байланысты. Қыстау күршім ауылы маңында бір адам күрегін тасқа шыңдап алмақшы болғанда, әлгі тас жылтырайды. Ол 33,5 кг құйма алтын екен. Алтын губернаторға сыйға тартылады. Губернатор алтын сыйлаған адамдарға жер береді. Сол сыйға тартылған жер қазіргі Дарственное ауылының жері екен. Алтын қазір Санкт-Петербург мұражайларының бірінде сақталған.

4) Кеңестік өмір салты мен коммунистік идеология әсерінен қалыптасқан атаулар.

Мысалы: Октябрьское, Майский, Юбилейный, Комсомол, Победа, Красный Партизан, Пятилетка т.т.

5) Мемлекеттік объектінің орналасқандығына байланысты атаулар.

Мысалы: Мараловодное, Дом отдыха, Дойка, Хлебный, Сливочное, Откорм, Питомник, Конное, Кормоцех, Детдом, Доручасток, ЛТО, ЛСП, Мальковое, Бруссовой, Точильный т.т.

6) Мекеннің қасиетіне, орналасқан жеріне, ерекшелігіне, флорасы мен фаунасына қатысты атаулар.

Мысалы: Каменный, Вершина, Заречное, Кардон, Зеленое, Золотой, Озерная, Половиха, Поперечный, Текучка, Сланная, Центральная, Стандарт, Тополевка, Седло, Приозерное, Прииртыш, Увал т.т.

7) Жергілікті жер-су атауларын толық және жартылай калькалау нәтижесінде және қазақша атаулардың орыс тілі заңдылықтарына сай өзгеріске түсуіне байланысты қалыптасқан атаулар.

Мысалы: Маралды – Маралиха, ТеріскейБөкенбай – Северный Бокенбай, КүнгейБөкенбай – Южный Бокенбай, Ақмола – Белая Могила, Бесжылдық – Пятилетка, ҚараЕртіс Черный Иртыш, КішіЖеменей – Малый Жеменей, ҮлкенБөкен – Большая Буконь, Ақмектеп – Белая Школа т.т. Ал, Большой Мараленок, Малый Мараленок – «марал», Таловочка – «тал», Чаловка – «шал» сөздерінен пайда болған. Бұл топонимдерді зерттеу нысанымыздағы топонимиялық нақтылы дәлелдері деп тани аламыз.

Қазақ тілінде атауы бола тұра орысша ат қойылған елді мекендердің бұрынғы атауларын қайтару қозғалысы барысында Шығыс Қазақстанның аудандарында бірқатар елді мекендердің орысша атауларының орнына қазақша байырғы атаулары қайтарылды.

Аймақтағы орысша атаулар тек тарихи жайттардың табы сіңген, қоғамдағы саясаттың ғана куәсі емес, ол орыс тілінің сөздік қорынан қалыптасып, тілдік заңдылықтарға бағынатын, этностың таным – түсінігінің көрінісін беретін айшықты сөздердің ұтымды қалыптасуы. Мәселен, қазақша Қиын бұлақ деп



аталатын өзен бар. Маралды елді мекенінен жеті шақырымдай қашықтықта орналасқан мекенге жету үшін сол өзенді сегіз рет кесіп өту керек екен. Осы өзеннің орысша атауы – Путочная. Өзеннің ерекшелігін қазақша атауы қаншалықты дөп басып берсе, орысша атауының да ұтымды екенін мойындаған жөн.

Қазақтар Иіртау деп атаған таудың Пьяная гора деген атауы да тау бедерін өзіндік ерекшелікпен суреттеген.

Ал Өскеменнен Күршімге барар жолда үнемі уілдеп жел соғып тұратын асу бар. Осы асудың атауы – Тещин язык –орыс ұлтының психологиясына тән ерекше атау. Өйткені, қазақ ұлты жерді ешқашан ененің тіліне теңеп атау қоймайды.

Сонымен, Шығыс Қазақстан обылысының оңтүстік аудандарында орыс атаулары топонимиялық субстрат құрайды. XIX ғасырдың екінші жартысынан басталатын орыс тіліндегі жер-су атауларының ену кезеңдері бірнеше ғасырды қамтитындығы белгілі болып отыр. Тілімізге сіңісіп, санамызда орнығып қалғандықтан, оларды Тәуелсіздік талаптарына сай өзгертуді жылдамдату баяу жүзеге асып келеді, дегемен қазіргі жүріп жатқан жұмыстар уақытымен өзінің мәерісіне жетеді деген сенім үлкен.

Әдебиеттер тізімі:

1. Орталық Қазақстанның жер-су аттары. – Алматы: Ғылым, 1989. – 256 б.
2. Мырзахметов М. Қазақ қалай орыстандырылды. – Алматы: Атамұра – Қазақстан, 1993.- 128 б.
3. Мендеке Ә. Жебей жүр бізді, ҚызылЖебе // ЕгеменҚазақстан. 6.12.1994.
4. Очерки истории Рудного Алтая. – Усть-Каменогорск, 1970. – 200 с.

С. Негимов

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы*

Ономастиканың түп-тамыры – ұлттық дүниетаным мен халық тарихы

Дәстүрлі тарихи жер-су атаулары – халықтың рухани тарихы және оның ұлттық санасы, философиялық дүниетанымы, сұлулыққа, көркемдікке деген көзқарасы. Ендеше, Тәуелсіздігімізді, Елдігімізді, Мемлекеттігімізді мейлінше берік орнықтыру мақсатында ежелден ел санасында қалыптасқан төл атауларымызды жаңғырту, қайта атау – отаншылдық, ұлттық рухымызды асқақтатары хақ.

Ономастика дегеніміз география, этнография, фольклор, тарих, мәдениеттану, лингвистика, сөз өнері ілімдерімен тұтаса байланысқан ғажайып бір әлем. Оның тарихилық, әдеби-мәдени, тағылымдық құндылықтары да өлшеусіз.

Ғұн заманынан сыр шертетін Сарыарқа төріндегі Талас, Тарты, Бұланты, Моншақты, Сілеті, Өлеңті, Шідерті, Қодан, Мыржық, Бағылан, Тентек тағы басқа топонимдер көненің көзіндей қастерлі.

Қытай жылнамасында Ғұн тауы – Алтай тауы дегенді білдірген. (Әлкей Марғұлан. Ежелгі жыр, аңыздар. Алматы, 1985, 57-бет).

Ұлт мәдениетінің Бас кітабы – Қорқыт Ата кітабында Арқа, Алатау, Қазылық тауы дейтін байырғы атаулар бар.

Еуразияның ұшы-қиырсыз кеңістігінде түркі топонимдері жеткілікті. Мысалы: Айдар (Украина), Айм (РФ), Алтынай (РФ), Батагай (РФ), Кайнар (Молдова), Карасу (Иран), Коктебел – Көк төбе (Қырым), Яссы – Ыссы (Румыния), Кизляр – қыздар (Дағыстан), Култук – қолтық (РФ), Карталы – Қара талды (РФ) тәрізді түркілік жер-су атаулары Ахмет Дүйсенбаевтың «Еуразия топонимдері» («Егемен Қазақстан», 2014 жыл, 26 ақпан) және «Түркі топонимдері» («Қазақ әдебиеті», 2012 жыл, 13 қаңтар, № 2) атты материалдарында көрініс тапқан.

Ежелден ата-бабаларымыз мәдени жаһандану жағдайында өмір сүрген, тіршілік еткен. Бұған ұлы қолбасшылар Мөде қаған, Аттила, Күлтегін, Шыңғыс хан, Бату хан, Берке (Береке) хан, Жошы хан, Бейбарыс сұлтан заманы айғақ. Және де қазақ жұрты Византияны – Үрім, Иранды – Ажам, Палестинаны – Кінған, Қытайды – Шың немесе Чина, Дамаскіні – Шам, Шри Ланканы – Сэрэнділ, Венгрияны – Мажарыстан, Египетті – Мысыр, Данияны – Даң, Швецияны – Сібеден, Германияны – Алмания, Чехословакияны – Шақалауакія, Жапонияны – Жапүния (қытай қазақтары – Жібін), Францияны – Пранс, Американы – Әмрике, Польшаны – Лехистан елдері деп, Европаны – Аурупа, Мюнхенді – Мүншен, Грузияны – Гүржстан, Кельнді – Келін, Пекинді – Бейжің, Кавказды – Қап, Қызыл теңізді – Күлзім деп атағандығы дәлел.



Испанияда Каталония, Францияда Каталаун дейтін жер аты бар. «Құтты алаң» деген мағынаға ие. Сақ тіліндегі «хата» «үй-жай» дегенді білдіреді. Ежелгі германдық тайпалар тілінде «гуттен – гут – құт (құтты)» дегенге саяды (Сатаев А. Тұңғықтағы тұнықтар. Астана, 2014, 11 бет).

Ертіс гидронимі 1) Орхон ескерткіштерінде 2) Монғолдың құпия шежіресінде 3) «Книга Большому Чертежу» тәрізді тарихи әдебиеттер де бар. Қазақ жұртында Ертіс өзенінің алуан-алуан көркемдік сипат-қасиеттеріне орай нешеме атаулары бар. Мысал: Бал Ертіс, Қыран Ертіс, Буыршын Ертіс, Алқабек Ертіс, Білезік Ертіс, ал Қаба Ертіс – Зайсан деп аталған. Бұл шын мәнісінде Жайсаң. Әрқайсысында телегей сыр, терең мағына бар. Бұл – халықтың дүниетану даралығы мен даналығын, көргіштігі мен кемеңгерлік болмысын танытады.

Немесе Атырау облысы Жылой ауданында Ақкиіз тоғай деген жер бар. Мұның мәнісі былай екен: Ел құрметтісі Қожаназар бабамыз (хас суреткер Әбіш Кекілбайұлының атасы) Айшуақ ханды ақ киіз төсеп қарсы алған. Содан бастап осылай аталған.

Астананың іргесінде, Ұлы Жібек жолының бойында ортағасырлық Бозоқ шаһары бар. Түптеп келгенде, бұ да қазақ өркениетінің куәгері.

1926 жылы Бейімбет Майлин. «Мәдениет мұралары» дейтін байыптамасында:

«Мәдениеттіліктің негізгі белгілерінің бірі – өткен заманның мәдениетін тауыса зерттеу. Ескі замандардан қалған мәдениет белгілерін, мәдениет мұраларын қорғап аман сақтау. Мәдениет мұраларын аман сақтау ғылым үшін керек нәрсе. Ғылым бұл мұралар арқасында әлдеқашан болып жоғалған мәдениеттің құрылысын, жолын зерттеп тарих шығарады, жаңа мәдениет жұмысына оңай жол табады...

1917-18 жылдарда, азамат соғысы уақытында қазақтар күйдірген тастан салған әдемі мектеп үйлерін «бұл ескі, Николай салдырған үйі ғой» деп, бұзып талап алды. Николай салдырмақ түгіл, арғы атасы Роман салдырса да, 40-50 бөлмелі күйдірген тастан салынған жақсы үйлер қазақ еліне пайдалы, қазақ даласына сән еді, мәдениет мұрасы еді.

Бұл – мектеп үйлерін, темірінен екі пар шелек істетіп алу үшін талап алу қазақ елінде мәдениеттің жоқтығының үстіне, қазақта мәдениет деген ұғымның жоқтығын, мәдениетті сүйетін қазақ бойында ондай мінездің жоқтығын көрсетеді.

Бұлай болғасын қазақ даласындағы мәдениет мұраларын қорғамай болмайды. Оларды қорғау жалғыз орталық үкіметтің қолынан келмейді. Орындардағы кеңестер, әсіресе, халық ағарту бөлімдері бұл мұраларды қорғауға, зерттеуге кірісулері керек-ақ. Бұл жұмысқа елдің араласуы керек. Елде ғылым ұйымдары ашылып, оқытушылар, кеңес қызметкерлері, партия мүшелері бастап түсуі керек.

Қазақ даласын бұрын жеті жұрт жайлады ма, жетпіс жұрт жайлады ма? Қандай жұрттар жайлады, қандай шаруашылық малданды, қандай мәдениеті болды – бұлардың бәрін зерттеп білу қазақ шаруасына қазақ мәдениетіне аса керек.

Қазақстан үкіметі буынын бекітті. Қазақстанда мәдениет жұмысы бекіді.

Қазақстан шаруашылығы түзеліп келеді. Қазақстанда да ескі мәдениет мұраларын есепке алатын, қорғайтын, зерттеп нәтиже шығаратын, аймақтану материалы есебінде бұларды мектеп бағдарламаларына кіргізетін, елге бұл мұралардың мәнісін түсіндіріп, елді талаудан тоқтатып, қорықша, күзетші ететін уақыт жетті».

Ұлт көсемі Ахмет Байтұрсынұлы: «Тарихтың қызметі – бүтін адам баласының яки бүтін бір жұрттың ... өткен өмірін болған күйінде айнытпай айту» деген қағидалы пікірі ұлттық санаға (тарихи, әлеуметтік, философиялық, мұсылмандық-түркілік, эстетикалық, экономикалық, мәдени көзқарастар жүйесі) қатысты. Мәселен, «Самара мен Бөкейлік губернелерінің шегі Тарғын деген өзен. Бұл өзенді орыс «Тұрғын», қазақ «Тарғын» дейді. Тарғын өзенінің күнбатысында Жанарыстан өзені, орыс «Ерұслан» дейді, Еділге құяды» деп жазады Әлихан Бөкейхан (Ә.Бөкейхан. Таңдамалы. Алматы, 1995, 364-беттер). Ер Тарғын, ел қорғаған тарихи тұлға. Мұны 1942 жылы «Правда» газетінде жарық көрген Илья Эренбургтің «Қазақтар» дейтін очеркінде: «Жеті мыңқолдық жау жасағына қарсы жалғыз шапқан Ер Тарғын ұрпақтарының намысы Мәскеу түбінде тағы бір мәрте жарқылдады» деп тебірене жазған-ды.

Халықтың суреткерлік көзқарасын, тапқырлығын, даналығын көрсететін мынадай гидронимдердің сымбат-көркі қандай десеңізші!

Ақтасты өзені – Есілдің сол жақ арнасы.

Мойылды өзені – Есіл өзенінің оң жақ арнасы.

Шортанды өзені – Есілдің оң жақ арнасы.

Өлеңті өзені – Ертіс өзені бассейні, өзен бұрылыстарында әртүрлі өсімдіктерге бай алаңқайлар бар.

Кәрі өзен – Есіл өзенінің негізгі арнасынан бөлінген.

Қарасу өзені – судың түсіне байланысты аталған.

Қызылсу өзені – топырақтың түсіне байланысты аталған.

Балықтыкөл көлі – балыққа бай көл.

Байдала көлі – мол маңдағы даланың кеңдігіне байланысты қойылуы мүмкін.

Тышқанкөл көлі – көлде ондатрлар есепсіз.

Жылтыркөл – көл бетіне түскен күн сәулесінің ерекше жылтырауынан.

Алакөл – көл бетінің толқын ұрғанда ала-құла болуынан аталған.

Ащыкөл – көлдің суының тұздылығынан аталған.

Батпақкөл – батпақты көл.

Шалқар көл – көл көлемінің үлкендігіне байланысты аталған.

Шөптікөл – көл жағалауының қарғатамырлы шөптің (шымды) болуынан аталған.

Нұра өзені. Монғол тілінде «нұра» – қирату, тангус – маньчжурша – «нұра» - жыралы деген мағынаны білдіреді.

Құланөтпес өзені. Аңыз бойынша, осы өзенде шортандар көп болғандықтан, малды судан өткізуге тосқауыл келтіріпті.



Теңіз көлі. Көл өзінің көлемімен таңқалдырады, сондықтан Теңіз көлі аталған.

Асаубалық көлі. Мұнда жыртқыш ірі балықтар мол.

Сұлтанкелді көлі. Ел аузында атақты Хан Кене нөкерлерімен осы көлдің жағасына келіп шатыр тігіп, аттарын суарып, дамылдаған.

Жұмай көлі. Жұмай батырдың есімімен аталған.

Шолақ көлі. Жақын маңындағы көлдермен салыстырғанда көлемі жағынан кішкентай болғандықтан Шолақ деп аталған.

Ащыкөл. Көл суының ащы болуына байланысты аталған.

Тұщыкөл. Көл суы тұщы болуына байланысты аталған.

Құмкөл. Көлдің жағалауы құмға толы.

Қыстау көл. Осы көлдің жағалауында ел адамдары ызғарлы қыстан аман-есен қыстап шыққан.

Шұңқыр көл. Көл шұңқырда орналасқан.

Шалқар көл. Осы жерге сәнін беріп тұрған көл.

Сабынды көл. Суы сабын секілді көпіретіндіктен осылай аталған.

Қорқылдақ көлі. Ертеректе көл суының көптігіне байланысты «Сулы» деп аталса, қазір жер асты бұлақтарының бұрқылдап көтерілуіне байланысты «Қорқылдақ» деп өзгертілген.

Ұялы Шалқар көлі. Көл Ұялы аттас ауылдың жанында.

Ши Шалқар көлі. Көл Ұялы аттас ауылдың жанында, жиегінде ши көп өскен.

Бабай көлі – кісі есімімен байланысты аталған.

Арықты көлі. Ауыл ортасынан ағатын арыққа байланысты аталған.

Саудыр көлі. Көл жағалауында құнарсыз шөптің өсуінен аталған.

Өтебай көлі. Көл маңында тұрған бай есімімен байланысты.

Бестөбе көлі. Көлдің жан-жағын бес төбе қоршап тұрғандай.

Нұрабай көлі. Бай есімімен байланысты.

Болғанкөл көлі. Бұрынғы кезде осы жерде Төртауыл және Темеш ақсақалдардың тұқымдары тұрған.

Алакөл өзені. Көлдің суы ащы. Көл бетінде толқын ұрғанда, бір жерінде ақшыл, екінші жерінде күңгірт көруінен аталған.

Қаңбақ көлі. Көл көлемінің кішкентай және дөңгелек болуына байланысты.

Шебік көлі. Қамыс басқан көл.

Босай көлі. Бозай батырдың есімімен аталған.

Ақ құдық көлі. Бұл көлдің жағасында жайлаудағы елді сумен қамтамасыз ететін бір ғана құдық болған.

Бескөл көлі. Көл бес бөліктен тұрған, кейін қосылып кеткендіктен «Бескөл» атауы сақталып қалған.

Есей көлі. Көшім ханның баласының кісі есіміне байланысты аталған.

Біртабан көлі. Көл көлемі кішкене, адамның бір ізіне ұқсағандықтан аталған.

Саумалкөл көлі. Жел соққан күндері су беті көпіріп, саумал қымыз тәрізді ағарған.

Күркілдек көлі. Жеті өзеннің қосылған жері, сондықтан сарқыраманың шуы алыстан естілген.

Жарқайың ауданының гидронимдері өздерінің жергілікті атауларын сақтап қалған.

Жаркөл – жағалауы жарлы болғандықтан аталған.

Қардыкөл – мүмкін қар суымен толатын шығар.

Барлыкөл – бай, балықты көл.

Сабандықкөл – жағалауы қамысты.

Алакөл – көл бетінің ала-құла көрінуінен.

Қасқакөл – жағалауы жұтан болуынан.

Балуанкөл – балуанның көлі.

Дамса ауылы. Орыс тіліндегі бір түсінікте атау қазақ тіліндегі Дәмдісу деген сөзден шыққан. Көне көздердің айтуы бойынша, ауыл маңында тастай қатты суы бар бұлақтар көп болған, сондықтан ауыл Дәмсу аталған.

Колутон өзені – бір аңыз бойынша, моңғол шапқыншылығы кезінде, Шыңғыс хан қар ерірдің алдында мыңдаған әскерін өзеннің арғы жағына өткізуге ыңғайлы жер іздеу үшін барлау отрядын жібереді. Өтетін жерді таңдап, өзен кедергі келтірмейді деп ханға хабарлайды. Шыңғыс хан әскері көп күндер жүріп өзенге таянғанда, өзеннің қар суы еріп, өзен тасып жатқан кез болатын. Шыңғыс хан қаһарланып барлау отрядын теріс мәлімет әкелгендері үшін осы өзенге батыруға бұйырады. Хан сол жерге лагерь құрады, келесі отряд айналып өтетін жол тапқанша өзен суының арнасы түседі де әскерлер еш кедергісіз екінші жағалауға өтеді. Сол кезден бастап өзен Колутон (моңғол тілінде «көрінбейтін кедергі») аталыпты.

Қоржынкөл. Көл атауы жайында аңыз бар. Жоңғарлар ауылды шауып, ең әдемі бойжеткен Күләшті тұтқынға түсіреді. Күләш үшін шатыр тігеді, жылаған қызды жұбату үшін алдына үйілген алтын қояды. Бостандыққа шығуды аңсаған қыз үйілген алтынның орнына өзінің сүйікті Қоржын түйесі болуын армандайды. Ойы шындыққа айналады, бойжеткен түйеге міне сала құтылуға тырысады. Қуғынды көрген Күләш түйеден түсе сала тауға қашады. Алтын түйе күнге шағылысады, сондықтан қуғыншылар қызды байқамайды. Қызды құтқарған түйе Қоржын алдында кездескен көлге түсіп, батып кетеді. Содан бері көл Қоржынкөл аталады, ал Күләш қашқан тау, аңғар-алтын аталады.

Қазақстанда таным-пайымыңды көріктендіретін һәм терендететін, қиял-сезімді қанаттандыратын мән-мағынасы сұлу жер-су атаулары жеткілікті. Айталық: Домбыралы, Көркем, Қарлығаш, Оғызбалық, Айғыр ұшқан, Күлегеш (Қарқаралыдағы жартастың аты, бір сөзінді жеті рет қайталайды) және т.с.с.

Я болмаса Ақмола облысында мағынасы кімескіленген «Ей», «Түнтүйгір» дейтін елдімекендер бар. Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданының орталығы Пресновка селосының дәл қасында Пресное көлі бар. 2012 жылы 88-дегі ақсақал соның байырғы атауын айтып бере алмады. Міне, отарлаудың ке-



сапаты. Отарлау саясатының негізінде пайда болған жасанды жер, су, елдімекен атауларын бір қаулымен-ақ келмеске кетіру абзал.

Ақмола облысының Щучье ауданында 60 қазақ отбасы мекен еткен «Новый Қарабауыр селосы» бар. Көзге сүйел, көңілге түрпі. Сол секілді Дмитриевка мен Николаевка. Алғашқысының төл атауы «Ұрымқай», кейінгісі «Аршалы» десе де қонымды. Өйткені, бұл жерде Аршалы өзені ағады.

Ономастика мен көрнекі ақпарат (жарнама) көздің ағы мен қарасындай, халықтың эстетикасы мен интеллектуалдық мәдениетінің көрсеткіші. Дұрыс жазу, әдеби тіл нормасы, транслитерация, транскрипция ерекше ескерілуге тиіс. Өйткені, ол – елдің маңдайы. Оған ең жақсы, ең таңдаулы, ең салықалы сөз барынша сауатты, көркем жазылуға лайық. Бұл – халықтың шығармашылық әлеуеті мен тіл мәдениетін анықтайды, тарихын танытады. Бабаларымыздың «халық қартаймайды, қара жер қартаймайды» деген сөзі бар. Ендеше, ономастикаға шынайы тарихи көзқарас пен ұлтжандылық қажет.

Бұл жөнінде Батыс Қазақстан облысы Орал қаласында 2015 жылдың мамыр айының 28-29 күндерінде ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс Комитетінің ұйымдастыруымен «Ономастика және көрнекі ақпарат мәселелері», **«Ономастика саласындағы нормативтік-құқықтық актілерді реттеу»** дейтін мәселелер бойынша Республикалық дөңгелек үстел өтті. Сөз жоқ, ономастиканың негізгі тармағы – жарнама тілі, көрнекі ақпарат – ұлттық болмыстың эстетикалық бейнесі, тәуелсіздігіміздің айғағы екендігіне айрықша маңыз берілді.

Ономастикада аса күрделі мәселенің бірі – елдімекенге, мектепке, даңғылға, көшеге, әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына т.с.с. кісі есімдерін беру. Ел ұғымында белгілі бір адамның байлығы, атақ-дәрежесі емес, ардақты істері, үлгілі, өнегелі дәстүрі мен мектебі, тарихи қызметі (интеллектуалдың өлімі – катастрофа ретінде қабылданатын) – қайраткердің нақты тұлғасын анықтайды. Жапонияда қайраткерге бір ғасырдан кейін айрықша назарға ілінеді екен. Қазақ жағдайында кейбіреулердің жасандылықпен дабыра-даңғазамен атағы шыққандарға топырағы суымай-ақ екі өкпесін қолына алып жүгіру әбестік, әдепсіздік. Тарихтың таразысын, таңдауын, талқысын қайда қоямыз?! Бүгінгі күнге шейін Абай «Қазақта Марабайдан асқан ақын жоқ» деп құрметтеген Қобыланды мен Ер Тарғынды ересен көркемдікпен, тереңдікпен толғаған жырауға ештеңе бұйырмаған. Бұған қарап Марабай жырауды ұмыттық деуге әсте болмайды.

Негізінде, кісі аттарын беруде аса сақтық керек. Алдымен, тарихи төл атауларды толық қалпына келтіру қажет.

Қ. Тілешова

*Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Практикалық қазақ тілі
кафедрасының доценті, филология
ғылымдарының кандидаты*

Тіл табиғаты сақталуының көрнекі мысалы

Қоғам мәдениетінің ажырамас бөлшегі ретінде көрнекі ақпарат, жарнама мәтіндері қалайық мейлі, қаламайық мейлі күнделікті өмірімізден орын алу-да, назарымызды аударуда, кейде саналы, кейде бейсаналы түрде түйсігімізге қатталуда. Қалың көпшілікке ұсынылатын нәрсенің қайсысы болсын әрі сапалы, әрі тиімді, әрі сыйымды болғаны абзал. Нарық заманымен бірге келген әр алуан бояулы, сан мағыналы мәтіндер – жарнамашының ғана мүлкі немесе соның ғана ырқындағы құбылыс емес. Көпке ұсынылған соң әлеуметтің көңілінен шығар, санасына салмақ, жүйкесіне жүк салмайтындай болуы қажет. Әлбетте, жарнама берушіге тосыннан пікір айту, жосықсыз жөн сілтеу дұрыс болмас. Дегенмен, сол жарнама мәтінінде ана тіліміздің, мемлекеттік тіліміздің нормалары бұрмаланып, жұлмаланып жатса, оған төзуге болмас.

Туған тіліміздің барлық нормалары, төл табиғаты бұзылатын орын – осы жарнама. Жарнамасы жетік, қазақшасы түзу қала сірә да, Қазақстанда жоқ шығар. Әуелден тілдік орта шайқалмаған Атырауға, Қызылордаға барыңыз, қазағы көп делінетін Шымкентке барыңыз, қазақ мәдениетінің ордасы – Алматыға барыңыз, қазағы сол Шымкентіңіз бен Алматыңыздан асқан бүгінгі Астанаға келіңіз, біреуінің де қазақ тілдегі жарнамасы қатеден ада емес. Сонда Қазақстанда орыс тіліндегі жарнаманың айна қатесіз жазылып, қазақ тіліне келгенде жарнама тілінің мүкістенетіні неге дерсіз. Сауал орынды, тіпті бүгінде жарнама тілі жай сауал болудан ашу шақыруға айналған. Бұл да орынды. Өзіміз ұялмасақ та, бабадан қалған тілден ұят. Қазақша жарнаманың қисық жазуын көріп, бізді күстәнәйайтындардан ұят. Осы күнделікті ұяттан құтылудың, бетімізді қызартқан қатеден арылудың жолы қайсы, әдісі не, уақыты қашан дегенге жауап іздесек, оның сылтауы көп болғанымен нақты жауабы біреу-ақ! Ол жарнама мәтіннің ең алдымен қазақ тілінде жасалмауында, яғни, бүкіл жарнаманың түпнұсқасы орыс тілінде дайындалады да, содан кейін барып, көп жағдайда, әйтеуір мемлекеттік тілге аударылу қажет емес, міндет болғандықтан қазақ тіліне әлдебір еріншек, әлдебір сауатсыз, әлдебір немкетті аудармашының көмегімен аударыла салады. Әлбетте, олардың ішінде тәуірлері де бар, жалпы елімізде басқа-басқа болмаса да екі тілді білетіндер өте көп. Бұл жағынан жалпы халыққа шаққанда пайыздық жағынан Қазақстан әлемдегі алдыңғы қатарлы қостілді ел болса керек. Бірақ аннан-мұннан ашылған жарнамалық агенттіктер ішінде кәсіби аудармашылар болмайды. Астанадағы қырықтан астам жарнама

Жарнама және көрнекі ақпарат



агенттіктерінің бірнешеуінде ғана аудармашылар бар, қалғандары таныстарынан, көршілерінен, көшеден сұрап алады. Оларға рахат, ал тілге машақат. Сонымен қазақ елінде барлық дерлік жарнама орыс тілінде туады. Жарнама ресми стильге, көркем стильге, публицистикалық стильге тағы қандай байырғы стильдер бар олардың ешқайсысына жатпайды. Бірақ жарнама мәтінінің бойында тілдегі сол стилдердің баршасына тән ерекшеліктері бар. Атап айтсақ, ресмилікке тән сөз қалыбы, әдебиетке тән астарлы, ауыспалы, бейнелі мағына, газет стиліне тән пафос деген сияқты. Сонда жарнама тілі әлдеқандай әмбебап стильге саяды екен. Ендеше, жарнама тілін бір тілден екінші тілге тәржімәлауда екі тілдің де барлық бояуын білмек, бүкіл сырын сезінбек ләзім.

Кез келген тіл жекелей алғанда тұтас жүйе. Ақпараттық жүйе, мағыналық жүйе, поэтикалық жүйе, стильдік жүйе, грамматикалық жүйе. Жарнама беруші өзінің мақсатына орай, осы жүйеде сөз тіркесін құрайды, сөйлем құрайды, бәлкім өзара берік байланыстағы бірнеше сөйлемдерді сабақтастырып, мейлінше тиімді жарнамалық мәтін жасайды. Бұл арада өзі ұсынатын қызметті немесе сататын тауарды өткізу үшін сол тілдің мүмкіншілігін барынша пайдаланғысы келеді. Мұнда жарнама мәтініне түсініктілік пен әсер қалай маңызды болса, ықшамдылық та соншалықты маңызды. Ендеше, жарнама беруші аз сөзбен көп мағынаны беруге тырысады. Осы мақсатына жету үшін ол тура мағынадағы сөздермен бірге ауыспалы мағынадағы метафораға, метонимияға, символға т.б. жүгінеді. Сол тілдегі фразалық тіркестер де жарнама мәтінінен ұшырасып жата-тыны сондықтан. Әлбетте, осындай поэтикалық тілдің көпшілік үшін әсері зор. Өйткені, әуелде әбден қалыптасқан бұл сөздер мен тіркестер жұртшылықтың санасына бірден әсер етеді, жарнамашыға керегі де осы. Себебі, жарнама – тамсандыру мен тықпалау құралы, жарнама – еліктіру мен еріту құралы, жарнама - жылы сөйлеу тәсілі. Ал, бұқара халықты оның өзінің санасында тұрған әдемі сөз кестесімен еліктірудің тиімділігі де жоғары болмақ. Бұл, әрине, жарнама дайындалған түпнұсқа мәтін үшін таптырмас тәсіл. Мәселен, *«Освежись в легендарной бутылке»*, *«Поймай удачу за хвост!»*, *«Всему молоку молоко!»* деген сияқты орыс тіліндегі жарнамалық мәтіндер кездеседі. Орыс тілінің фразеологиялық қорында «легендарный», «поймать удачу», «всему» деген сөздердің қалыптасқан мағыналық реңкі бар. Ал, қазақ тіліндегі «аңыз», «сәттілік», «барша, барлық, түгел, тұтас, бүтін» сөздеріне тән әрқайсының қолданылу реті бар. Айталық, «аңыз» сөзі бізде, негізінен, жанрға, тарихқа байланысты, «сәттілік» сөзі, негізінен, «сәтін салса» деген тіркес ішінде, ал, жинақтық, көптік мағынадағы «баршадан» басталатын сөздер бір нәрсенің немесе құбылыстың орыс тіліндегідей басы, негізі, төркіні негізінде қолданыла бермейді. Сондықтан жоғарыда келтірілген орыс тіліндегі мәтіндерді тікелей немесе жанама түрде ғана аударуға болады. Ал, мағыналық аударма жасаймыз десек, онда орыс тіліндегі кейбір сөздердің қазақ тіліндегі баламасы қолданылмай,

қазақ ойының ыңғайына орай аударма жасауға тура келеді. Мәселен, бірінші мысалды көшедегі жарнама мәтінінде: «*Serpin ал аңызға айналған бөтелке*» деп аударып қойыпты. Қазақта бөтелкені аңызға айналған деп айтпайды, айтпаған соң жазбайды. Енді осы ұғымды беру үшін әжептеуір ойлануға тура келеді.

Кез келген жазба сияқты жарнама мәтіні де сол тілде сөйлейтін адамдардың санасында белгілі бір ақпараттық, танымдық ұғым тудырады. Егер осындай ұғым жасай алмаса онда ондай жазбаның дұрыс болмағаны. Төмендегі мысалдарға назар аударайық:

*С FANTA проще, веселья больше! FANTA-мен оңай, шаттық өмір, алақай!
Выиграй свою мечту в Новогоднюю Ночь! Жаңа жыл түні өз арманыңды ұтып ал!
Встречай рассвет с NESCAFE GOLD. NESCAFE GOLD-пен таң шапағын қарсы ал!
Новое меню «каникулы в риме» время встречаться! Ас мәзірі «римдегі демалыс» кездесетін шақ!*

Мы создаем великое ты становишься сенсацией ты украшаешь этот мир. Біз әсемділік сыйлаймыз сен аңыз боласың сен әлемді жайнатасың[1].

Осы мысалдардан сапасыз аударманың көрінісі менмұндалап тұр. Яғни, жарнама дайындаушы бұлардың орыс тіліндегі нұсқасына ғана ерекше мән берген ал, қазақ тіліндегі нұсқасын әйтеуір тіркеу керек болған соң қоса салғандай әсер қалдырады. Мұндай немкеттілік пен мән бермеушілік орын алған кезде қазақ тіліндегі жарнаманың сапасы артпасы түсінікті.

Тіліміздің бай әрі бейнелі мүмкіндіктері бүгінгі жарнама тілінде толық өзін көрсете алмай отыр, дұрысы – көрсете алмаудамыз. Жарнаманың мақсаты – жұрттың назарын аудару десек, онда біз қазіргі жарнама мәтіндері арқылы қазақтілді көпшіліктің назарын бұра алмай отырмыз. Бұл арада қазақтілді тұрғындардың орыс тіліндегі жарнамаларға көздері мен құлақтары әбден үйреніп бара жатқанын және бұл мемлекеттік тілдің қолданыс аясы кеңейту барысындағы нарық заманындағы үлкен олқылықтарымыз екендігін сезінгеніміз жөн. Өміріміздің барлық саласына енген нарықтық қатынастар өзіндік жаңаша мәдениет жасауда. Оны керек немесе керексіз деп бос даурығудың қажеті шамалы, дамудың осы бағытын таңдаған екенбіз, оның себебі мен салдарын да мейлінше тиімді қабылдағанымыз жөн. Нарықтың бәсі – қызмет көрсету, затыңды өткізу. Сол қызметті кім пайдаланады? затты кім алады? десек, онда Қазақстандағы тұтынушының 67-68 пайызы қазақ, Астанада 75 пайыз қазақ. Осы көпшілікке айналған қазақтың көп дегенде 6-7 пайызы ғана өзінің ана тілінде тамағын сатып алуға, билет сұрауға, машинасына май құйдыруға дәрменсіз дейік, қалған барлығымыз қазақтың тілінде тамағымызды алмақ түгілі, дүкеншіге кеңес бере аламыз, қажет болса, тіпті ұрсудың да түбін түсіреміз. Бірақ, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі болғанына, көпшіліктің тілі екеніне қарамастан ол жарнаманың негізгі тілі бола алмай тұр. Біздің ойымызша, оның бірінші себебі жалпы қазақстандық қоғамда қалыптасқан мемлекеттік тілдің



қолданыс аясының тек декларативті сипатта болуында, екіншіден, орыс тілінің әлі де кеңестік кезеңдегідей сәнді, үстем тіл болуында, үшіншіден, дүкендер мен базарларда қайыстырған тауарлардың өзімізде емес, шетелдерден ағылуында, қызмет көрсетудің мемлекеттік емес тілді қолай көруінде. Осы негізгі үш себеп жарнама тіліне тікелей ықпал етуде. Енді оны басқа жүйедегі тілге тәржімаласак, онда бағанағы мағынадан түк әсер қалмайды. Қалатыны – тек сол зат туралы қарабайыр ақпарат қана.

Жарнама кеңістігінде қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесі қалайтындай толық басымдыққа ие болмауының үлкен бір себебі – «Жарнама туралы» заңның жарнамашыға шектен тыс мүмкіндік беріп: *«Қазақстан Республикасының аумағындағы жарнама мемлекеттік тілде және орыс тілінде әрі жарнама берушінің ұйғарымы бойынша басқа да тілдерде таратылады (орналастырылады)»* деп жазылуында[2]. Осыған сайсақ, онда біздің еліміздегі негізгі жарнама тіліне айналған орыс, ағылшын тілдерімен қоса, вьетнам, дари, бенгал тілдерінде де жарнама беруге болады. Заң осыны қуаттайды. Сондықтан, кезінде қабылданып қалған бұл құжатқа қазақ тілінің басымдығын қарастыратын қосымша бап енгізу қажеттілігі – уақыт талабы деп ойлаймыз. Әйтпесе, мемлекеттік тілге мән бермейтін кәсіпкерлер, жарнама мекемелері әлгі бапты арқаланады.

Жарнама – көшедегі, радио мен теледидардағы көрнекі немесе дыбысталған ақпараттардың жиынтығы, оның сауаттылығы мен безендірілуі, дауыстың тартымдылығы ғана емес, ол біз үшін тілдің халық санасына күнделікті сіңірілуі, көзіміздің, құлағымыздың тілдік ақпаратқа үйренуі, сондықтан жарнамаға оның жанрлық жағымен бірге, тілді насихаттаудағы маңызына да мән бергеніміз абзал. Қазіргі Қазақстан жағдайында орыс тілінің басымдығы айқын сезілсе, оған осы тілдегі жарнамалардың да үлесі үлкен. Өте үлкен. Сол себепті, жарнаманың мемлекеттік тілдегі нұсқасының болмауы немесе бар нұсқаның қате жазылуы қазақ тілінің қалың көпшілік мойындауға тиісті беделіне нұқсан келуімен барабар. Сол қателерді көрген, тыңдаған көз де, құлақ та қате жазылған, айтылған қазақ сөзіне емес, орыс тілінің сауатты жазуына, әдемі айтылуына елітеді. Сағат сайын, тәулік бойы күнделікті өмірде ұшырасатын орыс тілінің осындай жағымды ұсынылуы мемлекеттік тілге деген көзқарасты да қалыптастырады. Сондықтан, тағы да қайталасак, Қазақстанда жарнама мәтіндерінің түпнұсқа тілі мемлекеттік тіл болмайынша, көрнекі ақпараттарымыздың негізгі тілі, ең бастысы әсерлі тілі, тартымды тілі – орыс тілі болып қала береді. Біз кейде мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту орыс тілінің есебінен болмайды дейміз. Бұл жаңсақ түсінік. Қазақ тілінің өзінің заңды мемлекеттік мәртебесіне, бүгінгідей декларативті түрде емес, шынайы, толық ие болуы орыс тілінің есебінен болмақ. Бұл осы тілге деген қарсылық емес, үдерістің табиғи сипаты осыны тілейді. Айталық, барлық жиналыстар қазақ тілінде өткізілетін болса, онда мұндай үдеріс

бұрын орысша өткізіліп жүрген жиналыстардың тілін ауыстырудан тұрмай ма немесе қазір түпнұсқасы орыс тілінде дайындалатын құжаттарды бірден жаппай қазақ тіліне көшірсек, ол да орыс тілдің есебінен болмақ. Дәл қазір елімізде орыс тілдің іс жүзінде бастапқылық орында болуы мемлекеттік тілдің есебінен болып тұрғаны да айдан анық. Осыларды ескеріп, мемлекеттік тілдің өрістеуі орыс тілінің есебінен болмайды-мыс деген қате ұғымды қайталай беру жөнсіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Тілдік жаднама. Астана, 2013
2. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 19 желтоқсандағы жарнама туралы заңы. <http://adilet.zan.kz>



Т. Жанұзақ

*А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының профессоры,
филология ғылымдарының докторы*

Қ. Рысберген

*А. Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институтының
Ономастика бөлімінің меңгерушісі,
филология ғылымдарының докторы*

ҚАЗАҚ АЗАМАТТАРЫ АТЫ-ЖӨНДЕРІНІҢ ЕМЛЕ ЕРЕЖЕЛЕРІ ЖАЙЛЫ ҰСЫНЫМ

I. Жалпы қағида

1. Қазақ азаматтары аты-жөндерінің емле ережелері туралы бұл нұсқаулық (әрі карай - Нұсқаулық) «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабына және Қазақстан Республикасы Президентінің «Ұлты қазақ азаматтардың тегі мен әкесінің атын жазуға байланысты мәселелерді шешу тәртібі туралы» 1996 жылғы 2 сәуірдегі № 2923 және 2012 жылғы 4 ақпан, №265 Жарлықтарына сәйкес кісі есімін, әкесінің есімін және тегін ресми құжаттарда жазуды реттеу мақсатында әзірленді және барлық мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелердің күнделікті қызметінде басшылыққа алынады.

2. Нұсқаулық нормативтік құқықтық акт болып табылады және қазақ азаматтарының аты-жөнін, яғни өз атын, әкесінің атын, тегін әдеби тіл нормасына, қазақ тілінің орфографиялық, кей жағдайда орфоэпиялық ережелеріне сәйкес жазуды реттейді.

3. Баланың аталуы, әкесінің және тегін алуға құқығы және азаматтардың есімдері мен тектерін өзгерту, анықтама беру «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 тоқсанның 26, №518-IV Кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі әділет департаменттерінің Азаматтық хал-актілерін (АХАЖ) жазу бөлімдері тарапынан атқарылады.

4. Аты-жөндері өзбек, қырғыз, түркімен тілдерінде жазылған ұлты қазақ азаматтардың аты-жөндері қазақ әдеби тілінің нормасына сай рәсімделеді. Мыс.: Кутлумуратов Бохтиёр Юлдашевич қазақ тілінде Құттымұрат Бақтияр Юлдашұлы, Эсенбаев Ильяс Гуванчулы қазақ тілінде Есенбай Илияс Қуанышұлы, Шаршеев Эльдияр Кенеш улуқазақ тілінде Сәрсей Алдияр Кеңесұлы болып жазылады.

5. Әдеби көркем шығармалар мен ғылыми әдебиеттердегі, топографиялық карталардағы, мемлекеттік және меншік нысанына қарамайтын мекемелер мен ұйымдардың құжаттарындағы қазақ есімдерінің қазақша жазылуы және олардың орысша берілуі осы Нұсқаулық негізінде жазылады.

6. Қазақ тілінде қолданысқа түскен орыс есім-фамилиялары бастапқы тұлғасын толық сақтап, орыс тілінің орфографиялық заңы бойынша жазылады.

7. Қазақ есімдері Қазақстан Республикасында орыс тіліндегі (ресми тілдегі) нұсқасында да қазақ тілінің орфографиялық заңы бойынша, осы нұсқаулықты негізге ала отырып, мемлекеттік тілде жазылады.

8. Қазақ тіліне араб, парсы, монғол тілдерінен енген есімдер қазақ тілінің ішкі заңына сай қалыптасқан жазу, айту нұсқасында жазылады.

9. Бұрынырақта ономастикалық сөздіктерге, оқулықтар мен оқу құралдарына, әртүрлі тарихи-географиялық дереккөздеріне, сонымен бірге азаматтардың паспорты мен басқа да құжаттарына енгізілген қазақ халқының антропонимдерінің қате, бұрыс берілген транскрипциясы аталмыш нұсқаулық ережесі негізінде міндетті түрде түзетілуі қажет.

10. Батыс Еуропа және басқа шетел азаматтарының аты-жөні қазақ баспа орындарында, ғылыми-саяси әдебиеттерде, басқа да халықаралық басылымдарда, мемлекетаралық құжаттардағыдай өзгертілмей, бастапқы қалпында жазылды.

11. Нұсқаулықта көрсетілмеген жағдайларда аты-жөндерді дұрыс жазу туралы анықтаманы өкілетті органның сұрауы бойынша немесе жеке тұлғалардың өтініші бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты береді.

II. КІСІ АТТАРЫНЫҢ ЕМЛЕСІ

Дауысты дыбыс әріптерінің;

и, у дыбыс тіркесі таңбаларының қолданылуы

§1. А әрпі жалаң және күрделі тұлғалы кісі аттарының бас, ортаңғы және үшінші буындарында жазылады.

Ағабек	Агила
Азамат	Ажар
Айбар	Айбала
Айдаралы	Айбарша
Айтқали	Айсара
Байжанбай	Балымша
Байназар	Балғайша
Сайлаубай	Нарима
Саламат	Нұрбала т.т.

Ескерту: а) кісі есімдерінің бірінші сыңарларының бас жағында келетін [ж], [ш] дыбыстары мен [й] дыбысының ортасында келген [а] дыбысы көбінесе жіңішке [ә] болып айтылғанмен, жуан дауысты дыбыстың а әрпі жазылады. Мысалы: *Жайкен* (айтылуы Жәйкен), *Жаби* (айтылуы Жәби), *Жайлаубай* (айтылуы Жәйлаубай), *Шайым* (айтылуы Шәйім), *Шайгүл* (айтылуы Шәйгүл), *Шайзада* (айтылуы Шәйзада);

ә) кісі есімдерінің алғашқы не соңғы буындарындағы жіңішке дауыстылардың



әуенімен келесі не соңғы буында жіңішке айтылатын (естілетін) [ә] дыбысы әрпінің орнына **а** әрпі жазылады: *Ләззат* (айтылуы Ләзәт), *Ләйла* (айтылуы Ләйлә), *Жәмила* (айтылуы Жәмилә), *Әлила* (айтылуы Әлилә), *Ділда* (айтылуы Ділдә), *Сәбира* (айтылуы Сәбирә) т.т.

§2. **Ә** әрпі кісі есімдерінің бірінші, екінші буындарында да жазылады.

<i>Әбен</i>	<i>Әдемі</i>
<i>Әбдірәлі</i>	<i>Әлия</i>
<i>Бейсенәлі</i>	<i>Зәмзәгүл</i>
<i>Жұмәлі</i>	<i>Күләнда</i>
<i>Кәрімбек</i>	<i>Ләзиза</i>
<i>Сейдәлім</i>	<i>Мәншүк т.т.</i>
<i>Тәжібай</i>	
<i>Тәліп</i>	
<i>Шәмшәди</i>	

Ескерту: Бірқатар жалаң және күрделі тұлғалы кісі аттарының екінші буындарында келетін **ә** әрпі өзгеріссіз жазылады: *Дүрдәлі*, *Мүтән*, *Күләй*, *Күлән*, *Күләнда*, *Күләш*, *Күләсия* т.т.

§3. **Е** әрпі жалаң және күрделі тұлғалы кісі аттарының барлық буынында жазылады.

<i>Едіге</i>	<i>Елдана</i>
<i>Еділ</i>	<i>Еңлік</i>
<i>Елжас</i>	<i>Еркежан</i>
<i>Еламан</i>	<i>Жемісгүл</i>
<i>Есенбек</i>	<i>Зере</i>
<i>Жеңіс</i>	<i>Зейнеп</i>
<i>Жексен</i>	<i>Зейнегүл</i>
<i>Жетен</i>	<i>Кенжесгүл</i>
<i>Кенен</i>	<i>Мереке</i>
<i>Секен</i>	<i>Шекер т.т.</i>

Ескерту: Кейбір азаматтар басқа тілдер ықпалымен өз есімдері мен әке аты және ататектерін бұрмалап, мысалы: **Истаев** (Естаев орнына), **Исентаев** (Есентаев орнына), *Ишмұхамбет* (Ешмұхамбет орнына) өзгертіп қате жазып жүр. Бұл жайт қазақ тілінің орфографиялық ережесін бұрмалау болып табылады.

§4. **О** дауысты дыбыс әрпі жалаң және күрделі тұлғалы кісі аттарының бас, ортаңғы буындарында жазылады.

<i>Омар</i>	<i>Оразгүл</i>
-------------	----------------

Оңғар	Орынай
Ораз	Лола
Жандос	Таңиолпан
Тоқтар	Толқын
Тоқтасын	Тоғжан
Байторы	Толғанай
Сейфолла	Торғын т.т.
Тоққожса	
Тойбай	

§5. **Ө** дауысты дыбыс әрпі жалаң, күрделі тұлғалы кісі аттарының көбіне бірінші буынында жазылады.

Өркен	Бөрте
Бөжсей	Гөзел
Бөкей	Өзипа
Бөлтірік	Көркем т.т.
Дөненбай	
Көпжасар	
Көлбай	
Өскенбай	
Төлеген	

§ 6. **У** дауысты әрпі жалаң, күрделі тұлғалы кісі аттарының бас, ортаңғы, соңғы буындарында жазылады.

Уәйіс	Айшуақ
Уақап	Уәзипа
Уандық	Уәсила
Уахит	Ару
Уәли	Зәуре
Дәулет	Лаура
Дәуірбек	Сәруәр
Баубек	Бексұлу
	Жансұлу
	Нұрсұлу
	Інжу т.т.



§7. Ү дауысты әрпі жалаң, күрделі тұлғалы кісі аттарының бас, ортаңғы, соңғы буындарында жазылады.

Ұзақ	Ұлбибі
Ұлықбек	Ұлбике
Ұлықпан	Ұлбала
Бұғыбай	Ұлжан
Бұлқыш	Ұлту
Есенгүл	Ұмсынай
Жұмагүл	Ұлмекен
Керімқұл	Бұлбұл т.т.
Мақұлбек	

§8. Ү дауысты әрпі жалаң, күрделі тұлғалы кісі аттарының басқы, ортаңғы буындарында жазылады.

Үдербай	Бүбінай
Үмбет	Бүбиша
Үркімбай	Үбайда
Үсенбай	Үміт
Үсен	Үрзия
Үстем	Үрия т.т.
Бүркіт	
Жүнісбек	
Жүрген	
Жүрсін	

§9. И әрпі қазақ тіліне шет тілдерден енген есімдерде қосарлы [ый], [ій] дыбыстарының таңбасы ретінде де жалаң және күрделі тұлғалы кісі аттарында жазылады.

Иса	Иба
Исатай	Әлия
Имантай	Изатима
Ғали	Зағипа
Әли	Имара
Игісін	Ираида
Игенбай	Ирма
Игілік	Уазипа

Қиясбек	Сағира т.т.
Исламжа	

§10. **Ы, і** дауысты дыбыс әріптері кісі аттарының барлық буынында жазылады.

Ыбырай	Айғаным
Ыбырайым	Айғыз
Ықылас	Аққыз
Ынтымақ	Балым
Ырзабек	Тыныс
Ғалым	Тыныштық
Жарқын	Тыныштығұл
Қалыбек	Ырымжан
Тыныстан	Лашын
Ібітан	Сырғалы
Ізбасар	Ырзагүл
Ізгілік	Ілес
Ізтай	Іңкәр
Ізтілеу	Інжу
Ілебай	Ілімқан
Ілияс	Жібек
Іңкәрбек	Ақжүніс
Әжібай	Ақжібек
Беркімбай	Бүбіхан
Білгір	Бибінұр
	Бибісара
	Гүлсім
	Күлсін
	Мерейлі
	Мінаура т.т

Ескерту: Тіліміздегі **[ы],[і]** дауысты дыбыстарынан басталатын жалпы есім сөздердің кейбіреулерінің жалқы есімге ауысқанда **[ы]** дыбысының түсіп қалу заңдылығы байқалады. Олар:

Рымбай	Рымжан
Рысбек	Рысбала
Рысберген	Рысжан
Разы	Рыскул



<i>Райжан</i>	<i>Лашын</i>
<i>Рахмет</i>	<i>Лазы</i>

**Дауыссыз дыбыс әріптерінің және я,ю дыбыс тіркесі
таңбаларының кісі аттарында жазылуы**

§1. **Б, г, ғ, д** әріптері орфографиялық ережеде көрсеткендей сөздің, сол сияқты, кісі есімдерінің бас, орта және соңғы буындарында жазылады.

<i>Бағай</i>	<i>Балжан</i>
<i>Бағлан</i>	<i>Балғынша</i>
<i>Бабажан</i>	<i>Балдай</i>
<i>Бабай</i>	<i>Балгүл</i>
<i>Байғोजа</i>	<i>Балдайша</i>
<i>Бадамбай</i>	<i>Балзада</i>
<i>Бадыр</i>	<i>Балиша</i>
<i>Бегалы</i>	<i>Балымша</i>
<i>Бегеш</i>	<i>Батсайы</i>
<i>Бегімбет</i>	<i>Бегайым</i>
<i>Бекқожа</i>	<i>Бекдана</i>
	<i>Гүлжан т.т.</i>

§2. **Ж, з, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, ф, х, ш** әріптері де кісі есімдерінің басында, ортасында және соңында жазылады.

<i>Жалғасбек</i>	<i>Жазира</i>
<i>Жақсыбай</i>	<i>Жамал</i>
<i>Жамбыл</i>	<i>Жанар</i>
<i>Жанай</i>	<i>Жанерке</i>
<i>Жанмұрат</i>	<i>Жамиға</i>
<i>Жаңабай</i>	<i>Жаңылхан</i>
<i>Жапар</i>	<i>Зүлфия</i>
<i>Жарас</i>	<i>Әнипа</i>
<i>Жолшыбек</i>	<i>Сәуле</i>
<i>Заңғар</i>	<i>Разгүл</i>
<i>Кенесары</i>	<i>Рапия</i>
<i>Қасымбек</i>	<i>Рақия</i>
<i>Мұрат</i>	<i>Зибаиш</i>
<i>Мансұр</i>	<i>Зарина</i>

Несіпбай	Зағипа
Нұрлан	Кәмила
Рамазан	Кұнай
Сұлтан	Майра
Смадияр	Мәдина
Тоқтасын	Нұржамал
Фазыл	Нәзира
Халық	Разия
Шаймерден т.т.	Райгүл
	Сандуғаш
	Сәлима
	Тоғжан
	Танагүл
	Халида
	Халима
	Шайгүл
	Шәмишия
	Шамшат т.т.

Ескерту: [л], [р] дыбыстарынан басталатын, одан кейін а, ә, е, у, ұ, и әріптері келетін кісі есімдерінде **ы, і** әріптері жазылмайды.

Лекер	Лазым
Лесбек	Лашын
Ләшкер	Ләззат
Лесқан	Ләйлі
Лағыл	Ләтипа
Разы	Рымжан
Рай	Рыскүл
Райымбек	Рысхан
Райымжан	Рысжан
Райыс	Рысбала т.т.
Рақымбай	
Рамазан	

§3. **Л, р** әріптерінен басталып, одан кейін қысаң [ы],[і]дауысты дыбыстары келетін кісі есімдерінің басында (л, рәріптерінен бұрын) **ы, і** әріптері тұрақты түрде сақталып жазылады.



<i>Ыбырай</i>	<i>Ілімжан</i>
<i>Ылайық</i>	<i>Ілес</i>
<i>Ықылас</i>	<i>Іңкәр</i>
<i>Ынталы</i>	<i>Ынтызар</i>
<i>Ібіжан</i>	<i>Ырзагүл</i>
<i>Ібітан</i>	<i>Ізбайша</i>
<i>Ізбасар</i>	<i>Ілифа</i>
<i>Ізгілік</i>	<i>Інжу т.т</i>
<i>Ілияс</i>	
<i>Ізтай</i>	
<i>Ізтілеу</i>	
<i>Іңкәрбек</i>	

§4. **Ф, х, ч** әріптері орыс және шығыс, араб, парсы тілдерінен енген кісі аттарында жазылады.

<i>Фазыл</i>	<i>Фазила</i>
<i>Файзолла</i>	<i>Фариза</i>
<i>Фатхолла</i>	<i>Фаруза</i>
<i>Феликс</i>	<i>Фарзана</i>
<i>Хабиболла</i>	<i>Фарузия</i>
<i>Халел</i>	<i>Фироза</i>
<i>Хакім</i>	<i>Хабиба</i>
<i>Халид</i>	<i>Халида</i>
<i>Халық</i>	<i>Хатипа т.т.</i>

§5. **Һ** әрпі жазылуы дәстүрге айналған кісі есімдерінде сақталып жазылады. *Шаһарбай, Қаһар, Қаһарман, Гауһар, Жауһар т.б.*

§6. **Э** әрпі шет тілдерден енген кісі есімдерінде жазылады. Мысалы: *Эдуард, Эрнст, Эмиль, Элеонора, Элла, Эльвира, Эра т.б.*

§7. **Ю, я** әріптерінен бұрын *ы, і* әріптерінің де орнына *и* әрпі жазылады.

<i>Бахтияр</i>	<i>Әділия</i>
<i>Дәулетияр</i>	<i>Әлия</i>
<i>Дияр</i>	<i>Әсия</i>
<i>Жақия</i>	<i>Балқия</i>
<i>Құдияр</i>	<i>Бәлия</i>

Данияр	Ғалия
Ілияс	Жания
Мадияр	Дария
Молдияр	Ұрқия
	Сұлтания
	Күния т.т.

§8. Я әрпі түбірдегі дауысты дыбыстан кейінгі қосынды [й+а] дыбыстарының орнына да қолданылады. *Аяз, Аязбек, Аян, Аяпберген, Баязит, Баянбай, Ноян, Баян, Сая, Саят, Мая т.б.*

III. БІРІККЕН ТҰЛҒАЛЫ КІСІ АТТАРЫНЫҢ ЖАЗЫЛУЫ

§1. Екі және үш сөзден бірігіп жасалған, яғни көпқұрамды кісі аттары, негізінен түбірі сақталып жазылады.

Агабек	Айбала
Ағыбай	Айбарша
Байжанбай	Балғаным
Ержанбек	Бәдігүлжамал
Ерқұатжан	Бегайым
Ишанқұлбек	Гүлжан
Қаржаубай	Данагүл
Құлмұхамбет	Жұмабике
Тайжанбай	Нұрсұлу
Ырысқұлбек	Үмігүлсім т.т.

Ескерту: Соңғы кездері кейбір азаматтар өз есімдерін бөлшектеп **Бек-Әлі, Құл-Керім, Құрман-Ғали** тұлғаларында қолданылып жүр. Бұл ережеге мүлдем қайшы.

§2. Кісі есімдерінің бірінші сыңарларындағы қатаң дыбыс әуенімен оған қосылатын екінші сыңардағы **б, г, ғ, ж** әріптері айтуда қатаңдап, [п], [к], [к], [ш] дыбыстарына айналып кетсе де, жазуда бұл ескерілмей, әр сыңардың түбір тұлғасы сақталып жазылады.

Арысбек (Арыспек емес)	Ақбала (Ақпала емес)
Жақыпбек (Жақыппек емес)	Айбарша (Айпарша емес)
Кәріпбай (Кәріппай емес)	Ақбәтес (Ақпәтес емес)
Жеңісбек (Жеңіспек емес)	Жеңісгүл (Жеңіскүл емес)
Зиятбек (Зиятпек емес)	Тоқбала (Токпала емес)



<i>Есбай</i> (Еспай емес)	<i>Күлбара</i> (Күлпара емес)
<i>Күмісбек</i> (Күміспек емес)	<i>Сүйінбала</i> (Сүйінпала емес)
<i>Сәтбек</i> (Сәтпек емес)	<i>Танагүл</i> (Танакүл емес)
<i>Тасболат</i> (Тасполат емес)	<i>Ақбала</i> (Ақпала емес)
<i>Тұрапбай</i> (Тұраппай емес)	
<i>Жарасбай</i> (Жараспай емес) т.т.	

§3. Кісі аттарының бірінші сыңарының соңындағы **[н]** дыбысы **қ, ғ, к, г** әріптерінің алдынан келсе, айтылуда **ң** дыбысына айналады. Бірақ жазуда сөздің түбірі сақталады.

Аманқұл (Амаңқұл емес)
Жанқабыл (Жаңқабыл емес)
Барманқұл (Бармаңқұл емес)
Дүйсенқұл (Дүйсеңқұл емес)
Жанғазы (Жаңғазы емес) т.т.

§4. Біріккен тұлғалы кісі есімдері сыңарының соңғы әрпі **з** болып, екінші сыңары **ж** әрпінен болса, **з** айтылуда өзгеріп, **ж** дыбысына айналады. Бірақ жазуда кісі есімдерінің түбірі сақталады.

Бозжан (Божжан емес)
Бозжігіт (Божжігіт емес)
Оразжан (Оражжан емес)

§5. Кісі есімдерінің бірінші сыңарындағы **с, з** әріптерінің бірі **ш** әрпінің алдына келсе, айтылуда екеуі **ш, щ** әріптері болып естіледі. Бірақ жазуда түбірі сақталады.

Қосшыбай (айтылуы: Қошшыбай –Қощыбай)

§6. Екінші сыңары **қ, к** әріптерінен басталатын кісі есімдері екі түбірдің үндесу ыңғайына қарай жазылады. Алдыңғы түбір қатаң дыбысқа аяқталса, келесі сөзге қатаң **қ, к** әріптерін сақтап жазылады.

<i>Айткелді</i>	<i>Аққыз</i>
<i>Айтқожса</i>	<i>Ақкүміс</i>
<i>Бекқұл</i>	<i>Аққағаз</i>
<i>Досқара</i>	<i>Аққал т.б.</i>
<i>Құтқали</i>	
<i>Сейітқұл</i>	

§7. Бірінші сыңардың соңғы әріптері үнді, ұяң болып келсе, екінші сыңардағы сөздердің басқа әріптері қатаң [к], [қ] әріптерінен келсе, бұл қатаң әріптер айтылуда ұяңдап ғ,г дыбыстарына айналғанмен жазуда бұл құбылыс толық сақталып жазылады.

<i>Базаргелді</i>	<i>Айғаным</i>
<i>Байгелді</i>	<i>Ботагөз</i>
<i>Байғабыл</i>	<i>Жұмагүл</i>
<i>Байғанат</i>	<i>Нұрғайша</i>
<i>Жанғара</i>	<i>Нұрғаным</i>
<i>Жанғозы</i>	<i>Қарағыз</i>
<i>Жангелді</i>	<i>Дарағыз</i>
<i>Амангелді</i>	<i>Нұрғыз</i>
<i>Жұмагүл</i>	<i>Айғанша</i>
<i>Ергожа</i>	<i>Айнагөз</i>
<i>Малғара</i>	<i>Айғыз</i>
<i>Нұргелді</i>	<i>Ботагөз т.т.</i>
<i>Саргожа</i>	
<i>Тұңғатар</i>	

Ескерту: Кейбір жағдайда әйел балалар есімдеріндегі гүл сөзі естілуінше күл түрінде де жазыла береді. Мысалы: *Аманкүл, Бейсенкүл, Жеңіскүл, Күлтай, Күлжан, Күлжамал, Күлдария, Күлшара т.т.*

§8. Морфологиялық принциптен ауытқып жазылатын кісі есімдеріне тән құбылыс – біріккен тұлғалы кісі есімдерінің аралығында екі дауысты дыбыс қатар келсе, алғашқысы түсіріліп жазылады.

<i>Әбдуәли</i> (Әбдіуәли емес)	<i>Дәметкен</i> (Дәмееткен емес)
<i>Жұмахмет</i> (Жұмаахмет емес)	<i>Ұлмекен</i> (Ұлмаекен емес)
<i>Жұмаділ</i> (Жұмаәділ емес)	<i>Айшайым</i> (Айшаайым емес) <i>Бибажар</i> (Бибіажар емес)
<i>Кенжалы</i> (Кенжеалы емес)	<i>Бибайша</i> (Бибіайша емес)
<i>Қожахмет</i> (Қожаахмет емес)	<i>Бүбиша</i> (Бүбіайша емес)
<i>Молдахмет</i> (Молдаахмет емес)	<i>Ұлмекен</i> (Ұлмаекен емес)
<i>Торайғыров</i> (Торыайғыров емес)	<i>Жұмекен</i> (Жұмаекен емес)
<i>Серәлі</i> (Серіәлі емес)	<i>Дәметкен</i> (Дәмееткен емес)
<i>Бердәлі</i> (Бердіәлі емес)	
<i>Бердоңғар</i> (Бердіоңғар емес)	



§9. Кісі есімдерінің бірінші сыңары **н** әрпінен аяқталып, екінші сыңары **б, қ, м, п** әріптерінің бірінен басталса, **н** әрпі өзгермей жазылады.

Доспанбет (Доспамбет емес)

Атанбай (Атамбай емес)

Арғынбек (Арғымбек емес)

Байжанбай (Байжамбай емес)

Бейсенбей (Бейсембай емес)

Дүйсенбек (Дүйсембек емес)

Дүйсенбай (Дүйсембай емес)

Иманбай (Имамбай емес)

IV. БАС ӘРІПТЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

§1. Адамның төл аты, әкесінің аты және тегі (фамилиясы), сондай-ақ бүркеншік аты, лақап аты, қосымша аты (туып өскен елі, жеріне, кәсібіне байланысты немесе тарихи қосалқы аттар) бас әріппен жазылады.

1. Екі не үш мүшелі жүйе бойынша, бас әріптермен жазу.

а) өз аты; 2. әке аты; 3. тегі.

Мысалы: *Қаныш Имантайұлы Сәтбаев, Мұхтар Омарханұлы Әуезов, Найла Оразғұлқызы Базанова, Шарбан Батталқызы Баттал т.т.*

ә) екі мүшелі жүйе бойынша әке атына ұлы, қызы сөздерін қосып, бас әріппен жазылады: *Асқар Мұқанұлы, Айдар Жантуарұлы, Алтынай Ауғанбекқызы, Жұмагүл Ыдырысқызы т.т.*

б) өз аты мен әке атын қосымшасыз, бас әріппен жазу: *Айдос Абылай, Мұқан Көлбай, Берік Жұмәділ, Асылша Байназар, Алмагүл Берікбай, Сәуле Асан т.т.*

2. Бүркеншік аттар бас әріппен жазылады: *Бұйрас, Быж, Шаңқан, Малақай, Қойшы, Кедей, Қарабала* (Бейімбет Майлиннің бүркеншік аттары), *Манап, Шамиль, Дүйенбі, Жұмақан* (Сәкен Сейфуллиннің бүркеншік аттары), *Таңқыбай, Матай, Мерген, Бөкейше, Тілші, Марқа, Сақа, Ақжол, Қаптағай, Қордай* (Ілияс Жансүгіровтың бүркеншік аттары), *Қоңыр, Арқа, Арғын М.Ә.* (Мұхтар Әуезовтің бүркеншік аттары), *Бұйрас, Мәлтең, Бөгде, Қапсыңқа* (Қадыр Тайшықовтың бүркеншік аттары)

3. Лақап аттар бас әріппен жазылады:

а) жалаң және біріккен тұлғалы не екі сөзден бірігіп жасалған лақап аттар бас әріппен жазылады: *Бүкір, Қисық, Төкір, Бартбас, Байсеміз, Сабалақ, Сойдақтіс, Қасқыркөз, Телқара, Шойқара, Шойынқұлақ, Қарабала, Қасқұлақ т.т.*

ә) адамның мінез-құлқын, кескін-келбетін білдіретін лақап аттар және титул, атақ, лауазымды білдіретін сөздер кісі аттарының алдынан келсе бас әріппен, соңынан келсе кіші әріппен жазылады: *Ер Төстік, Ер Көкше, Ер Қосай, Алпамыс батыр, Қобыланды батыр, Қамбар батыр, Қозы Көрпеш, Асанқайғы, Бұқар жырау, Ақан сері, Біржан сал, Айранкөз Абыл, Бұжыр Мақан, Жыланкөз Ыбы-*

рай, Жылтырбет Төребай, Қасқабас Сәлім, Шегір Асаубай, Күлімкөз Бопыш, Қаракөз Айша;

б) аңыз, миф, эпсана кейіпкерлерінің, адам, төрт түлік, пірлері аттарының соңынан келіп анықтаушы тұлға ретінде айтылатын ата, баба, баб тәрізді сөздер кіші әріптермен жазылады. *Баба ата, Бекет ата, Бектау ата, Шақпақ баба, Болған ана, Домалақ ана, Найман ана, Дәу баба, Арыстан баб; Қамбар ата, Ойсыл ата, Шекшек ата (немесе Сексек ата), Шолпан ата т.т.*

V. ШЕТ ТІЛДЕРДЕН ЕНГЕН КІСІ ЕСІМДЕРІНІҢ ЖАЗЫЛУЫ

§1. Араб, парсы және шығыс тілдерінен ертеректе еніп, сіңіскен кісі есімдері жергілікті ерекшеліктерді ескере отырып, тіліміздің жазу заңдылығына сай қалыптасқан күйінде жазыла береді: *Мұхамет, Мұхамбет, Мұқанбет, Махамбет, Мақанбет, Махмет. Әли, Әлі, Бақыт, Бахыт, Ғали, Қали, Оспан, Ғұсман, Құспан; Омар, Ғұмар, Құмар, Жүніс, Жұныс, Жүніс; Нүсіп, Жүсіп, Дүсіп, Түсіп; Нұрмұхамбет, Нұрмағамбет, Нұрмұқанбет; Халық, Қалық, Хасан, Хұсайын, Құсайын; Ахмет, Ақмет; Абдырахман, Абдрахман, Әбдірахман, Әбдірақ; Айса, Ғайса, Қайса; Ыдрыс, Ыдырыс, Ідіріс, Ідріс; Ысқақ, Сқақ, Исқақ; Сымат, Ыс-мат, Самат, Смағұл, Ысмағұл, Сымағұл; Ысмайыл, Сымайыл, Исмайыл; За-кария, Захария, Зақария, Зікірия; Айша, Ғайша, Қайша, Хайша; Әлия, Ғалия, Қалия; Фатима, Бәтима, Патима, Пәтима; Гүлжәмила, Күлжәмила, Күлжан, Гүлжан; Уасила, Уәсила, Вазила; Хадиша, Қадииша, Қатиша, Бисенғали, Сисенғали, Күлбала, Күлтай, Жұмакүл, Айкүл т.т.*

§2. Араб тілінен енген «әл» артиклі бар қазақ азаматтарының есімі бірге жа-зылып, тұтас есім ретінде қабылданады.

§3. Тілімізге орыс тілінен келген және орыс тілі арқылы Батыс Еуропа тілдерінен енген есімдер орыс әдеби тілінің орфографиялық заңы бойынша өзгертілмей, бастапқы қалпында жазылып қолданылады. Мысалы: *Алексей, Александр, Андрей, Владимир, Виктор, Денис, Егор, Геннадий, Иван, Валенти-на, Галина, Ирина, Людмила, Екатерина, Люся, Лариса, Ольга, Оскар, Оксана, Артур, Марат, Роберт, Анжела т.т.*

Қазақ азаматтарының есімдері мен әке аттары және тектері қазақ әдеби тілінің нормасына сай, осы ережелерді жүзеге асыра отырып, Қазақстан Республикасы Президентінің «Ұлты қазақ азаматтардың тегі мен әкесінің атын жазуға байла-нысты мәселелерді шешу тәртібі туралы» 1996 жылғы сәуірдің 2-сіндегі және 2012 жылғы 4 ақпан, №265 Жарлығы бойынша жазылады.

VI. АТЫ-ЖӨНДІ ЖАЗУ ҮЛГІСІ

Қазақ азаматтарының аты-жөні мемлекеттік ономастика комиссиясының ұй-ғарымы бойынша **үш мүшелі нұсқада** жазылып қолданылады.



1. Кісінің өз аты, әкесінің аты, тегі (фамилиясы). Мысалы: *Жақан Оспанұлы Айдарбек, Молдан Бекетұлы Жомартбек, Бекболсын Асқарұлы Артықбай, Айша Омарқызы Асан, Ботагөз Саматқызы Бекжан, Гүлжан Ертайқызы Асылбек* т.т.

Ескерту: а) ұлты қазақ оралмандар Қазақстан Республикасының азаматтығын алған уақыттан бастап, олардың жеке куәліктері мен паспорттарындағы тегі, өз есімдері мен әке аттары қазақ әдеби тілінің нормасына сай, «Қазақ азаматтары аты-жөндерінің емле ережелері» жайлы Нұсқаулықтың «Аты-жөнді жазу үлгісіне» сай және Қазақстан Республикасы Президентінің «Ұлты қазақ азаматтардың тегі мен өз атын, әкесінің атын жазуға байланысты мәселелерді шешу тәртібі туралы» 2012 жылғы 4 ақпан, №256 Жарлығын басшылыққа ала отырып жазылады.

ә) Орта Азия республикаларынан оралған ұлты қазақ азаматтар Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі мен паспортын алу үшін өтініш білдірген кезде тегіне немесе әкесінің атына «ууулу, уулу, угли, кизи» сөздері жазылмай, қазақ әдеби тілінің нормасына сай «ұлы, қызы» сөздері қосылып, бөлек жазылмай, бірге жазылады. Мыс.: Асқар Асанұлы, Бекен Жанбайұлы, Гүлжан Базарбайқызы, Айгул Омарқызы. Сонымен қатар, аты-жөндері өзбек, қырғыз, түркімен тілдерінде жазылған ұлты қазақ азаматтардың аты-жөндері қазақ әдеби тілінің нормасына сай рәсімделеді. Мыс.: Кутлумуратов Бохтиёр Юлдашевич қазақ тілінде Құттымұрат Бақтияр Жолдасұлы, Эсенбаев Ильяс Гуванчулы қазақ тілінде Есенбай Ілияс Қуанышұлы, Шаршеев Эльдияр Кенеш уулу қазақ тілінде Сәрсей Алдияр Кеңесұлы болып жазылады.

2. Кісінің өз аты, әкесінің атына ұлы және қызы деген сөздерді қосып, бірге жазу. Мысалы: *Азамат Бектайұлы, Бақыт Қуатұлы, Нұржан Достайұлы, Гүлнар Бекбергенқызы, Алма Ақжанқызы, Мөлдір Мұқатайқызы* т.т.

3. Өз есімдерінен соң әке атын қосымшасыз жазу. Мысалы: *Шерхан Мұртаза, Тахауи Ахтан, Айдар Әбіш, Бектай Оңғарбай, Жолдас Жұман; Анар Омар, Асылша Жанболат, Күлайша Әбдірахман, Жәмила Қаратай* т.т.

Ескерту: ұлттық дәстүрімізге сайәрбір азамат өз әкесінің не атасының атын тегі ретінде жазуға ерікті.

§4. Аса бір салтанатты жағдайларда, ресми құжаттарда, сайлау тізімдерінде, жеке куәліктер мен паспорттарда бірінші тегі, екінші есімі, үшінші әке аты жазылады. Мысалы: *Асан Болат Бақытұлы, Айдар Бекжан Мұқанұлы, Райбек Гүлжан Сәрсенқызы* т.б.

§5. Әрбір азамат өз атын немесе әке аты мен тегін Қазақстан Республикасы «**Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы**» Кодексіне сәйкес осы Нұсқаулық негізінде өзгертуіне ерікті.

Ескерту: ә) Егер Жантуарұлы Бектай деген азаматтың жұбайы Иванова Тамара Егоровна оның тегіне көшкен жағдайда Жантуар Тамара Егоровна, болмаса Жантуарова Тамара Егоровна болып жазылуы өз еркінде.

б) Қоғабайұлының қызы Қоғабай Айжан Мұқанқызы болып жазылады.

КЕЗЕКТІ МӘЖІЛІС – КЕСІМДІ МӘСЕЛЕ

Ономастика – тіл білімінің ажырамас бөлшегі ғана емес, ел мен жердің тарихынан мол мағлұмат беретін құнды мұра. Ал Ономастикалық комиссия еліміздегі кез-келген нысандарға атау беру, берілген атаулардың транскрипциясын нақтылау, ел саясатына сәйкес жаңа атаулар беру және тарихи атауларды қалпына келтіру бойынша ұсыныстар әзірлейтін кеңесші ұйым болып табылады.



Үстіміздегі жылғы 23 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық саяси жұмыс комитетінің ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының кезекті мәжілісі өткізілді.

Мәжілістің күн тәртібінде екі мәселе қаралды. Оның бірі мем-

лекет меншігіндегі объектілерге, мемлекеттік заңды тұлғаларға және мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға атау беру, қайта атау жөнінде қорытындылар беру туралы болса, екінші мәселе Республикалық, облыстық маңызы бар қалалардың құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау бойынша республикалық маңызы бар қалалардың, облыстардың, ономастика комиссияларының қорытындыларына келісім беру мәселесі болатын.

Соңғы екі-үш жылдың бедерінде, ономастикалық атауларды беруге мораторий жарияланғаны баршаға белгілі. Мұның себебі «атамның аты – ауылға, көкемнің аты – көшеге» деген принцип артып кетіп, елге еңбегі сіңе қоймаған белгісіз есімдердің немесе нақты саланы дамытуға ешбір үлес қоспаған адамдардың есімдерін мәдени орындар, мектептер мен елді-мекендерге атау ретінде берудің үрдіске айналуы болатын.

Соңғы толықтырылған, өзгертілген заң ономастика саласындағы қордаланған мәселелерге жауап береді деп күтілуде.

Атау берудің жаңа сатылы механизмін сәйкес республикалық ономастикалық комиссия мүшелері кезекті отырысында облыс тарапынан ұсынылған атаулармен танысып, олардың қорытындыларына келісім беру немесе бермеу мәселесін дауысқа салды.

ҚАЗАҚ ОНОМАСТИКАСЫНЫҢ ЖАЙ-КҮЙІ

Ономастикалық атаулар – қоғаммен бірге жасап, біте қайнасатын этникалық мәдениетіміздің белгісі. Халқымыз «Жер-судың аты – тарихтың хаты» дегенде ономастикалық атаулардың ұлттың тарихынан, салт-дәстүрінен, таным-түсінігінен хабар беретіндігіне меңзесе керек. Ономастиканың тұғыры ұлттық мүдде екенін ескерсек, «қазақ ономастикасы елдігімізді насихаттауда, ұлт тағдыры үшін талай жан алысып, жан беріскен тарихи тұлғаларын ұлықтауда діттеген межеден шыға алып жүр ме?» деген сұрақ туындайды. Осы және қордаланған басқа да сұрақтарды шешпек ниетпен Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің тапсырмасы бойынша үстіміздегі жылғы 6 қыркүйекте ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының «Конституция» залында «Ономастика және көрнекі ақпарат: міндеттер мен ұсыныстар» атты өңірлік семинар-кеңес өткізілді.

Саладағы өзекті мәселелерге оң шешім іздеу мақсатында семинар-кеңестің жұмысына Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Ішкі саясат бөлімінен, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы

есепке алу жөніндегі комитетінен бөлім басшылары мен жауапты мамандар, облыс әкімдерінің орынбасарлары, облыстық тіл басқармаларының басшылары мен Ономастика және көрнекі ақпаратты бақылау бөлімінің мамандары, жетекші ғалымдар қатысты.

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі А.Балаева семинар-кеңесте еліміз-

дегі ономастикалық ахуалға кешенді шолу жасап, ономастикалық жұмыстардың бүгінгі жай-күйіне тоқталып өтті. Ономастикаға қатысты заңнамалық актілерге сәйкес елді мекендер мен оның құрамдас бөліктерін қайта атау жұмысын жандандыру, ономастикалық атаулар мен көрнекі ақпараттың дұрыс орналастырылуы мен жазылуын қалыптастыру бағыттары бойынша туындаған сұрақтарға Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті Арнайы есеп бөлімінің аға прокуроры Бекбол Амангелдіұлы кең ауқымда, мазмұнды жауап беріп, деректемелер мен көрнекі ақпаратты орналастыру бөлігінде Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталу мәселелеріне тоқталып өтті.

Қазақстан Республикасында Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында белгіленген мақсаттар мен міндеттердің бірі кезең-кезеңімен қоғам өмірінің негізгі салаларында тіл мәдениетінің нормативтік құқықтық базасын жетілдіру арқылы географиялық



объектілердің атауларын мемлекеттік тілде жазу, оны орыс және басқа да тілдерде транслитерациялаудың ережелерін әзірлеу, көрнекі ақпараттар мен жарнама мәтіндерін рәсімдеуді біріздендіру мен үйлестіру және бақылау болып табылады. Осы мақсат-міндеттерге қол жеткізу үшін 2013 жылдың 21 қаңтарында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ономастика мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң қабылданды.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасындағы тіл туралы заңның сақталуын бақылауды облыстық тіл басқармаларының мамандары жүзеге асырады. Жергілікті жерлерде орын алған деректемелер мен көрнекі ақпарат тілінің бұзылуына байланысты фактілерге қатысты барлық жұмыс түрлері «Деректемелер мен көрнекі ақпаратты орналастыру бөлігінде Қазақстан Республикасы тіл туралы заңнамасын сақтаудың тексеру парағын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 20 маусымдағы №173 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 1 шілдедегі №308 бірлескен бұйрығы негізінде жүргізіледі.



Алқа

Семинар-кеңеске қатысушыларға ономастикалық атауларды жетілдіру, өңірлердегі ономастикалық жұмыстарды оңтайландыру үшін дайындалған нақты әдістемелік ұсынымдардан тұратын жинақ таратылып, ұлттық ономастикалық атауларды біріздендіру мәселелері, қазақ тіліндегі жарнамаларды жетілдірудің кей жолдары қарастырылды. Облыстық тіл басқармаларының мамандарына әдістемелік көмек ретінде ұсынылып отырған жинаққа ономастиканы біріздендіру бойынша әдістемелік ұсынымдар, тарихи жер-су атауларының және тарихи тұлғалардың тізімдері, Астана, республикалық, облыстық, аудандық маңызы бар қала және басқа да елдімекендердегі көше атауларын жазу және орналастыру бойынша ұсынымдар, қазақ азаматтары аты-жөндерінің емле ережелері жайлы ұсынымдар енгізілген болатын.

Қолданысқа жақында ғана берілген ономастикалық бірыңғай электрондық базаның таныстырылымы кезінде семинар-кеңеске қатысқан сала мамандары жақсы лебіздерін білдірді. Мұндай ономастикалық қордың болуы саяси тұрғыдан ескіріп, елдігімізге сын әкелсе де, әлі күнге мызғымай тұрған кеңестік атауларды Тәуелсіздік мұраттарына сай жұртшылыққа рух беретін атаулармен өзгерту тәрізді өзекті мәселелерді шешуде өз септігін тигізеріне сенімдері мол екендігін білдіріп, игі бастамаға ақ жол тіледі.

«Atau.kz» ономастикалық электрондық базасы

«Жер судың аты – тарихтың хаты» деп ата-бабамыз тегін айтпаған. Кез келген елді мекендердің атауына қарап, сол жердегі тарихи оқиғалардан хабар алуға, ел намысын қорғаған ардақты азаматтары туралы мағлұматтарды білуге болады. Ономастикалық және топонимикалық атаулар халқымыздың тарихынан, салт-дәстүрінен, діни наным-сенімінен хабар беретін қайнар көздердің бірі болып табылады. Ономастикалық атаулардың электрондық қорын қалыптастыру халықаралық тәжірибеде кеңінен танымал. Атап айтқанда, Ұлыбритания, АҚШ, Германия, Қытай, Ресей сияқты елдерде бұрыннан қолданыста бар. Басқа да маңызды интернет ресурстары сияқты ономастикалық атаулардың виртуалды кеңістікте болуы – бұл саладағы жұмыстарды атқарудың тиімділігін арттырады. Ең бастысы, ономастикалық электрондық қор жасау тіл саясатындағы осы бағыттың жалпы көпшілік үшін ашық және қолжетімді болуына мүмкіндік туғызады.

Ономастикалық электрондық базаны ашудың негізгі мақсаты – қазақ ономастикасының біртұтас жүйесін жасай отырып, ішкі мәселелерін шешудің нақты тетіктерін орнықтыру болатын.

Ономастикалық электрондық базада Қазақстан Республикасындағы жер-су атаулары толығымен көрсетіліп, атауларды беру нормалары мен қағидалары да қамтылады. Жалпы жұртшылыққа арналып отырған бұл электронды база қай елді мекенде қандай көше аттары мен мәдени орындардың бар екендігі туралы мәлімет берумен ғана шектелмейді, көшелерге немесе мәдени орындарға ел өміріне еңбегі сіңген тұлғалардың есімін беру мәселесін реттеуде де өз үлесін қосары сөзсіз.

Ономастикалық электронды база 3 блоктан «Құқықтық-нормативтік база», «Ғылыми-тәжірибелік негіздері» және «Іздеу» блоктарынан тұрады. «Құқықтық-нормативтік базада» салаға қатысты құқықтық негіздегі құжаттар топтастырылады. Сонымен қатар бұл блок ішінде «Ономастикалық комиссиялар» айдары бар. Аталған айдарда Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясы туралы ереже, олардың құрамы туралы ақпарат беріледі.

«Ғылыми-тәжірибелік негіздері» блогында ономастикалық атаулардың тарихы, этимологиясы, жасалу ерекшеліктері туралы танымдық сипаттағы ғылыми және ғылыми-көпшілік, анықтамалық әдебиеттер мен мақалалар ұсынылады. Сонымен қатар «Ғылыми-әдістемелік негіздер» блогы: «Мақалалар» және «Кітапхана» айдарынан тұрады.

«Іздеу» блогы арқылы аталған қорды пайдаланушы өзіне қажетті ономастикалық ақпаратты теріп, сұранысын қанағаттандырады. Мәселен, іздеген өңірді жазған кезде оның бұрынғы және қазіргі атауы екі тілде беріліп, атаулардың өзгертілгені туралы ресми мәлімет қоса көрсетіледі. Сонымен қатар осы бетте «Ақпаратты интерактивті карта» орналастырылған. Картадан өзіне қажетті облыстың белгісін басқан кезде облыс туралы қысқаша ақпарат беріліп, инфографикасы көрсетіледі. Сонымен қатар «Іздеу» блогына қысқартылған атауларды жазып, атаулардың толық анықтамасын ала алады.

МАЗМҰНЫ

Тарихи топонимика

О. Асанғазы. Ақорда – алтын бағана.....	3
Қ. Бекішева. Қазақ батырлар жырларындағы жер-су атауларының поэтикасы....	6
Қ. Оразбаев, Б. Тасболатов. Ұмай ұғымы – Майлыкент, Майтөбе, Майбұлақ топонимикалық атаулығының негізі.....	11
М. Ескеева. Түркі этнонимдерінің көнетүркілік қабаты.....	16
Ж. Қоңыратбаева. Годонимия кұбылысы: тілдік-тарихи зерттелім тұрғысынан.....	24
Ш. Жарқынбекова, А.Маукара. Годонимдер жүйесіне атау берудің қазіргі принциптері.....	32
М. Қайырова. Прагматонимдер қала ономастикасының құрамадас бөлігі Топонимика.....	39
Б. Тілеубердиев. Қазақ ономастикасындағы дүниенің (ғаламның) топонимиялық бейнесі.....	45
Қ. Сапаров. Баянауланың түске байланысты атаулары.....	58
А. Әлімхан. Шығыс Қазақстан топонимиясындағы орыс тілі қабаты.....	64
<i>Жарнама және көрнекі ақпарат</i>	
С.Негимов. Ономастиканың түп-тамыры – ұлттық дүниетаным мен халық тарихы.....	69
Қ.Тілешова. Тіл табиғаты сақталуының көрнекі мысалы.....	75
<i>Антропонимика</i>	
Т.Жанұзақ, Қ. Рысберген. Қазақазаматтары аты-жөндерінің емле ережелері жайлы ұсыным.....	80
<i>Алқа</i>	
Кезекті мәжіліс – кесімді мәселе.....	95
Қазақ ономастикасының жай-күйі.....	96
«Атау.kz» ономастикалық электрондық базасы.....	98

РЕДАКЦИЯ ЕСКЕРТПЕСІ

Авторлардың стилі,
орфографиялық хақы сақталады.

Ш. Шаяхметов атындағы
тілдерді дамытудың республикалық
үйлестіру-әдістемелік орталығында
теріліп, беттелді.

Дизайнын жасап, компьютерлік нұсқасын дайындаған
С. Баубекова
Редактор Б. Оспан
Корректор М. Шіменбаева

Редакцияның мекенжайы:

Қазақстан Республикасы
010000, Астана қаласы,
Сауран көшесі, 7 А,
Тел.: 8 (7172) 40-83-97
Tilortalyk@mail.ru

Теруге берілген күні 15.11.2016 ж.
Басуға қол қойылған күні 28.11.2016 ж.
Пішімі 70х100 1/16. Шартты баспа табағы 8,0
Таралымы 1000 дана.
Тапсырыс № 1662

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы
"Полиграфкомбинат" ЖШС-нде басылды.
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.